

ӨРЛЕУ

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ
ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ»
Акционерлік қоғамының филиалы
«АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША КӘСІБИ ДАМУ ИНСТИТУТЫ»

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

№10 (70) 2024 Ж



«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы
Атырау облысы бойынша Кәсіби даму институтының

Х А Б А Р Ш Ы В Е С Т Н И К

Республикалық ғылыми – әдістемелік журналы
Журнал 2013 жылдан бастап екі айда бір рет шығарыла

БАС РЕДАКТОР -

Даулетова Роза Қабышқызы -
«Өрлеу» БАҰО» АҚ-ның
«Атырау облысы
бойынша Кәсіби даму
институты» филиалы директоры

Корректор –
Атолла Құралай Қайратқызы

Көркемдеуші және беттеуші -
Жеткерген Сара Алиқызы,
Тлемисов Турар Еркінбаевич

АҚЫЛДАСТАР КЕҢЕСІ

Идрисов Саламат Нұрмұханұлы – Х. Досмұхамедов
атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы –
ректор, педагогика ғылымдарының кандидаты.

Хасанова Жамиля Садыковна - Атырау инженерлік -
гуманитарлық институтының академиялық жұмыстар
бойынша проректоры, педагогика ғылымдарының
докторы, профессор.

Нагимов Шахман Нагимович - Х. Досмұхамедов
атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры.

Қылышбай Сүндетұлы – «Қазақстан салалық білім және
ғылым қызметкерлері кәсіподағының Атырау облыстық
ұйымы» қоғамдық бірлестігі төрағасы, тарих
ғылымдарының кандидаты

Даулетова Роза Қабышқызы - «Өрлеу» БАҰО» АҚ-ның
«Атырау облысы бойынша Кәсіби даму институты»
филиалы директоры.

Журнал Қазақстан
Республикасының Мәдениет және
ақпарат министрлігінде 2013 жылы
мамырдың 30-да тіркеліп, №13648-
Ж куәлігі берілген.
БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

060009 – Атырау қаласы, Авангард-
4 ықшам ауданы,
Адмирал Лев Владимирский,
Тел: 8(7122) 20-08-34
Факс: 8 (7122) 58-63-45
Ресми сайт: www.orleu-atr.kz

Пішіні – А4
Әріп түрі Times New Roman
Шартты баспа табақ – 10,1
Мақала қазақ, орыс, ағылшын
тілдерінде қабылданады.

Мақала авторларының
пікірлері редакция
көзқарасын білдірмейді.
Тапсырыс дайын
диапозитивтерден басылады.
Қолжазба қайтарылмайды,
мақалаларға пікір
жазылмайды



Құрметті әріптестер!

Сіздерді 5 қазан – Ұстаздар мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

«Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» — деген Ұлы Абай бабамыз. Сіздер жас ұрпақтың санасына сыналай енгізетін тәлім – тәрбие, үлгі — өнеге өлшеусіз. Сіздер – жастардың болашағын айқындайсыздар, бүгін еткен дәндеріңіз ертеңгі жеңісті — жемісті құнның қепілі. Ұстаз болашақ азаматтарды ғана емес, бүкіл болашақ қоғамды қалыптастырады. Еңбектеріңізге толағай табыс тілейміз!

*Ізгі ниетпен, «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы
Атырау облысы бойынша кәсіби даму институт ұжымы*



<i>Мұғалім іс-тәжірибесінен</i>	
Ахметкулова А.К. Бастауыш сыныпта эдьютейнмент әдістері арқылы оқу сауаттылығын арттырудың тиімділігі	6
Атчибаева Ж.Е. Ұлттық құндылық – әдебиет сабағында	9
Абулхасимова Э. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқытуда «Бас тас» ойынын қолдану	13
Бауыржанқызы Э.Б. Құғындалған абайтанушылар: Қайым Мұхамедханов	17
Ескалиева М.М. Математика пәнінен академиялық тапсырмаларды трансформациялау	22
Жумағалиева А.Ж. «Рекреациялық география» авторлық бағдарлама	25
Жайлашева Г.Ж. Increasing students' interest in learning through game elements of gamification	27
Жұмағалиев Б.Б. Көркем еңбек пәнінде оқытудың жаңа әдіс – тәсілдері арқылы оқушыларды шығармашылыққа баулу	31
Ибраева А.Б. Ерекше білім беруді қажет ететейін балаларды жалпы білім беру үдерісіне енгізудің шетелдік тәжірибесі	34
Саматова Ә.С. Создание урока на тему: «виртуальная экскурсия - как часть процесса обучения»: «создавая само совершенство: основания компании «golex»	39
Сатыбалдина Д. С. Көркем еңбек пәні арқылы оқушылардың шығармашылығын арттыру жолдары	43
Сапарова А.Н. Бастауыш сынып оқушыларының математикалық функционалдық сауаттылығы	45
Сатқанова Т. Қ. Building Critical Thinking Skills through Language Learning	46
Таңатарқызы Ш. Бастауыш сынып оқушыларына арналған ана тілі пәні бойынша сөзді тұтас оқуға үйрету жолдары	48
Тажимова Г.Т. Креативті шеберханада (дөңгелек үстел)	53
Ермекова Ш.Н. Балаларға математиканы үйретуде монтессори технологиясының ерекшеліктері	58
Тұрсынов Н.Т., Жолдасов А.Т. Білім алушының шығармашылық дербестігін қалыптастыруды жүзеге асыру сатылары	61
Қазанғапова А.М. Бастауыш сынып оқушыларының қазақ тілі және әдеби әдеби еттік пәндеріндегі оқу сауаттылығын қалыптастыру жолдары	65
Zhaxymbetova M.A. A Comprehensive Program for Enhancing Speaking Skills in School Students author's program	70
Исағалиева Г.Н., Сандибаева А.С., Аманғали Г.С., Саматқызы Н. Физика бойынша теориялық білімді қалыптастырудағы виртуалды лабораторияның рөлі	78
Үмбеш А.Е. Қазақ тіліндегі гендерлік сөздер қолданысының этнолингвистикалық сипаты	83
Батырғали Г.Ә. Математика сабағында тарихи материалдарды пайдалану	86
Шурабаева Б.Қ. Еңбек – табыс кілті және өмірлік құндылық	91
Камзина Н.А. Қазақ халқының музыкалық аспаптарын насихаттау арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастыру	93
Сатенова А. Көркем еңбек сабақтарында ұлттық өнерді дәріптеу	97



Шагирова Ж.А. Embracing Innovation in Foreign Language Teaching	101
Мақсот Б.Ғ. Шалқар көлі маңының биоалуантүрлілігі және оның экологиялық білім берудегі маңызы	105
Мансариева А.Т. Ағылшын тілі пәнінде оқыту мен білім берудің инновациялық технологияларын қолдану жолдары	109
Кенжеғұлова Ж.Қ. Тәрбиеші болу – бір бақыт	111
Ниетқалиева С.У. Тәрбиеші бойындағы адамгершілік пен мейірімділік	114
<i>Мектепке дейінгі тәрбие</i>	
Алдабергенова Н.Е. Балалардың балабақшаға бейімделуі	116
Танашева А.Ә. Мектеп жасына дейінгі даярлық сыныптарында сөйлеуді дамытуда эйдетика әдісінің тиімді тәсілдерін қолдану	116
Куптлеуова З.Ж. Балабақшадағы дамытушы ортаның жасақталуы	121
Омарова Қ.Б. Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру	124
Сарбасова А.Қ. Хаги – ваги ойыншығының балаларға тигізетін психологиялық әсері	127
<i>Сабақ жоспарлары</i>	
Абденова Г.Ж. Металдар және бейметалдар	128
Абдиева Д.Б. Математика пәнінен ерекше білімді қажет ететін оқушыларға арналған тапсырмалар жиынтығы	132
Бигалиева А.Т. А. Алтайдың «Прописка» әңгімесі	135
Мұхтарова М.М. Менің отаным - Қазақстан	139
Коктенова Э.А. Ұйымдастырылған ашық іс-әрекет	143
Тұрышева Ә.Қ. Ғ.Мүсірепов «Ұлпан» романы	146
Сембайқызы А. Заттардың қасиеті қалай өзгереді?	148
Өтешова А.А. Дауыссыз л мен р	152
Жауметова Н.С. Ғаламшарлар қандай болады?	158



БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЭДЬЮТЕЙНМЕНТ ӘДІСТЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Ахметкулова Ажар Камзаева

Алматы қаласы

*№132 гимназияның бастауыш сынып мұғалімі,
педагогика ғылымдарының магистрі, педагог - шебер*

Бастауыш сынып оқушыларының білім алу процесі көңілді, қызықты әрі тиімді болуы қажет. Эдьютейнмент – білім мен ойын элементтерін біріктіретін тәсіл, оқушылардың назарын аударып, оқу материалын жақсы меңгеруге көмектеседі. Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде эдьютейнмент туралы С.И.Ожегов «Оқыту арқылы кез келген білім, білік, дағдыларды беру және оларды ары қарай меңгеру процесі» [3] деп көрсетеді. Орыс тілінен аударғандағы «ойын-сауыққа» қарағанда мағынасы кең. Ағылшын тіліндегі мағынасы ойын-сауықтан рахат алуды ғана емес, сонымен бірге қызығушылықты, назарды ұстап тұруды білдіреді.

Эдьютейнмент тәсілдері арқылы білім беруді кім және қашан ойлап тапты? Шетелде бұл термин әдетте медиа- контенттің бір түріне жатады- оқу фильмдері, теле және радиобағдарламалар, компьютерлік бағдарламалар және ойын-сауық элементі бар қызметтер. «Эдьютейнмент» сөзін алғаш рет 1954 жылы Уолт Дисней «Шынайы өмірдің шытырман оқиғалары» деректі сериясын сипаттау үшін қолданған. 1974 жылы британдық зоолог Роберт Хейман бұл терминді National Geographic хабарларына қатысты қолданды. Қазіргі уақыттағыдай теледидар, компьютер кең таралмаған кезде, бұл өте ерекше нәрсе сияқты көрінді «Уау, керемет! Біз сабақта теледидар көріп отырмыз!» деп айтатындай. Ал қазіргі таңда теледидар, бейнеконтент ешкімді таңқалдыра алмайды. Сондықтан, принцип өзгеріссіз қалып «білім ойын-сауық» мақсатында «Балапан» телеарнасында заманауи білім беру бағдарламалары мен бастауыш сыныпта элементтері кеңінен қолданылады. Қандай телебағдарламалар екенін мысалмен түсіндіріп берейін. «Арни» - ізденуге, бәрін білуге құштар Арни есімді кейіпкердің шытырман оқиғалары туралы көңілді бағдарлама. Басты кейіпкер Арни уақытын ең ғажайып жерлерде-ойын-сауық саябақтарында, мұражайларда және табиғатта өткізеді. Балаларды айналасындағы заттармен, әлеммен таныстырады. Әр эпизодта Арни жас көрермендерге балалардың ой-өрісін кеңейтуге пайдалы ақпарат пен қызықты фактілермен бөліседі. Ол ғылыми жаңалықтар, табиғат құбылыстары туралы айтып, тіпті автокөліктерге шолу жасайды. Жарқын және түсінікті иллюстрациялар мен қызықты оқиғалардың көмегімен Арни ақпаратты жас көрермендер үшін қолжетімді және қызықты етуге тырысады. Балалар кейіпкермен бірге көптеген жаңа және қызық нәрселерді үйренеді. Әрбір эпизод өзінің есте қаларлық оқиғаларымен таң қалдырады. Балалар Арнидің кез келген жағдайда шабыттана алатын қабілетіне қызығады. «Балапан» телеарнасында эдьютейнмент қағидасын басшылыққа алып, түсірілетін бағдарламалар саны артып келеді. Соның бірі- «Біл, бала!» анимациялық мультихикаясында Домбыра мен оның адал достары- музыкалық аспаптар әртүрлі қиындықтарға тап болып, оларды жеңіп шығады. Осы жолда өздерінің музыкалық қабілеттері мен сазды әуендерінің сиқырлы күшін пайдаланады. Жобаның әр бөлігі музыкаға қатысты туындаған мәселені шешуге және табиғатты аялауға негізделеді. Басты кейіпкерлер сазды әуеннің көмегімен балаларға орта туралы түсінік беріп, табиғатты аялауға және құрметтеуге үйретеді. Келесі бағдарлама- «I bars». «I bars» 3-5 жас аралығындағы балалардан құралған топ «I bars» жобасында бақ сынайды. Қатысушылар әр кезең бойынша түрлі интеллектуалдық сұрақтарға жауап іздеп, жеңіске ұмтылады. «Еркем- ай» бағдарламасы балабақша жасындағы бүлдіршіндерге түстер, жемістер, жануарлар, пішіндер жайлы танымдық ақпараттар берілетін бағдарлама. Әр сериясына арнайы музыка жазылып, мәтініне сай қойылым қойылады. Бұл стиль балалардың ақпаратты тез қабылдауына ыңғайлы. «Кім тапқыр?» бағдарламасының мақсаты- балалардың зейінін дамыту, интеллектуалдық және логикалық сұрақтар арқылы ой ұшқырлығын шыңдау, баланың көпшілік алдындағы сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Аптаның бес күнінде эфирге шығатын ойындардың тақырыбы,



мазмұны әртүрлі болады. Мысалы, дүйсенбі жұмбақ, мақал-мәтел, жаңылтпаштан бөлек түрлі сұрақтарды қамтитын «Асық ату» ойыны болса, сейсенбі музыка тақырыбына арналған «Жеті нота» эфирге шығады. Жалпы бағдарлама аясында берілетін «Теңге ілу», «7 нота» «Дүлдүл», «Ойна, ойла», «Суреттер сөйлейді», «Сергіту», «Үйшіктер», «Сыңарын тап», «Күнделік», «Асық ату» ойындары балалардың ойын сергітіп, таным көкжиегін кеңейтуге негізделеді. Сондай-ақ ойын кезінде берілетін сан сауалдан бөлек, көрермендерге танымдық ақпарат та айтылады. Ал «Кім тапқыр?» бағдарламасының жеңімпаздарына арнайы сыйлықтар табысталады. Осы бағдарламаларының көмегімен бала мектепке дайындалады және ары қарай бастауыш сыныпта дами алады. Сонымен, эдьютейнмент білім беру ме әлде ойын-сауық па? Көңіл көтеру элементтерін көбірек үйрену ме әлде керісінше ме? Әлбетте, білім беру- бірінші орында. Танымдық, ойын-сауық бағдарламаларының негізі- білім беру болып табылады. «Қатысушылар нені үйрену керек? Нәтижені қалай өлшейміз?» бағдарлама мазмұны осы сұрақтарға жауап береді. Ал бастауыш сыныпты оқытуда эдьютейнмент қажет пе? Шынымен, ойын-сауықсыз оқу мүмкін емес пе? Бастауыш сынып білім алудың алғашқы сатысы болғандықтан кішкентай балаларды оқуға тарту, қызығушылығын арттыру қажет. Оларға сабақта зейінін шоғырландыру, оны ұзақ уақыт бойы сақтап тұру немесе қиын болып көрінген тапсырманы орындау оңай емес, тез жалығады. Ал эдьютейнмент тәсілдері оқу мазмұнына дұрыс кіріктірілсе, оқушыны оқу процесіне тартып, тез баурап алуға болады. Тағы бір маңызды жайт, ойын метафорасы, яғни бағдарламаға енгізілген ойын әлемі мен сюжеті оқу тақырыбымен тығыз байланысты болу керек. Ойын элементі, әдетте біз үйреткіміз келетін нәрсені түсінуге көмектеседі және қосымша мағыналарды ашады. Мысалы: эмоционалды интеллекті пайдалану үшін кейіпкерге көмек жасау үшін тапсырмалар орындайды. Бұл жақсы естіледі, бірақ көңіл көтеру үшін оқудың пайдасы бар ма? Өйткені, эдьютейнмент тәсілдерінде оқуға нақты мотивация жоқ деген де ой келеді. Джеральд Гроу эдьютейнмент үдерісінің төрт кезеңін анықтады: тәуелділік, қызығушылық, қатысу және өзін-өзі басқару. Алғашқы екі кезеңде эдьютейнмент тәсілдері арқылы оқыту қажет. Егер адам неліктен оқу керек екенін түсінбесе, біз эмоция қосу, оны жігерлендіретін кейіпкерлер, түрлі қимыл-қозғалысқа әкелетін ойын элементтерін қосу арқылы сабаққа қызықтырамыз. Практикада көрсеткендей, бұл тәсіл жұмыс істейді. Қызығушылық кезеңінде өз бетінше мотивацияның болмауы мүмкін. Сол кезде ойын-сауық элементтері қолдау құралына айналады. Ол оқушыны процеске кіргізіп, қызықтырады және оқу әдеттерін қалыптастыруға көмектеседі. Сабақ үстіндегі белсенділігі артып, тапсырмаларды қызыға орындаған кезде, эдьютейнмент маңызды болмай, қосымша тәсілге айналады. Ал олар шаршаған кезде тағы да қосымша мотивация беріп қолдау көрсетеді. Сондықтан мұғалім дәстүрлі әдіс-тәсілдермен қатар эдьютейнмент тәсілдерін баланста ұстағаны жөн. Сондай-ақ өзін-өзі ұйымдастырып, басқара алатын, мақсатына жету үшін жұмыс істей алатын, өздері оқуға ынталы балаларға ойын-сауық арқылы оқыту кейде ұнай қоймауы да мүмкін. Оларға білім қажет, ал қалғаны тек уақыт алып, ойымызды алаңдататын бос әурешілік деп те санайды. Сондықтан мұны мұғалімнің өз таңдауына қалдырып, сыныптың мектепке дайындығын ескерген дұрыс. Ал әдістің көп түрлілігі қажет-ақ. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Қай әдіс жақсы» атты көлемді мақаласында «Әдіс деген қатып семіп қалған догма емес. Жақсы дерлік те жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі- бір ғана әдісті болу, шеберліктің белгісі- түрлі әдісті болу» деп тұжырымдайды. Себебі, бірсарындылық оқу процесін дамытпайды. Сондықтан мен эдьютейнменттің негізгі қағидаларын басшылыққа ала отырып жұмыс жасаймын. Мұнда баланың бес сезім мүшесі бірге дамиды.



Эдьютейнменттің 3 негізгі қағидасы:

1. Баланы оқуға мәжбүрлемей;
2. Мұғалім емес, сабақта оқушының белсенді әрекет жасауы;
3. Заманауи технологияларды, түрлі платформаларды тақырыпқа сай қолдану. Жылдам оқу машығын дамытуға арналған әдіс-тәсілдер. **«Ара» әдісі.** (1-сурет)



Екі оқушы шығады. Бір-біріне антоним сөздерді айтады. Бір оқушы «қалың» деп айтады да араны «ұшырады». Екінші оқушы «жұқа» деп жауап беріп, араны «кері ұшырады». Бұл әдісте балалар қол қимылдары арқылы шапшаңдыққа, қойылған сұрақты зейін қойып тыңдауға дағдыланады. Ара «шағып алмас» үшін оқушы тез сұраққа жауап береді.

«Табан ізі» әдісі (2-сурет)

Бұл әдіс ақын-жазушылар туралы мәлімет айтуға, кейіпкерге мінездеме беруге өте жақсы, тиімді. Балалар тақтаға шығады. Мұғалім сұрақ қояды.

- Балалар, *Ыбырай Алтынсарин* кім? (Балалар табан ізін баса жүріп, *Ыбырай Алтынсарин* туралы 5 мәліметті айтады.)

- *Ағартушы, жазушы, мектеп ашқан, «Қазақ хрестоматиясын» жазған, «Дала қоңырауы» атанған.* Келесі оқушы басқа мәліметтерді айтуы керек. *«Атасының тәрбиесінде болған, Қостанайда дүниеге келген» т.с.с*

«Қолшатыр» әдісі (3-сурет) «Қолшатыр» әдісінде балалар сағат тілімен қозғалады. Қай жаңбыр тамшысы «тисе», сол тамшыдағы сұрақтарға жауап береді. Бұл әдістің тиімділігі оқушыларда дене белсенділігі болады, орнынан тұрып әрі-бері қозғалады. Сабаққа белсенді қатысады. Қызығушылықтары артады. Бір ұжым екенін, әрқайсысы ұжым мүшесі екенін сезінеді.

«Тарсия» әдісі (4-сурет)

Арнайы бағдарлама арқылы пазлға сұрақтар жазылады. Сұрақтар жауабы келесі пазлда болады. Балаларға сұрақтар таратылады. Олар сұрақтың жауабын сол пазл ішінен табады.

Мысалы: 1-бөлікте *«қазақ боксишысы туралы қандай мәтінмен таныстық?»* деген сұрақ берілсе, келесі бөлікте *«Бекзат»* деп жауабы жазылған. Осылай мәтін бөліктері бойынша сұрақтар мен оның жауаптары қиылыса байланысатындай етіп фигуралармен жасауға болады.

Қорыта айтқанда, эдьютейнмент әдіс-тәсілдерін сабақта қолдану арқылы оқушыларды жай ғана тыңдаушы ғана емес, белсенді, қимыл-қозғалыстағы оқушыға айналдырады. Бұл баланың ойнап жүріп білім алуына, білімінің берік болуына көп септігін тигізеді. Бала оқып жүрмін деп емес, ойнап жүрмін деп ойлайды. Оқу материалына бар ынтасын салып, қызыға кіріседі. Қызыққан оқушының ынтасы оянады. Ынтасы артқан, сабаққа қызыққан оқушыны оқыту да оңай, мұғалімге көп күш түспейді.



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А.Байтұрсынов «Қай әдіс жақсы» мақала
2. Әдебиеттік оқу пәнінің әдістемелік құралы «Атамұра» 2021 ж
3. ӘНХ 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат
4. Ж. Аймауытов «Ана тілін қалай оқыту керек?» мақала



4. «Эдьютейнмент как эффективная технология развития творческого потенциала личности в учебном процессе» Гуреева Н.В, Путинцева Л.В

5. Ожегов С.И., Шведов Н.Ю Орыс тілінің түсіндірме сөздігі/ РҒА атындағы орыс тілі институты, 1997.-944 б

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ - ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА

Атчибаева Жанаргуль Ерсайыновна

Атырау қаласы «№40 Зейнолла Қабдолов атындағы жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Аңдатпа. Ұлттық құндылық – әр халықтың ерекшелігі, мәдениеті, тарихы мен дәстүрін сақтайтын, дәріптейтін, насихаттайын маңызды ұғым. Ал, мектепте өтетін әдебиет пәні осы ұлттық құндылықпен ұштасатын пән. Осы орайда «Ұлттық құндылық – әдебиет сабағында» тақырыбын қозғасақ, әдебиет сабағында ұлттық құндылықтарды насихаттау оқушылардың рухани дамуына, патриоттық сезімнің қалыптасуына септігін тигізетіні сөзсіз.

Бұл мақалада әдебиет сабағында ұлттық құндылықтарды оқытудың маңызы мен мәні қарастырылады. Сондай-ақ, өскелең ұрпақтың бойына қазақы құндылықтарды сіңдіріп, ұлттық сана-сезімін ояту жолында қолданылатын әдіс-тәсілдер талқыланады.

Түйінді сөздер: ұлттық құндылықтар, әдебиет сабағы, мәдениет, тәрбие, рухани даму, патриоттық сезім.

Аннотация. Национальная ценность – это важное понятие, которое сохраняет, прославляет или пропагандирует уникальность, культуру, историю и традиции каждого народа. И литература, которая проходит в стенах школы, – это предмет, совмещенный с этим значением. В связи с этим коснемся темы «Национальная ценность – на уроке литературы». Пропаганда национальных ценностей на уроке литературы, несомненно, способствует духовному развитию учащихся и формированию чувства патриотизма.

В данной статье рассматривается значение и ценность преподавания национальных ценностей. Также будут обсуждены методы, используемые в процессе привития казахских ценностей подрастающему поколению и пробуждения национального самосознания.

Ключевые слова: национальные ценности, уроки литературы, культура, воспитание, казахская литература

Annotation. National value is an important concept that preserves, glorifies or promotes the uniqueness, culture, history and traditions of each nation. And literature, which takes place within the walls of the school, is a subject combined with this meaning. In this regard, we will touch on the topic "National value – in a literature lesson." The promotion of national values in the literature lesson undoubtedly contributes to the spiritual development of students and the formation of a sense of patriotism.

This article examines the importance and value of teaching national values. The methods used in the process of instilling Kazakh values to the younger generation and awakening national consciousness will also be discussed. Keywords: national values, literature lessons, culture, education, Kazakh literature.

Кіріспе.

Әдебиет – мәдениет, жалпы өнер саласындағы асыл қазыналардың бірі. Әлем әдебиеті адамзаттың рухани байлығы, өмірлік тәжірибесі мен терең философиялық ойын бейнелеп, оқырманға сөз өнерінің ғажайып әлемін таныстырады.



Ғасырлар қойнауынан, атадан балаға жеткен мұра - әдебиет. Әдебиет арқылы оқушы сөз өнерінің мәнін түсініп, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруге үйренеді. Бүгінгі күні бұл жолда әдебиет сабағы ұлттық құндылықтарды оқушыларға жеткізудің маңызды құралына айналды деуге болады. Әдебиет сабағы арқылы оқушылар халықтың бай мұрасымен танысып, ұлттық сана-сезімімен қатар, өздерінің бойындағы патриоттық сезімдерін дамытады. Мектептегі әдебиет сабағының мақсаты – тек қана көркем шығармаларды оқу емес, сонымен қатар, оқушыларға өмірлік құндылықтарды үйрету. Әдебиет сабағы арқылы оқушылардың адамгершілік қасиеттері қалыптасып, олардың ой-өрісі кеңейеді. Халқымыздың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрлерін терең түсініп, оларды қадірлеуге үйренеді. Ұлттық құндылықтар арқылы жастардың рухани әлемі байып, олардың болашаққа деген сенімі нығаяды. Ұлттық құндылықтарды насихаттау арқылы болашақ ұрпақты тәрбиелеу – әрбір мұғалімнің басты міндеті.

Әдістеме.

Әдебиет сабағында ұлттық құндылықтарды тиімді оқыту үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану маңызды. Ең бастысы тиімді әрі нәтижелі тәсілді таңдай білген абзал. Олар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, сабаққа қызығушылығын арттыруға және білімін тереңдетуге көмектеседі.

Оқытудағы интерактивті әдіспен сабақ өту барысында оқушылардың белсенділігі маңызды рөл атқарады. Бұл әдістерге топтық жұмыс, пікірталас, рөлдік ойындар және жобалық жұмыстар жатады. Мысалы, оқушыларды топқа бөліп, белгілі бір тақырып бойынша талқылау ұйымдастыру арқылы олардың пікір алмасу дағдылары мен сыни ойлау қабілеттерін дамытуға болады. Рөлдік ойындар арқылы оқушылар тарихи кейіпкерлердің, ақын-жазушылардың рөлдерін ойнап, олардың шығармашылығын тереңірек түсінеді.

Көрнекі құралдарды пайдалану. Көрнекі құралдар әдебиет сабағында ұлттық құндылықтарды түсіндіруде тиімді болмақ. Бұл құралдарға иллюстрациялар, кестелер, диаграммалар, бейнематериалдар және мультимедиялық презентациялар жатады.

Дәстүрлі оқыту әдістері оқушылардың әдебиетке құрметін арттырады. Бұл ретте дәріс, мәтін талдау, шығармашылық жазбалар және әдеби кештерді жатқызуға болады. Дәріс барысында мұғалім белгілі бір тақырыпты жан-жақты түсіндіре отырып, оқушылардың білімін кеңейтеді. Мәтіндерді талдау арқылы оқушылар шығарманың мазмұнын, стилін және идеяларын түсініп, оның тәрбиелік мәнін ұғынады. Шығармашылық жазбалар оқушылардың әдеби талғамын, жазу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Жобалық оқыту әдістері. Жобалық оқыту әдісі оқушылардың жеке зерттеу жүргізіп, жобаларын қорғау арқылы білім алуына бағытталған. Мұнда білім алушылардың өз ойын жеткізуі, зерттеуді қалай жүргізгені және топпен жұмыс істеу дағдылары бағаланады.

Ойын әдістері. Бүгінде ойын арқылы ауқымды тақырыптарды да жеңіл түсіндіруге болады. Әдебиет пәнінде де бұл әдіс оқушылардың қызығушылығын арттырады. Әдеби викториналар, сұрақ-жауап ойындары, сөзжұмбақтар арқылы сабақты қызықты әрі тартымды етіп өткізуге болады.

Тәжірибеде қолдану.

Кез келген тәсілдің іс-тәжірибеде қолданылғаны дұрыс. Сол секілді әдебиетте де ұлттық құндылықтарды оқыту үрдісінде жоғарыда айтылған әдістерді іс жүзінде жүргізу міндетті.

Тәжірибе не үшін қажет? Тәжірибеде қолдану арқылы оқушылар теориялық білімдерін нақты мысалдармен байланыстырып, түсіну деңгейі артады. Мәселен, интерактивті әдістер арқылы оқушылар өз пікірлерін ашық білдіріп, сыни ойлау қабілеттерін дамытады. Оқушылар әдеби шығармаларды тереңірек түсініп, олардың мазмұнын мен идеяларын жан-жақты талдайды. Ұлттық құндылықтарды оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға бағытталған. Мысалы, дәстүрлі оқыту әдістері арқылы оқушылар әдебиетке, мәдениетке деген құрметін арттырып, ұлттық құндылықтарды түсінуге



және бағалауға үйренеді. Бұл олардың патриоттық сезімдерін күшейтіп, қоғамда белсенді азамат болуға тәрбиелейді. Ендігі кезекте әр әдіске тоқталайық.

Интерактивті оқыту әдістері.

Интерактивті әдістерді қолдануда оқушыларды қабілеті мен дағдыларына байланысты топқа бөлу мүмкіндігін қарастыруға болады. Бұл әр оқушының өз пікірін еркін білдіруіне мүмкіндік береді. Интерактивті оқытудағы пікірталас кезінде модератор рөлінде мұғалім болады. Әр оқушының ойын, ұсынып мұқият тыңдап, талқылауды бағыттап отырады. Рөлдік ойындарда тарихи немесе әдеби кейіпкерлердің рөлдерін орындау арқылы оқушылардың тақырыпты тереңірек түсінуіне жағдай жасау керек. Жобалық жұмыстарды орындау барысында оқушыларға нақты мақсат қойып, олардың шығармашылық және зерттеу қабілеттерін дамытуға жағдай жасауға болады.

Нақты мысалмен бекітетін болсам, қазақтың батырлар жыры тақырыбында оқушыларды төрт топқа бөліп, әр топқа бір батырды (мысалы, Алпамыс батыр, Қобыланды батыр, Ер Тарғын, Қамбар батыр) зерттеуді тапсыруға болады. Әр топ өз батырларының ерліктері, мінез-құлықтары және тарихи маңызы туралы таныстырылым дайындап, оны сыныптың алдында қорғайды.

Рөлдік ойындарда тарихи немесе әдеби кейіпкерлердің рөлдерін орындау арқылы оқушылардың тақырыпты тереңірек түсінуіне жағдай жасау керек. Кез келген көркем шығармадан қойылым қойып, оқушыларды рөлді сомдауға үйреткен абзал.

Әдеби шеңбердің де пайдасы зор. Бір сыныпқа ортақ тақырып бекітіп, дөңгелек үстел форматында «ашық сұхбат» айдарын жүргізу қажет. Шығармадағы кейіпкерлер, кейіпкер бойындағы қасиеттерді зерттей отырып, негізгі бөлімде шығармада дәріптелетін құндылықтарды жеке-жеке қарастыру қажет. Мұндай тәсілді пікірсайыс барысында да қолдануға келеді. «Ұлттық құндылық маңызы» тақырыбын саралау қажет.

Көрнекі құралдарды пайдалану. Сабақ үрдісінде көрнекілік құралдарды тиімді пайдалану үшін сабаққа дайындалу кезінде мұғалім материалдарды алдын ала дайындап, оларды сабақ жоспарына енгізу қажет. Мысалы, белгілі бір ақын немесе жазушы туралы бейнематериалдар көрсету үшін интернет ресурстарынан қажетті видеоларды таңдап алу немесе өз бетіңізше бейнематериалдар жасауға болады. Иллюстрациялар мен диаграммаларды қолдану арқылы әдеби шығармалардың негізгі идеясын, оқиға желісін, кейіпкерлердің қарым-қатынасын түсіндіруге болады. Таныстырылымда негізгі ұғымдар мен ақпараттарды визуализациялау оқушылардың материалды жақсы меңгеруіне көмектеседі. Мысал ретінде Тахауи Ахтановтың «Күй аңызы» шығармасын диаграмма ретінде бейнелеу оқиғаларды жеңіл қабылдауға әрі оқушының жадында мықтап сақтауға көмектеседі. Трилогиядағы салт-дәстүр, тәлім тәрбие, маңызды цифрлар, басты кейіпкерлердің бойындағы қасиеттерге басымдық берілу керек.

Дәстүрлі оқыту әдістері. Кез келген тәсілдің алғы шарты – дәстүрлі оқыту. Иә, бұл лекция, тақтаны қолдану. Дәстүрлі оқыту әдістерін қолдану барысында лекция қызықты әрі мазмұнды қызықты баяндалса оң нәтиже көрсетері сөзсіз-ақ түсінікті. Лекция барысында көрнекі құралдарды, мысалы, интерактивті тақта немесе слайдтарды қолдану арқылы оқушылардың назарын аударуға болады. Мәтіндерді талдау кезінде оқушылардың шығарманы терең түсінуі үшін олармен бірге маңызды үзінділерді талқылап, мәтінге қатысты сұрақтар қоюға болады. Шығармашылық жазбаларды орындау барысында оқушыларға нақты тақырыптар мен тапсырмалар беріп, олардың жазу дағдыларын дамытуға көмектесу керек. Мысалы «Менің сүйікті кейіпкерімнің бойындағы қасиеттер», «Көшпенділердегі мен байқаған құндылық» тақырыбында эссе жазуды тапсыру арқылы олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға болады.

Жобалық оқыту әдістері. Жобалық оқыту әдісін қолдану үшін оқушыларға қызықты әрі маңызды тақырыптарды таңдап беру қажет. Мысалы, ұлттық құндылықтарға қатысты зерттеу жобаларын дайындау барысында оқушыларды әртүрлі ақпарат көздерін пайдалануға және өз жұмыстарын шығармашылық тұрғыдан қорғауға ынталандыру керек. Жобаларды



қорғау барысында әр топ өз жұмыстарын таныстырып, сұрақтарға жауап беруге дайын болуы тиіс. Бұл әдіс оқушылардың өз бетінше зерттеу жүргізу және топпен жұмыс істеу дағдыларын дамытады. Ал жеке зерттеу жұмысының барысында оқушы өзі оқыған шығарма, талдаған кейіпкер мен оқиғалармен мұқият танысады. Құндылықтың мәнін түсінеді.

Ойын әдістері. Ойын әдістері тақырыпты қызықты әрі есте қаларлықтай қызықты өткізуде керемет құрал. Әдеби викториналар мен сұрақ-жауап ойындарын ұйымдастыру үшін тақырыпқа қатысты сұрақтар мен тапсырмалар дайындап, оларды сыныппен бірге талқылау керек. Кроссвордтар мен ребустарды шешу арқылы оқушылардың шығармашылық және логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға болады. Бұл әдістер оқушылардың білімдерін бекітіп, олардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады.

Талдау және талқылау. Оқушылармен қазақ әдебиетінің классиктері мен заманауи авторларының шығармаларын оқып, талқылау. Шығармалардағы ұлттық құндылықтарды табу, оларды қазіргі заманмен салыстыру.

Қонақтар шақыру. Ұлттық құндылықтар туралы танымал тұлғаларды, мәдениет қайраткерлерін, жазушыларды сабаққа шақыру. Олар өздерінің өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, оқушыларға ұлттық құндылықтар туралы құнды ақпарат береді. Бұл тәсілді «Қонақ дәріс» деп те атауға болады.

Ұсыныс.

Әдістемелік құралдарды жетілдіру және әртүрлі әдістерді біріктіру.

Мұғалімдер әдебиет сабағында ұлттық құндылықтарды тиімді оқыту үшін әдістемелік құралдар үнемі жаңартылып, түрлі оқыту әдістері біріктіруі қажет. Мысалы, интерактивті және дәстүрлі әдісті біріктіріп, сабақты түрлі форматта ұйымдастыру арқылы оқушылардың қызығушылығы артады.

Оқушылардың белсенділігін арттыру. Оқушылардың белсенділігін арттыру үшін сабақ барысында оларды топтық жұмысқа, пікірталасқа, рөлдік ойындарға тарту қажет. Бұл олардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, сыни ойлау және пікір алмасу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Заманауи технологияларды пайдалану. Әдебиет сабағында заманауи технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың материалды жақсы меңгеруіне ықпал етеді. Ресурстарды қолдану арқылы оқушыларға тақырыпты визуалды түрде жеткізуге болады.

Зерттеу жұмыстарын көбейту. Жобалық және зерттеу жұмыстарын орындау арқылы оқушылардың өз бетінше іздену, зерттеу және шығармашылық қабілеттері дамиды. Бұл олардың өзіне деген сенімін нығайтып, оқу процесіне белсенді қатысуына ықпал етеді.

Ұлттық құндылықтарға ерекше көңіл бөлу. Әдебиет сабағында ұлттық құндылықтарды оқытуға ерекше көңіл бөліп, бұл тақырыптарды жан-жақты талқылау қажет. Оқушыларға қазақ әдебиетінің бай мұрасын таныстырып, оның маңыздылығын түсіндіру арқылы олардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға болады. Мысалы, Абай Құнанбайұлы, Бауыржан Момышұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұқағали Мақатаев, Ахмет Байтұрсынұлы, Сайын Мұратбеков сынды ақын-жазушылардың шығармаларын тереңірек оқыту арқылы оқушыларды ұлттық рухани құндылықтарды бағалауға тәрбиелеу қажет.

Бұл ұсыныстарды жүзеге асыру арқылы әдебиет сабағында ұлттық құндылықтарды тиімді оқытуға және оқушылардың жан-жақты дамуына қол жеткізуге болады.

Қорытынды.

Мақалада әдебиет пәні арқылы ұлттық құндылықты оқытудың мақсаты, маңызы жөнінде айтылды. Сабақ уақытында қолданылатын әдіс-тәсілдерге талдау жасалды. Сондай-ақ, оқушылардың құндылықты түсінуі, сана-сезімдерінің қалыптасуы және әдіс-тәсілдерді практикада қолданылуы туралы баяндалды. Мақаладағы мысалдар және көрнекі оқушылардың даму деңгейіне ықпал ететіні хақ.

Әдебиет – қазақы құндылықты дәріптеуші күш. Бүгінгі жастарға атадан балаға жалғасқан тәрбие, дәстүрді меңгерту, түсіндіру һәм үйретуде бұл бағыттың, бұл пәннің орны



ерекше. Қазақша көркемделген өлең, батырлар жыры мен хикаяларды оқып өскен бала «ұлт» сөзінің мәнін түсінеді.

Қазақстанда 130-ға жуық өзге ұлт өкілдері тұрады. Әрине, тілі де, діні де, ойы мен көзқарасы, пікірі және мәдениеті әртүрлі. Сондай-ақ, мұхит асып, шет мемлекетте жұмыс істейтін, оқу оқитын бауырларымыз бар. Олар да өзге мәдениеттің қайнаған ортасында өмір сүруде. Алайда, өз тілін ұмытпайтын жас ұрпақтың көп екені қуантарлық жағдай. Мұның барлығы кезіндегі тәрбиенің жемісі емес пе? Балабақша, мектеп кезеңінен бастап ұлттық рухтың мәнін түсініп өскен бүлдіршін, қай кезде де болмасын Отанына адал, құндылығын дәріптей алатын жеке тұлға болады. Ел тұтқасын ұстайтын білікті маман да болады. Біздің құндылығымыз – біздің қазынамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер.

«Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» – Б.Д.Жұмабаева, Алматы 2015;

«Әдебиеттік оқу әдістемесі» оқу-әдістемелік құрал–Қостанай 2018;

«Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» –А.З.Тілеуова, Г.К.Тәңірбергенова, Алматы 2019;

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДА «БЕС ТАС» ОЙЫНЫН ҚОЛДАНУ

Абулхасимова Эльмира

Атырау облысы, Құрманғазы ауданы

Қадыр Мырза Әли атындағы жалпы орта мектебінің

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қазіргі таңда біздер оқушыларға сапалы біліммен қаруландыру үшін мұғалімдер қауымы үнемі ізденісте болуымыз керек. Ғылым мен техниканың қарқынды дамыған заманында балаларды таңқалдырудың өзі қиын. Біз креативті ойлана отырып, жаңа идеяларды оқушыларымызға ұсына білуіміз керек. Дегенмен де оқушыларымыздың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруды ұмытпау, жаңғырту біздің басты міндетіміз болуы қажет. Ұлттық құндылықтарымыздың бірі - ұлттық ойындарымыз деп түсінемін. Ұлттық ойындардың ішінен «Бес тас» ойыны сонау көшпелілер мәдениетінде ерекше орын алады екен. Бес тас ойыны балаларды шапшандыққа, ептілікке, тез шешім қабылдай білуге тәрбиелей отырып, ұсақ қол моторикасын дамытуда да үлесі зор екен. Мен зерттеу барысында «Бес тас» ойынын ойнату арқылы оқушыларға тілдік дағдыларды қалыптастыруға болатынын білдім. Айтылым дағдысынан бөлек, жазылым дағдысы да жақсы дамуына ықпалы зор екен. Бес тас ойыны жай ғана ойнау емес, ойлана отырып тәрбие беру құралы деп түсінемін.

Осыдан 3 жыл бұрын 5-сыныпқа келген оқушыларымның пәнге ерекше ықыласты екендерін байқап, «Бес тас» ойынын ойната отырып, зияткерлік қабілеттері мен тілдік бағдарды дамыту мақсатында сабақтарыма қосып отырдым. Оқушыларым ойынды бірінен-бірі қызығып үйренді. Қазақ тілі пәніндегі берілетін тілдік бағдарды «Бес тас» ойыны арқылы оқушыларыма меңгертуді әрі зияткерлік қабілеттерін дамытуды алдыма мақсат етіп қойдым. Менің миссиямның өзі – оқушыларымның сапалы біліммен қаруланып, білімді тұлға етіп қалыптастыру. Көптеген атақты ғалымдардың еңбектерімен таныса отырып, әсіресе Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегін қайта қайта оқып шығып, тың дүниелерді өзіме түртіп отырдым. Алаш зиялысы Мағжан Жұмабаев бала тәрбиесіне дене тәрбиесінің, соның ішінде қол моторикасының маңыздылығын атап өтеді. Оның пікірінше, баланың қолының қозғалысы мен ептілігін дамыту – оны интеллектуалдық дамуына да әсер етеді. Ұсақ моториканы дамыту ойындар арқылы жүзеге асатынын ескерген жөн. «Педагогика» еңбегінде «...Бала дүниеге келгенде оның санасы, рухы, сезімі мен есі, қозғалысы мен моторикасы дамымаған. Дәл осы кезеңде ұсақ моториканы дамыту, балаға заттармен манипуляция жасауға үйрету, оқу мен



жазудың алғашқы дағдыларын қалыптастыру» делінген екен. Ал осындай пікірді жапондық зерттеуші Масару Ибуко «3 жастан кейін бәрі тым кеш» еңбегінде де айтып отыр. Ендеше баланың миының дұрыс жұмыс жасауы үшін біз баланың қол моторикасын дамытуымыз қажет екен. Ибуко еңбегінде баланың ерте жастағы дамуының маңыздылығына тоқталады. Ол баланың алғашқы жылдарында миының ерекше қарқынды дамытынын және дәл осы кезеңде оның танымдық қабілеттерін дамыту қажеттігін айтады. Бұл идея Мағжан атамyzдың еңбегіндегі көзқарастармен үндеседі. Мағжан атамyz да баланы тәрбиелеуде ойынның рөлі мен оның маңыздылығын ерекше атап өткен. «Бес тас» ойыны сияқты ұлттық ойындар осы ұстанымды негізге ала отырып, баланың ойлау қабілеті мен тілдік дағдысын дамытуға ықпал етеді.

Тәрбиелеп отырған балаларымның білікті де білімді болып танылуы үшін «Бес тас» ойынын оқу процесіне қоса отырып, тілдік бағдарды дамыту, ұсақ қол моторикасымен жұмыс жасау – менің көңілімде туындаған идеям еді. Биыл 3 жыл бойы жұмыс жасап келе жатқан сыныбым 7- сыныпта оқиды. «Бес тас» ойынын тек жай ғана ойын емес, білім беруде атқаратын ролі зор екенін түсіндім. Бүгінгі білім беру жүйесінде ұлттық ойындар арқылы оқыту әдістерін қолдану, оның ішінде, бес тас ойынының қазақ халқының мәдени мұрасы ретінде тіл мен әдебиет сабақтарына ықпалы ерекше. Ұлттық ойындарды пәнге кіріктіру арқылы оқушылардың ойлау, тілдік дағдыларын дамытып, қызығушылықтарын арттыруға болады. Аталған ойынның оқушылардың логикалық және шығармашылық ойлау қабілетін арттырудағы рөлі ерекше. Бес тас ойыны – ойдың жүйріктігін, дәлдік пен тез шешім шығара білуге үйретеді. Бұл ойынды сабақтарыма қолданудағы алдыма қойған мақсат – міндеттерім:

1. Ұлттық ойындар, құндылықтар арқылы оқушы бойындағы зияткерлік қабілеттер мен тілдік дағдыларды дамыту.
2. «Бес тас» ойыны арқылы қол моторикасын дамыта отырып, мидың жақсы жұмыс жасауына ықпал ету.
3. Заманауи көзқарасы бар еркін ойлай алатын ұлттық кодты бойына сіңірген тұлға қалыптастыру.

«Бес тас» ойынын өз сабақтарымда қолданудың өзектілігі - қазақ тілі мен әдебиеті пәніне өзге пәндерді (дене шынықтыру, психология) кіріктіру, ұлттық ойындарды («Бес тас») оқу процесіне қосу, пәндік олимпиадаларға дайындау мен дарынды оқушылармен жұмыс жасауда ұлттық ойындарды пайдалану, баланың миының дұрыс жұмыс жасауына көмектесу. Мектеп оқушысына әлемдік деңгейдегі еркін ойлы, көзі ашық, өзіне сенімді, заманауи тұлға болып шығуына қолдау көрсету. «Бес тас» ұлттық ойыны арқылы оқушының тілдік бағдары мен зияткерлік қабілетін дарытуға арналған авторлық идеяммен бөлісу болды.

«Бес тас» ойынын қазақ тілі мен әдебиетіне кіріктіру – оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың тиімді әдісі. Бұл ойын арқылы тілдік дағдыларды дамыту бағытында мынадай жұмыстар атқаруға болады. Ойын барысында оқушылардың сөйлеу қабілеті, тіл байлығы дамиды. Оқушы әр тасты көтерген сайын белгілі бір тақырыпқа сөз немесе сөйлем айтуға тиіс. Мысалы әдебиет сабақтарында кейіпкердің мінезін сипаттайтын сын есімдерді, ал тіл сабақтарында зат есімді немесе етістіктерді қолданып, сөйлем құрауды ұсынуға болады.

Ойлау дағдыларын жетілдіру үшін – «Бес тас» ойыны логикалық ойлау мен шапшаңдықты қажет етеді. Мұны мәтінмен жұмыс жасауға, әдеби талдау жасауға қолдануға болады. Мысалы оқушы тастарды жинай отырып, белгілі бір сұрақтарға жауап беру немесе мәтіндегі оқиғаларды ретімен айтып беру.



Ойын арқылы шығармашылық тапсырмаларды да ұсынуға тиімді. Мысалы Бес тас ойынында әр тасты көтерген сайын оқушы мәтіннен белгілі бір сөйлемді өзгертіп, шығармашылық тұрғыда қайталап айтады. Берілген сөйлемге өзгеріс енгізу, яғни стильді өзгерту, немесе басқа кейіпкердің атынан сөйлеуі мүмкін.

«Бес тас» ойыны арқылы қазақ тіліндегі мақал –мәтелдер, тұрақты сөз тіркестерін қолдануды үйретуге болады.

Әдебиет сабақтарында бес тасты қолдану кейіпкерлерді талдауда керемет үйлеседі. Ойын барысында оқушылар әр тасты жинаған сайын шығармадан бір кейіпкердің мінезін, іс-әрекетін немесе оқиғаларын айтып береді. Ал мәтінмен жұмыс жасау барысында оқушылар мәтіннен үзінді алып, оны қысқаша баяндап, әр тасты лақтырған сайын сұраққа жауап береді. Мысалы, «Қыз Жібек» жырындағы кейіпкерлерді ата немесе Жиенбет жыраудың «Еңсегей бойлы ер Есім» шығармасындағы көтерілген мәселе қандай? деген сұрақтарға жауаптар беріп отырады. Әдеби тақырыптарды бекітуге де тақырыптар бойынша сұрақтар қойып, оқушы әр тасты лақтырған сайын сұраққа жауап береді.

Қазақ тілінде бес тас ойынын қолдану грамматикалық дағдыларды дамытуға тиімді болды. Әр тасты алған сайын оқушылар септік жалғауларын дұрыс қолдануы керек немесе белгілі бір етістіктің шақтарын айтып шығулары қажет. Жазылым дағдысын дамытуға да септігі мол екенін ойынның соңында оқушылар жинаған сөздермен немесе сөз тіркестерімен шағын мәтін, әңгіме жазып жарысып, тілдік дағдыларын дамытып жатқанын байқауға болады. Әр тасты алған сайын сөйлем мүшелеріне талдау жасау, дұрыс сөйлем құрастыра білуі – оқушылардың жақсы логикалық байланыс орната алатынына әкеледі екен.



«Бес тас» ойынын өз пәндеріме кіріктіру – оқушылардың пәнге қызығушылықтары мен белсенділіктері артты. Сөйлеу, ойлау дағдыларын дамытумен қатар, ұлттық мәдениетке де құрметпен қарады.

«Бес тас» ойынын қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріне кіріктіру – бұл ұлттық ойын арқылы тілдік дағдыларды дамытудың, білімді бекітудің және оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың тиімді жолы. Ойынның құрылымы мен мазмұны оқушылардың қызығушылығын оятып, сабақ процесінде белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Оқушыларға тілді меңгертуде дәстүрлі әдістермен бірге ойын арқылы оқыту олардың білімге деген ынтасын арттырып,



шығармашылық қабілеттері дамытады. Сонымен қатар бес тас ойыны оқушылардың зейінін шоғырландыруға, ептілікке, тіл байлығын арттыруға және ұлттық мәдениетімізбен жақынырақ танысуына мүмкіндік береді. Мұндай әдістемелік тәсілдер қазіргі білім беру үрдісінде инновациялық әрі тиімді болып табылады. Болашақта бұл әдіс – тәсілді тек қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде ғана емес, басқа да пәндерде қолдана отырып, оқыту процесін жандандыруға мүмкіндік бар. Осылайша ұлттық ойындарды білім берудің маңызды құралы ретінде кеңінен қолданып, оқушыларды ұлттық құндылықтарға негізделген біліммен сусындатуға болады. Пәндерім бойынша менде көптеген мәселелерге кездесіп жүрдім. Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегімен танысқаннан кейін идеяның күші мені оқушының психологиялық күйін тануға, оқушылармен қалай қарым-қатынас орнатуға, олардың көңілінен шыға білетін жол таба білуге үйретіп, өзімнің тұлғалық болмысыма қатты әсер етті. Білім беру үдерісінде бұрын менде мынадай мәселелер кездесті: оқушының дұрыс сөйлей білуіне көңіл бөлу, ауызша және жазбаша тілін дамытып, тіл мәдениетін жетілдіру қажеттілігі мен оқушылардың тілін дамыту жұмыстарын шығармашылықпен жүргізілсе, сөйлей отырып, ойлау қабілеті дамуына көңіл бөлу керек екенін, пәнім арқылы оқушының оқу сауаттылығын қалыптастыру қажет екенін түсіндім. Кейін ұлттық құндылықтарды насихаттау арқылы ұлттық ойын түрлерін сабақтарыма қосу барысында:

- Оқушы осыған дейін өзіне сенімділігі аз болса, оқушыны олимпиадаларға дайындағаннан кейін өз-өзіне деген сенімділігі артты;
- Еркін ойлы, өз ойын еркін жеткізетін, көшбасшы, заманауи көзқарасы бар тұлғаның қалыптасуына көз жеткіздім;
- Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен олимпиада, сайыс-байқауларға еркін қатысып, жүлделі орындар алды.

Оқушыларымның да дамуына ұлттық ойындарды оқу процесіне қосқанымның ықпалы тиді, жетістікке жетуге, өсулеріне, зияткерлік қабілеттерінің дамып, әлемдік деңгейде жаһандық ойлай алатын тұлға қалыптастырып келемін деп айта аламын. Оқушыларымның сапасының өскенін мен күнделікті сабақтардағы дайындығынан, олар бұрынғы біліммен салыстырғанда ұлттық ойындарды қолданғаннан кейін оқушылардың бойынан сабақ сайын талдай алу, проблемалық сұрақтарды шеше алу, зерттеу жасау дағдыларының дамып келе жатқанын, сондай тапсырмалар бергенде мүдірмей жауап бере алатынын, сыни көзқарасын білдіре алатынын мен сабағымнан көріп отырмын. Одан кейін келесі деңгей – бұл әрине өз пәніме қатысты олимпиада, сайыс-байқаулардан жүлделі орындар алуы деп айта аламын.

Биылғы жылы Астана қаласында өткізілген «Көшпелілер» ойыны, соның ішінде «Бес тас» ойыны ұлттық мәдениетімізді насихаттау, жастар арасында достық пен бірлікті нығайтуға, дәстүрлі ойындарды жаңғыртуға септігін тигізеді. Бұл шара ұлттық спорт түрлерінің дамуына, қазақ халқының мәдениетін тануға мүмкіндік береді. Мұндай шаралар қазақ халқының мәдениеті мен салт – дәстүрін жастарға ианыстыру, оларды ұлттық ойындарға қызықтыру үшін де маңызды болса, менің күнделікті сабақтарымда бұл ойынды кіріктіріп қолдану балалардың қол моторикасын дамыту арқылы олардың миының дұрыс жұмыс жасауына көмектесу. Өйткені бес тас ойыны қол моторикасын дамытуға бағытталған. Ойын барысында саусақтардың ептілігі, жылдамдығы және қолдың үйлесімді қозғалысы қажет етіледі. Әсіресе ұсақ моториканы дамытуға, яғни саусақтардың дәлдігі мен координациясын жақсартуға септігін тигізеді. Бұл ойынды ойнау балалардың назарын шоғырландыру, қолды әрі шапшаң әрі икемді пайдалануды үйрену дағдыларын қалыптастырады.

Бес тас ойынын қазіргі уақытта ұсақ моторикаға байланысты ойындармен салыстыруға болады. Мысалы LEGO құрастыру, пазлдар жинау немесе түрлі саусақтық ойындар.



Егемен еліміздің ертеңі – білімді жастар. Балаларымыздың еркін ойлы, әлемдік деңгейде ойлай алатын тұлғалар қалыптастыру үшін де мұғалімдер үнемі ізденісте болулары қажет. Ұлттық құндылықтарымызды ұмытпай, ұлттық кодымызды дәріптеу, ұлттық салт-дәстүрлерді жаңғырту мен ұлттық ойындарды оқушыларымызға айтып жүру - біздің міндеттеріміз.



ҚУҒЫНДАЛҒАН АБАЙТАНУШЫЛАР: ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВ

Бауыржанова Эльза Бауыржанқызы

*Атырау қаласы №27 И.Тайманов атындағы орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагогика ғылымдарының
магистрі*

Абайтану – қазақ әдебиетінің арналы саласы. Ұлттық мақтанышымызға айналған ұлы ақынды тану ісінің қалыптасқанына ғасырдан астам уақыт өтті. Бүгінде кемеліне жетті, толысты. Дегенмен де Абайды танып болдық деп айта алмаймыз. Себебі әр уақыттың, әр қоғамның өз сұранысы бар. Соған сай Абайды тану да өрістеп дами бермек. Бұл – уақыт талабы. Абай мұрасы – мәңгілік, Абай айтатын рухани ой – өміршең.

«Абай да басқа ақындар сияқты өз дәуірінің төлі, өлеңдері де сол кезеңнің негізгі мәселелерін қамтиды. Бірақ күні өткен, ескірген дүние емес. Ол – заманының алдыңғы қатарлы ой-санасын жырлап, кейінге өшпес мұра қалдырған, шығармашылық рухы өмір сүре беретін мәңгілік тұлға. Абай жасаған керемет поэзия, тамаша картиналар – әлі көп замандарға қызмет етерлік, тәлім берерлік құрал, көркемдік үлгі» [1, 21] – деген әдебиет зерттеушісі Х.Сүйіншәлиевтің пікірі қашан да өзектілігін жоғалтпайды.

Ал ұлы ақынды тану тарихына көз жіберсек, тар жол, тайғақ кешулерді басынан өткерген ғылым. Коммунистік дүниетанымның қиянаттары Абай мұрасын, оның жеке басын бағалауға теріс әсерін тигізбей қоймады.

Абайтанудың бастауында алаш арысы Әлихан Бөкейхановтың тұрғаны баршамызға белгілі. 1905 жылы ұлы ақын туралы азанама мақаласын жариялайды. Аталған мақала туралы алаштанушы Дихан Қамзабекұлы мынадай пікір білдіреді: «Әлиханның шынайы тұрпатты авторлық әдебиетке айрықша үміт артуы 1905 жылы жарияланған Абайға арналған мұнақып-мақаласынан («Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы») бастау алады... Абайды тану мен танытуға деген ықылас алғаш Ә.Бөкейхан тарапынан байқалған... Ә.Бөкейханның «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы» мақаласында ұлы ақынның ғұмырбаяны алғаш рет мүмкіндігінше толық сипатталған...» [2,194].

Ал 1906 жылы Ә.Бөкейханов Патша өкіметіне қазаққа дербес құқық беру туралы мәлімдемеге қол қойдыру мақсатымен өңірлерді аралап жүргенде, түрмеге қамалады. Абайтанушы ғалым Қайым Мұхамедхановтың дерегіне сүйенсек, Әлиханның қолында Абай өлеңдерінің қолжазбасы болған. Оны аман сақтап қалу турасында, адвокат арқылы өтініш жазған.

Өрине Ә.Бөкейхановтың бұл тұтқындалуы Абаймен, оның шығармашылығымен тікелей қатысты болмаса да, ақынның шығармалар жинағының кешеуілдеп шығуына көп кесірін тигізгендігі аян.

1923 жылы С.Мұқановтың «Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер» деген мақаласы жарық көрді. Ал 1928 жылы жарияланған «Әркім өзінше ойлайды» мақаласы әдебиет майданындағы айтыс-тартыстың айқын дәлелі бола алады. Бұлар – Абай



Құнанбайұлының қазақ әдебиеті тарихындағы орны жайлы жазушы пікірін анық көрсеткен мақалалар. С.Мұқанов: «Пушкин де, Абай да орыс пен қазақ әдебиетін бастап жаратқандар емес, түйінін түйіп қорытқандар. Қазақтың әріден келе жатқан жақсылы-жаманды әдебиеті болды, сол әдебиет те сарқылып келіп Абай заманында бір қазық қағылды. Осының кезеңіне Абай кез келген соң даяр таяқтың иесі, даяр тоқпақтың ұрушысы, даяр қазықтың қағушысы болды да жүре берді», - деп Абайды байшыл табының ақыны деген пікірді анық айтып өтеді [3].

Абайтанудың өсіп-өркендеуі, ғылыми нысан алып дамуы Мұхтар Әуезов есімімен тығыз байланысты. М.Әуезов алаш арыстарымен бірге 1930 жылдың 16 қыркүйегінде тұтқынға алынады. «Айыбын мойындаған» соң ғана, яғни «Ашық хаты» арқасында ғана шартты түрде жазасын өтеуге кесіледі. Бұл азаттықтың құны жазушының Абай туралы зерттеулерінен, «Хан Кене», «Қарагөз», «Еңлік-Кебек» шығармаларынан бас тартуынан алып келді. Міне бұл ащы қоғамның – ұлы зардабы.

XX ғасырдың отызыншы жылдары Абайдың рухани мұрасы жайлы туындаған айтыстың басты себебі Абай дүниетанымы болды. Бұған әрине тұрпайы социологиялық, формалистік, компаративистік көзқарастардың ықпалы орасан болғандығын баса айтып өтуіміз керек. Қазақ әдебиеттінің, жалпы ұлтымыздың ардақты тұлғалары тұтқындалып, қуғындалған қилы кезеңде Абай шығармашылығын кеңінен зерттеу мүмкін болмады. Тек кеңестік идеология тұрғысынан Абайға баға берілді. «Абай – қиялышыл. Ондап зерттеген кісіге байшылдықтың түп қазығы – Абай. Абай кедейге көріне қарсы жазған жоқ... Абайды орынсыз көтеретіндер бар, ол дұрыс емес», – деген сынды пайымдаулар отызыншы жылдардағы абайтану ғылымының эволюциясынан анық хабар береді.

М.Әуезов пен Қ.Мұхамедхановты бір-біріне ағалы-інідей жақындастырып, табыстырған ол данышпан атамыздың мәңгі қайталанбас жырлары, «жұмбақ адамның түбіне терең бойлауға» итермелеген ұстанымы еді. Болашақ ғалымның әдебиетке емін-еркін араласып кетуіне игі әсер еткен оның бала жасынан тәлім-тәрбие алып өскен ортасы, ұшқан ұясы екені сөзсіз. Кемелдікке жетелеген әке ұлағаты жөнінде Қ.Мұхамедханов былай еске алады: «Әкем сауатты, әрі орысшаны да жетік білетін адам еді. Өзіне жетерлік кітапханасы да болды. Алаштың туын көтерген арыстар әкемнің қамқорлығын көп көрді. Біздің үйге Мағжан, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Әлихантар ат басын тіреп келетін. Әкемнің айналасындағы адамдарды жатсынбай бауырына тартуының арқасында М.Әуезовтей дарынды адамдар туғанымыздай бізбен араласып кетті. Бұл менің болашағыма үлкен мектеп болды» [4]. 30-жылдар тұсында М.Әуезов негізін қалаған абайтану ғылымының мәнерлі болуына Қ.Мұхамедханов бүкіл ғұмырын сарп етті. Жас таланттың ұшталып, тас қияға өрлеуі М.Әуезов есімімен тығыз байланысты. Абайдың әдеби мектебі сынды зерттелінбеген тың мәселені жалынды жас жігіт Қайымға тапсырады да: «Абайға байланысты істейтін көп жұмысың бар. Ол – сенің қолыңнан келетін жұмыс. Абайдың ақын шәкірттері Ақылбайдың, Мағауияның, Көкбайдың, Тұрағұлдың тағы басқалардың өлең-жырлары, дастандары түгел жиналған жоқ. Осыларды жинап, зерттеп, жазу жұмысын қолға алуың керек» деген міндет қояды [5].

1938 жылы мамыр айында Жамбылдың ақындық қызметіне 75 жыл толған мерейтойына келген жас ақын, ұлы ұстаз, қамқор ағадан осындай тапсырма алып қайтады. Кейіннен (1939) бұл тақырып Мұхамедхановтың ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбы болып бекітіледі де, шығармашылық өмірінің өрісті өзегіне, мағынасы мен мақсатына айналады.

Аталған мәселені қарастыра, ел аузынан жинай жүріп, ол 1940 жылы Семейдегі Абай музейінде ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді. Абайдың мемлекеттік әдеби музейінің 1940-1941 жылдары берген есебінде былай делінген: «По теме «Литературная школа Абая» товарищ Мухамедханов собрал большие материалы (рукописи и другие).

Подготовлено и включено в план издательства 1941 г. полное собрание сочинений одного из ближайших учеников Абая поэта Арипа Танирбергенова. Это будет первый



научный труд работником музея Абая 1941 г.» [6]. Музей тарихында алғашқы ғылыми еңбектің ізін сала отырып, баспасөз беттерінде мақалаларын да жариялай бастайды. «Абайдың әдебиет мектебі» деген атпен 1945 жылы Ақылбайдың «Дағыстан», «Зұлыс», Мағауияның «Медғат-Қасым», «Еңлік-Кебек», Әубәкір мен Әріптің шығармашылық өмірлеріне арналған мақалалары жарық көреді [7].

Кеңестік идеологиялық саясат тұрпайы түсінік, таптық тұрғыдан талдау тәсілін ұстанды. 1947 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде Ж.Жұмақанов «Абайға ешбір қоқыс жараспайды» атты мақаласын жариялайды. Семейдегі Абай музейінің жайынан хабар беретін бұл мақала музейдегі «жанды-жансыз қоқыстардың бәрінен дереу тазарту» қажеттігін сөз етеді. Ғылыми қызметкерлердің уақытты қалай өткізетіндігін айта келіп, «Қ.Мұхамедханов жолдас Әріп ақын жайында мақала жазып отыр. Бұл «еңбегінің» Абайға қаншалықты қатысы бар десеңізші», – дейді автор [8].

Бұл Абайдың ақын шәкірттерін зерттеу тұрғысында айтылған сыңаржақ пікірдің басы еді. «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған мақалада: «Семейде бір топ әдебиетшілер бар, олардың бірсыпырасы Абай музейінде «ғылыми» қызметкер болып істейді, өздерін «Абай ауылынанбыз, Абайдың мирасқорларымыз деп санайды», – деп түйрей келіп, облыстық «Екпінді» газетінің 1947 жылғы мамырдың 14-дегі санында жарық көрген Қ.Мұхамедхановтың «Қазақ әдебиеті заманымыздың талабына сай болсын» деген мақаласын сынайды. Ол мақаласында Қ.Мұхамедханов қазақ әдебиетін дәуір-дәуірге бөліп зерттеу, ғылыми негізде баяндау, оны жоғарғы және орта мектепте оқыту мәселелерін жан-жақты саралап, Абайдан кейінгі қазақ әдебиеті, оның ақындық мектебінің концепциясын жасау, оның талантты шәкірттерінің шығармашылығын бағалауға ғылыми тұрғыдан келу мәселелерін көтереді. Зерттеуші Абайдың ақын шәкірттері қатарына жатқызғандардың барлығын (Турағұл, Әріп, Шәкәрім) «Социалистік Қазақстан» газеті «совет үкіметіне, партияға қарсы адамдар. Бұл мақала авторы оларды «прогрессшіл еді», «шәкірті еді» деп босқа лағып отыр», – деп біржақты пікір білдіреді. Қазақстандағы ұлтшылдық айыптаулармен байланысты науқан осылайша Абайды зерттеушілерді сынаумен басталып, Абайдың әдебиет мектебін де үлкен айтысқа тиек қылғаны белгілі. Абайдың ақындық мектебі төңірегіндегі айқай-шу абайтану ғылымының әлі де темір құрсау торында екенін көрсетті.

Ал 1951 жылдың 7 сәуірінде Қайым Мұхамедханов «Абайдың ақындық мектебі» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Қорғау барысында кемеңгер жазушы Мұхтар Әуезов пен шәкірті Қайым Мұхамедхановты кінәлап, тырнақ астынан кір іздеушілер көп болды. Бұл – ғылыми айтыс емес, М.Әуезовке бағытталған қасақана шабуыл еді.

Қорғауда С.Нұрышев пен Қ.Жұмалиев диссертацияның «зиянды» тұстарын әшкерелеп қарсы шығады. «...Ауэзов утверждает, что идейно творческое направление Абая, школа Абая – это панисламизм. Если бы он вышел за рамки аула, он пошел бы по пути панисламизма. Даже поворот Абая к русской культуре он объясняет панисламизмом. Считать ли это только ошибкой, которую можно было бы заметить как это делает М.Ауэзов? Нет, нельзя. Это можно считать протаскиванием в советскую науку антимарксистских взглядов, как со стороны диссертанта, так и со стороны М.Ауэзова» [9]. Қ.Жұмалиев сөзінің қорытындысында: «Диссертация тов. Мухамедханова, представленная и соискание ученой степени кандидата филологических наук, не соответствует требованиям, предъявляемый к кандидатской диссертации, потому что она носит антинаучный характер. В ней сосредоточены восхваления поэтов, идеализирующих Кенесары Касымова, протаскиваются идеи пантюркизма, находят себе оправдания поэты, чуждые народу по своему мировоззрению. Поэтому я, как член Объединенного Ученого Совета гуманитарных институтов АН КазССР, при всем своем уважении к официальным оппонентам, не могу ходатайствовать перед Ученым Советом о присуждении автору диссертации ученой степени кандидата филологических наук без коренной переделки его работы», – деген пікір білдіреді.

Қайым Мұхамедхановтың тағдырына қауіп төндірген бұл әсіре бағалаулар қуғындалудың жаңа кезеңінің басталуына әкелді



Бұл қорғау екі айдан кейін, 1951 жылы 15 маусымда, Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институты мен Қазақстан Совет Жазушылар одағы бірлесіп өткізген «Абайдың әдеби мұрасы мәселесін талқылауға арналған ғылыми айтысқа» ұласты. Үш күнге созылған жиналыста «Абайдың әдебиет мектебі және оның шәкірттері», «Абай мұраларын танудағы кейбір талас мәселелер», «Абай творчествосының идеялық арналары туралы», «Абай мұрасын танудағы жетістіктер мен кемшіліктер» деген тақырыптарда жазушы С.Мұқанов, филология ғылымының кандидаттары С.Нұрышев, М.Сильченко және профессор М.Әуезовтер баяндама жасайды.

«Выступивший на дискуссии писатель С.Муканов в своем докладе «О литературной школе Абая и его учениках» справедливо назвал К.Мухамедханова «тенью Мухтара Ауэзова». Действительно, если проследить работы профессора М.Ауэзова по абаеведению на протяжении ряда лет, то станет ясным, что К.Мухамедханов шаг за шагом, а подчас и слово в слово повторяет мысли, положения и формулировки М.Ауэзова», – шынында да Қайымды Мұхтардың «жан торсығы» деушілер көп болды. Өкініштісі сол, ол сөзді тек саяси мақсатта ғана ұтымды пайдалана білді. М.Әуезов Қайым арқылы өз ойын, өз мүддесін жүзеге асырды деп сын айтушылардың басты ұстанымы осы болды.

Ғылым академиясының Президиумы мен Қазақстан Совет Жазушылар одағының Президиумы: «Қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтың өмірі мен творчествосын ғылыми жолмен зерттеу жөніндегі айтыстың қорытындысы туралы» деген қаулы қабылдап, төмендегідей айып тағады:

«Абай мектебінің» концепциясын тұңғыш рет қазақ әдебиетінің тарихында проф. М. Әуезов енгізді. Тіпті, мынаған дейін жетті, 1951ж апрельде ҚазССР Ғылым академиясының гуманитарлық институттарының бірінен Ғылыми Советі Қ. Мұхамедхановтың «Абайдың әдеби мектебі туралы» деген саяси зиянды диссертациясын қабылдап, оны қорғауды жүзеге асырды, бұл диссертациясында Совет өкіметі дәуіріне дейін өмір сүріп, оның қас жауларына айналған буржуазияшыл- ұлтшылдар да Абай шәкірттері» деп мақталды.

Абай мұрасын зерттеу жайында өткізілген айтыста «Абайдың ақындық мектебі» деген концепция болып айыпталды» [10].

Қ.Мұхамедханов қорғаған диссертация кеңес өкімет идеологиясына жат деп бағаланып, жарыққа шығуға тиіс «Абай шәкірттері» еңбегі баспадан шығып тұрған жерінде құртылды. Осы қым-қуыт уақиғадан кейін Әуезовтің «Ақын аға» романы да «Абай шәкірттерінің» кебін киіп, өзі Қазақ ССР Ғылым академиясы Президиумының мүшелігінен шығып, университеттен қуылады.

Қ.Мұхамедханов «теріс пиғылды» диссертацияның кесірінен Семейдегі Абай музейінің директорлығынан босап, халық жауы ретінде тұтқынға алынып, ҚазССР Жоғарғы Сотының шешімімен 58-бапқа сәйкес 25 жылға сотталады. 29-31 мамыр аралығында Семейде өткен сотқа «айыптаушыны» Алматыдан арнайы Семейге әкеледі. «Кінәсін» мойындамаса да, «көз көргендердің» сөзі ескеріліп, тағы да 5 жыл қосылып беріледі. ССР-дің фашистік Германияны жеңу құрметіне орай ату жазасына өзгерту енгізуі ғана ғалымның жазасын жеңілдетеді.

Семейдегі Абайдың әдеби музейінің жайына арналған тарих ғылымдарының кандидаты Т.Елеуовтің баяндамасында осы уақытқа дейін орын тауып келген «ұлтшылдық, контрреволюциялық» материалдардан, «бағалы экспонат» саналып келген «қоқыстардан»: халық бұқарасының қас дұшпаны Кенесарының, оның баласы Сыздықтың, басқа да хандар мен билердің суреттері, «алашордашылардың» газет-журналдарынан Абай музейін тазарту керектігін айта отырып: «Руководства музея Абая в лице директора К. Мухамедханова и ученого секретаря Т.Аккермана в направлении и содержании работы музея отошли от марксизма. Буржуазно-националистическая антинаучная концепция «Школы Абая» оказалось в центре научно-исследовательской работы музея. Это привело к популяризации политически сомнительных лица врагов народа» – делінген және Семей қалалық Комитеті музейдегі



басшылық қызметін қамтамасыз етпегендігі үшін Қ. Мұхамедханов пен Т.Аккерманды жұмыстарынан босату туралы шешім қабылданғандығы баяндалды.

Осы шешім негізінде НКВД-ның Семей облыстық басқармасы Қ.Мұхамедхановты 1951 жылы бірінші желтоқсанда антисоветтік, ұлтшылдық қызметі үшін тұтқынға алады. 1952 жылы ҚазССР-і мемлекеттік қауіпсіздік министрі генерал – лейтенант П.Фитин бекіткен айыптың қорытындысында ғалымға мынандай кінә тағылған: «К.Мухамедханов обвиняется в том, что на протяжении ряда лет проводил антисоветскую националистическую работу: протаскивал в казахскую литературу и пропагандировал реакционных, антисоветский настроенных поэтов и их враждебные националистические «идей»; хранил у себя в квартире антисоветскую литературу и контрреволюционные издания, используя их в своей антисоветской работе».

«Біз атақты Ермұхан Бекмаханов, Есмағамбет Ысмайлов, Бекежан Сүлейменов – төртеуіміз айдалдық, артымыздан Қажым Жұмалиев сотталды. Сегіз ай тергеуде жатқанда жеті тергеушіні аустырдым. Алған бетімнен қайтпай қойдым. «Мұхтарды сат, диссертацияны зорлап жазғызды, ғылыми еңбектеріңнен бас тарт, жазаң жеңілдейді», – дейді олар. Одан да өлгенім артық емес пе, жалған айтып, қайтіп жер басып жүремін», – дейді Қ. Мұхамедханов сыр-сұхбатында. Адамды да, әдебиетті де саясаттың құлы еткен қоғамның зәрлі зардабының көрінісі зерттеушіге жала жауып, Карлагтың қан шеңгеліне жөнелтіледі.

Түрме тауқыметін ғалым былай еске алады: «Бір күні ыстық карцерге қамады. Жалаңаш күйімде оймақтай тесіктен сәуле себезгілеген қара түнек камераға енгізді. Тас еденнің суығы миыңа жетеді. Ортада жез табақ қағылған дінгек – орындықтан басқа ештеңе жоқ. Бір сәтте табаным жылына бастады. Жылу күшейді, табаның күйгенде шыдай алмай билейсің. Жанымды қоярға жер таба алмай, дінгек – орындыққа атып шықтым. Жез табағың одан бетер жалындап тұр екен. Қабырғаның бәрі жалын шашады. Тынысым тарылып, тамағым құрғады, тілім аузыма сыймайды. Осы сәт темір есік сықырлай ашылды да, екі езуі екі құлағына жеткен күзетші жыртық аяққа құйылған су ұсынды. Бір ұрттам суды жөндеп іше алмадым, ағып кетті. О дүниедегі нағыз тамұқ осы екен ғой деп ойладым» [4]. Абай үшін азапқа түскен ғалым рухын жан түршіктірер жауыздық жасыта алмады. Қ.Мұхамедхановтың Абайдың ақын шәкірттері мұраларын зерттеуге бағытталған ізденістері темір тегеуріннің құрығына ілініп, зорлық – зомбылықты басынан кешіруге мәжбүрледі. Алайда өр мінезі мен жігері мұқалмай, «Абайға өмірдің ақырына дейін қызмет етем» деген сертіне адал болды.

Кеңестік құрылыстың жылымық уақыты қазақ әдебиеттану ғылымына, абайтану саласына недәуір оң өзгерістер әкелді. 1954 жылдың 9 желтоқсанында Қазақ ССР Жоғары Сотының Қаулысы бойынша Қ.Мұхамедхановқа қатысты сот үкімі күшін жойса да, саяси тұтқынды босатуға асықпады. Тек 1955 жылы ғана азаттық алып, еліне қайтып оралады.

Қайым қамқор досы, әрі ұстазы Мұхтар Омарханұлының 1953 жылғы «Правда» газетінде жарияланған П.Кузнецовтің мақаласына берген жауабында өзінің Абайдың ақын шәкірттері туралы идеяларынан бас тартқандығына ренішін мына өлеңмен білдіреді:

Отқа салдың, отырдым көзім жайнап,
Тордағы арыстандай жігер қайнап.
Шыңдалып, шым болаттай шықтым міне,
Отырмын достарыммен күліп ойнап

Сонда кемеңгер жазушы Мұхтар Әуезов: «– Әй, Қайым-ай, сен нені түсінесің? Түрме саған ештеңе үйретпеді ме? Олардың аңдығаны – сендер емес, менмін ғой. Мен өзім үшін емес, сендер үшін осындай әрекетке бардым. Сендерді сөйтіп қорғадым. Егер мен қасарыса берсем, сендерді қысады. Мен жұмсарсам – сендерге де жұмсарады. Мұны тактика дейді», – деп заманының сұрқия мінездерін айтыпты [11, 7].

Мұхтар Омарханұлының бұл әрекетін ұлт зиялыларын Сталиндік репрессия түгесіген шақта, Абайдың ақын шәкірттерінің тағдыры қыл үстінде тұрған тар кезеңде жол таба білген



ерлікпен пара-пар деп бағалауымызға болады. Әуезов осылайша «өз қателігін» мойындай отырып, халқына Абайын сақтап қалды.

Сталиндік қанды қырғынның дәуірінде ардақты тұлғаларымыздың өмірі үнемі үрейленумен, өксімен өтті. Елінің қамын ойлаған боздақтарымыздың талайы репрессия құрығынан аман қалмағаны да белгілі. 37-нің қырғынан кейін, қазақ елі тарихында 50-жылдар зұлматты кезең болып мәңгіліке халық жадында сақталып қалды.

Абайтану ғылымы М.Әуезов пен Қ.Мұхамедхановты телқоңырдай жақындастырып, Қайымды Мұхтардың рухани інісі атандырды. Абайтану ғылымының дамуы жолында бар ғұмырын арнаған Қайым Мұхамедханов есімі қашанда алтын қордан саналмақ. Ғалымның Абайдың әдеби мектебі мен ақын шығармалырының тектологиясын зерттеудегі еңбегі ұшан-теңіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сүйіншәлиев Х. Абайдың қарасөздері мен нақылдары. Кітапта: Абайтану. Тандамалы еңбектер. X томдық. 3-том. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 272 б.
2. Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры. – Астана: Ел-шежіре, 2008. – 357 б.
3. Мұқанов С. Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер // «Еңбекші қазақ», 1923, 1 март.
4. Тоқпатаев У. Ұлттық рухтың қазынасы // Дидар, 2000, 4 қазан.
5. Мұхамедханов Қ. Ұлы ұстаз, қамқор аға // Парасат, 1997, №8, 6 б.
6. Смағұлова А. Ғалым мұраты (Қ.Мұхамедханов туралы зерттеу). – Семей: интеллект, 2007. – 166 б.
7. Мұхамедханов Қ. Абайдың әдебиет мектебі // Екпінді, 1940, 23 қыркүйек
8. Жұмақанов Ж. Абайға ешбір қоқыс жараспайды // Социалистік Қазақстан, 1947, 2 тамыз.
9. Қайым Мұхамедханов: Абайдың әдебиет мектебі (Диссертациялық Кеңес Стенограммасы). <https://adebiportal.kz/kz/news/view/13633>
10. Абайтану мәселелеріне арналған айтыстан // Лениншіл жас, 1951, 22 маусым.
11. Мұхамедханов Қ. Зерттеулер мен мақалалар. 1-том. - Алматы: Алаш, 2005, -352 бет.

МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕН АКАДЕМИЯЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ

Ескалиева Мейрамгул Мауытовна

Атырау қаласы

Д.Қонаев атындағы Vinom school мектеп – лицейінің математика
пәнінің мұғалімі, математика магистрі

Болашақтың бүгіннен нұрлы болуына ықпал етіп, адамзатты апаратын күш тек білімде ғана. Білімге қойылатын мақсат – өз бетімен білім ала алатын және алған білімін өмірдің түрлі жағдайларында қолдана білетін жеке тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ететін оқытудың жаңарған технологияларына көшу. Қазіргі кезде мектеп ғылым жетістіктері мен адам қызметінің әртүрлі салаларының сұраныстарына сәйкес ертеңгі күннің қажеттіліктеріне сай бола отырып, мектеп бітіруші тұлғаның алдағы өміріне қажетті білімінің берік іргетасын қалауы керек.

Математикалық білім берудің басты мақсатының бірі «дүниетану заңдарын түсіндіру», қисынды пайымдауға үйрету алға қойылған міндеттің мәнін түсіне білуге тәрбиелеу болып табылады. Осы бағытта «есептерді трансформациялау» ұғымының математикада қолдану тиімділігін ұсынамын.

Академиялық форма — ғылыми зерттеуді ұсыну түрі немесе типі. Академиялық сөзінің мағынасы - ғылымда, өнерде қалыптасқан дәстүрлерді ұстану. Зерттеу нәтижелерін ұсынудың академиялық формалары әртүрлі болады (мысалы, есеп, мақала, баяндама т.б). Трансформация - латынша *transformatio* – айналу, түрлену мағанасын білдіретін ұғым.[2]



Мектепте оқушыларға математиканы меңгертуде тапсырмалардың дұрыс таңдалуы маңызды. Оқушының жұмысы тапсырма арқылы көрінетіндіктен, тапсырманы таңдау айрықша рөл атқарады.

Оқу мақсатына байланысты оқулықтардан алынған тапсырмалар сыныпта отырған барлық оқушылардың қабілеттерін аша алмауы мүмкін. Сондықтан мұғалімнің академиялық формада берілген тапсырмаларды трансформациялауы арқылы оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, тапсырманы шешуге ынтасын арттырады, математиканың өмірде қолданысның мәнін терең түсінеді.

Әр мұғалім кез – келген пәнді меңгертуде мына аспектілердің маңыздылығын біледі:

- бағдарлама
- сұрақтар
- тапсырмалар
- бағалау

Академиялық есептерді трансформациялағанда есепті мәтінді есепке айналдыру керек. Мәтінді есеп келесі критерийлерге сәйкес болуы шарт. Олар:

- Құзыреттілікке бағытталған
- Математикалық модельдерді құруды талап ететін
- Ситуациялық маңызы бар және тұжырымның жаңалағы бар.
- Оқушылардың жеке тәжірибесі қолданылады [3]


Енді осы критерийлерді ескеріп, мәтінді есеп құрастырайық.

1 – мысал.

5 сынып, Тақырыбы: Бөлігі бойынша санды табу. ОМ: 5.1.2.24 санның бөлігін және бөлігі бойынша санды табу. 5.5.1.4 санның немесе шаманың бөлігін табу және бөлігі бойынша санды немесе шаманы табуға арналған есептерді құрастыру және шығару.

Академиялық тапсырма: 30 – дың 0,4 бөлігі нешеге тең? [1]

Трансформациялық есеп:



1 – есеп. Арманның әкесі моншаның еденіне кафель төсемекші болды. Ол бірінші күні жоспарланған ауданның 0,4 бөлігін төсеп шықты. Егер моншаның еденінің ауданы 30м^2 болса, Арманның әкесі бірінші күні төсеген еденнің бөлігінің ауданын табыңыз.

Шешуі: $30 \cdot 0,4 = 12\text{м}^2$.

2 – есеп. Кафельдің әр қорабында 1 м^2 кафель бар. Арманның әкесі екі күнде жұмысты бітіретін болса, әр күні қанша қорап кафель жұмсайды?

Шешуі: 1) $30 : 1 = 30$ (қорап) $1 - 0,4 = 0,6$

2) $30 - 12 = 18\text{м}^2$ немесе $30 \cdot 0,6 = 18\text{м}^2$. Жауабы: 1-күні: 12 қорап; 2-күні: 18 қорап;

3 – есеп. Дүкенде кафельдің 1м^2 бағасы 1600 теңге және жеткізу қызметі 500тг болса, моншаға кафель сатып алуға 50000теңге жетеді ме?

Шешуі: 1) $1 \cdot 30 = 30\text{м}^2$

2) $30 \cdot 1600 = 48000\text{тг}$

1) $48000 + 500 = 48500\text{тг}$

2) $48000 < 50000$

Жауабы: жетеді.

Трансформацияланған тапсырмаларды құрудағы ұсыныстар:

- Кешенділік (тапсырма саны, дереккөздер, ақпаратты ұсыну нысаны)



- Ынталандыру (қызығушылық, қол жетімділік, танымдық)
- Проблемалық (проблема бар ма, проблема күнделікті оқулықтан өзгеше ме)
- Мәнмәтіндік(тапсырманың контексті қалай ұсынылған: объектінің орналасқан ортасы)

Мұғалім оқушыларға тапсырмаларды ұсынуда мына сұрақтарға жауап іздейді:

- Оқу мақсатына сай ма?
 - Сынып оқушыларының қажеттілігіне сай ма?
 - Академиялық тапсырманы қалай трансформациялауға болады?
 - Оқушылар үшін тапсырма қызықты ма?
 - Өмірлік жағдайларда қажетті дағдыларды дамытуға ықпал ете ме?
- Енді осы сұрақтарға жауап ретінде төмендегі мысалды қарастырайық.

2 – мысал. «Санның бөлігін табу»

ОМ 5.1.2.30 Ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке бөлуді орындау;

Академиялық есеп: Амалды орында: $24:0,6$

Трансформацияланған есеп:

5- сынып оқушылары мектеп алаңында екі топқа бөлініп ойын ойнады. Екі топ бір – бірінен 24 м қашықтықта тұр. Әйгерімнің бір қадамы 0,6-ға тең. Ойын шарты бойынша ол қадамының санын алдын ала айтып, содан соң санап жетсе, өз тобына бір оқушыны алып қайтады. Әйгерім 40 қадам деді. Сен қалай ойлайсың ол өз тобына келесі топтан оқушыны алып келе алады ма?



24 м

Шешуі: $24:0,6 = 40$ қадам. Жауабы: Айгерім өз тобына бір оқушыны алып келеді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын тәрбиелеу мен дамытуда математиканы оқыту және математиканың көмегімен білім алуға жағдай жасау міндеті жатады. Математиканы оқыту және оқытудағы тәсілдердің мақсаты математиканы түсінумен қатар оны оқушылардың өз тәжірибесінде кездесетін жағдайларда қолданысын меңгеру. Әр мұғалім оқу мақсатына жету үшін ұсынылатын тапсырмаларды іріктеу маңызды мәселе. Академиялық есептерді трансформациялап беру немесе жаңа тақырыпты түсіндіруде қолдану оқушылардың жоғары деңгейде ойлануын жүзеге асырады. Трансформацияланған есептерді оқушыларға ұсыну арқылы математикалық сауаттылықты дамытады және жоғары дәрежеде ойлану тапсырмаларын орындайды.

Трансформацияланған есепті шығару арқылы академиялық есептің шығарылуын терең түсінеді, мәнін ұғады. Сондықтан, оқушылардың жоғары деңгейде ойлауын қамтамасыз ету үшін трансформацияланған есептерді ұсыну оқушының математикалық заңдылықтарды терең түсінуіне жол ашады.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.Т.А.Алдамұратова, Қ.С.Байшоланова Математика – 5 сынып. Алматы «Атамұра» 2017ж
- 2.<https://kk.wikipedia.org/wiki/>
- 3.<https://youtu.be/yuFkeYBXHW8>



«РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ГЕОГРАФИЯ» АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

Жумагалиева Анар Женисовна

*№19 Қ.Сәтпаев атындағы мектеп-гимназиясының география пәні мұғалімі,
педагог-шебер, жаратылыстану ғылымдарының магистры*

«Рекреациялық география» тақырыбындағы бағдарлама оқу жоспарының вариативті бөлігінің оқу бағдарламалары және элективті курстарды әзірлеу және әдістемелік қамтамасыз ету барысында барлық деңгейдегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын басшылыққа ала отырып, «Оқу жоспарының вариативті бөлігінің оқу бағдарламалары және элективті курстарды сараптамадан өткізу және оларды жаңартылған білім беру мазмұны аясында әдістемелік қамтамасыз ету» туралы ереже Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңына (06.05.2020 жылы енгізілген толықтырулар мен өзгертулер негізінде) сәйкес әзірленді. Бағдарлама мазмұнына аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат жүктеме берілген. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныптарда география пәнінде қолдануға ұсынылады.

Бағдарламаның мақсаты: Рекреациялық географияның әдістемесі мен зерттеу әдістерінің негіздерін оқыта отырып, Қазақстанның рекреациялық ресурстары туралы түсінік беру.

Міндеттері:

1. Рекреациялық география туралы түсініктерін қалыптастыру;
2. Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеу;
3. Шығармашылық ойлауын дамыту;
4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру;
5. Қазақстанның рекреациялық ресурстарының ерекшеліктерін талдауға баулу;
6. Рекреациялық ресурстардың адам денсаулығы үшін маңыздылығына талдау жасауға үйрету;
7. Танымдық қабілеттерін және зерттеушілік дағдыларын дамыту;
8. Рекреациялық ресурстарды сақтау және оларды тиімді пайдалану құзыреттіліктерін қалыптастыру;

Өзектілігі: Әлемдік білім беру үдерісінде аталған тақырып 1960 жылдардан географияның ғылыми бағыты ретінде өзекті. Отандық білім беру үдерісінде Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында емдеу-сауықтыру және медициналық туризм түрлерін табысты дамыту мақсатында қазіргі уақытта туристік-рекреациялық әлеуетті бағалау өзекті.

Бағдарламаның жаңалығы:

Педагогикалық жаңалығы: Рекреациялық географияны дамыта оқыту технологиясы арқылы оқыту.

Психологиялық жаңалығы: Рекреациялық география негіздерін оқыта отырып білім алушылардың бойында ақыл-ой, таным қабілеттерін, зерттеу дағдыларын дамыту.

Күтілетін нәтиже:

1. рекреациялық география туралы түсініктерін қалыптасады;
2. Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілікке үйренеді;
3. Шығармашылықпен жұмыс істеу дағдысы дамиды;
4. білім, білік, дағдылары қалыптасады;
5. Қазақстанның рекреациялық ресурстарының ерекшеліктерін талдауға үйренеді;
6. рекреациялық ресурстардың адам денсаулығы үшін маңыздылығына талдау жасауға дағдыланады;
7. ақыл-ой, таным қабілеттерін және зерттеушілік дағдылары дамиды;
8. рекреациялық ресурстарды сақтау және оларды ұтымды пайдалану жолдарына тұжырым жасай алады.

Пайдаланылған әдебиеттер**Мұғалімдер үшін:**

1. Ердаuletов С.Р., Исакова К.А., Артемьев А.М., Баяндинова С.М. «Рекреациялық туризм»: оқу құралы – Алматы:Қазақ университеті, -2017ж.,-196 б.
2. Гирова Н.Н. «Рекреациялық ресурстар»: «Ни́жний Новгород мемлекеттік сәулет-құрылыс университеті», жоғары кәсіптік білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік оқу орны - Ни́жний Новгород, 2012. -332 б.
3. Ердаuletов С.Р., Исакова Қ.А., Ақтимбаева А.С., Көшкімбаева У.Т.,«Агротуризм»: Ұжымдық монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2017ж. – 170 б.
4. Ф.Б.Бөрібекова, Н.Ж.Жанатбекова Қазақ педагогикалық технология ғылымы: Оқу құралы. - Алматы: 2014. – 360 б.,
5. Абишева З.М., Абдреева Ш.Т. «Туристік өлкетану жұмыстарының негіздері»: оқу құралы. – Өнд. толықт. 2-бас.– Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 122 б.
6. Даурыкпаева Ш.А., «Қысқа мерзімді сабақ жоспарлар жинағы». Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған-Астана: «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы, 2018ж., -208 б., сур.
7. Христов Т.Т. «Туризм географиясы»: Университеттерге арналған оқулық - 2-бас., қайта қаралған.- Мәскеу: Юрайт баспасы, 2024ж. - 282 б. 13-176
8. Филимонова И.Ю. « Рекреациялық география»: Зеретханалық жұмыстарды жүзеге асыру бойынша ұсыныстар.-Орынбор Мемлекеттік Университеті. – Орынбор: ОМУ, 2016ж. – 30 б.
9. Әлімов А.Қ. «Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану»: Оқу құралы- Алматы: 2015ж – 180 б.,
10. Садыков Ж.А., Жакупов А.А.,Төлеген Е.Т. «Туроперейтинг»: Оқу құралы.- Алматы: Лантар Трейд ЖШС, 2022ж. - 341 б.
- 11.Байметова Ж.Р., Қаратабанов Р.Ә., Қуанышева Г.А. «География» 8 сыныпқа арналған әдістемелік оқу құралы (электрондық нұсқа)-Алматыкітап:2018ж.,-264 б.
12. Батырова Н.Т., Мурзамадиева М.С. «Туризм және қонақжайлылық индустриясының маркетингі»: Оқу құралы. - Алматы: ЖШС Лантар Трейд, 2022 – 172 бет.
13. <https://www.undp.org/kk/kazakhstan/stories/kazakstannyn-tabigaty-ekoturizmdi-damytudyn-negizgi>

Оқушылар үшін:

1. Қаратабанов Р.Ә., Қуанышева Г.А., Байметова Ж.Р., Джаналеева К. «География». Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған - Алматыкітап: -2019ж. - 264 б.
- 2.Әбілмәжінова С., Каймулдинова К. «География». Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық-Алматы: Мектеп, 2018. – 256 б., сур.
3. Қаратабанов Р.Ә., Саипов А.А., Балғабаева Б.Х., Сапаров Қ.Т., «Қазақстан географиясы». Жалпы білім беретін мектептің 9-сынып оқушыларына арналған оқулық. 2-бөлім.- Алматыкітап: -2019ж. – 176 б., сур.
- 4.Дүйсебай А.Ш., Дүйсебай Б.Ш. «География-Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындыққа арналған» 2-кітап.- Алматы: «Education Consulting», 2023ж.- 204 б.
5. Дүйсебай Б.Ш. «География-Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындыққа арналған жұмыс 5-кітап.- Алматы: «Education Consulting», 2024ж.-112 б.
6. Мазбаев О., Асубаев Б., Тоқпанов Е. «Туризм және өлкетану негіздері»: оқу құралы - Астана: Фолиант, 2013ж. - 152 б.
7. <https://kk.wikipedia.org/wiki>
8. https://www.youtube.com/@geoglobus_kz



INCREASING STUDENTS' INTEREST IN LEARNING THROUGH GAME ELEMENTS OF GAMIFICATION

Zhailasheva Gulden Zhanabaevna

English teacher Makhambet district Secondary school named after Akhmet Baitursynuly

The game is to a large extent the basis of all human culture
Anatoly Vasilyevich Lunacharsky

Let's start with the definition of gamification. The term gamification was coined by Nick Pelling in 2002. We can define gamification as a strategy that introduces game elements into non-game activities to increase engagement and motivation.

Gamification is a method of transmitting information through a game. We teach through play, it is joyful and interesting for children to return to lessons.

It has many advantages over traditional teaching approaches, including:

- * Increase student engagement through social mechanisms such as icons, scores, or leaderboards.

- * Improve knowledge retention

- * Improving the level of motivation of students

In our modern world, technology is, of course, the driving force behind the development of training and training programs. To get the best results from students, modern teachers are increasingly using advanced digital tools and strategies in teaching methods. Gamification of learning is one such strategy that is often used by teachers around the world. The use of game elements has a positive effect on the participation and cooperation of students, allowing them to learn more effectively as a result.

Let's take the education system: modern children have long carried pencils and strings in their pockets and school backpacks and tablets, smartphones, portable gaming devices and other gadgets. And for what? Of course, play, because thanks to computer technology, you can now find great games. Children play at home, on the street, during breaks. You can resort to traditional methods, but then we will not quickly achieve what we want, because gradually we begin to get bored, get bored and become obsessed with what we do. But how to make your studies, work and life more interesting? It's very simple to do this - you need to learn how to turn any activity into a game. The power of the game is what creates a competitive nature in every person. When a person plays, he is more involved in the process, feels a sense of satisfaction from his achievements, which means that he is ready to often perform "unnecessary" actions that are necessary not only for him, but also in the school in which he studies. Moreover, the more he does this, the more he is immersed in and engaged, as a result of which he reaches new levels. Gamification is, first of all, a methodology for modifying human behavior, since it is based on the methodology of correct motivation, which is based on the analysis of human behavior, as well as on the analysis of the behavior of a given individual. Gamification as a method of changing human behavior appeared a long time ago. When gamification is used in teaching, it works in the same way. Through the game, students begin to develop skills that are willing to ignore or tend to resist. Gamification thus facilitates learning.

The difference between gamification and other educational technologies based on the principles of the game is the use of approaches specific to computer games in education in order to expand the participation of students in the educational process. Today, more than a hundred different educational technologies. Technology is a set of methods used in any profession, skill, art. If you ask what students want, most will say, "play computer games!». There is such a trend: the school world and the modern world are two different poles. The school world includes: the traditional class-lesson



system, homework, "standard, regular lessons", use of textbooks, atlas, maps, use of ineffective forms teaching methods in the lesson. What does the modern world cover? It is the era of post-industrial society, informatization, computerization, globalization, innovation, modernization, practice-oriented learning, etc. The result is a confrontation between two different worlds. School is a separate world, a separate modern world. In this regard, there is the problem: the lag of the educational space of the school behind the real children's world, the gap between reality and learning. At school, an artificial environment is created that contradicts the interests of children and limits their perception and development of the world around them. Basically, the teacher and student speak different languages. If earlier the teacher was superior to the student in terms of development and competence, now the teacher is far behind children who intuitively master new technologies and are embedded in their consciousness, behavior and ways of socialization. Therefore, another problem arises – children do not like the teacher, because the teacher is not a modern. Teachers are disconnected from the modern world: the lack of use of modern educational technologies, the lack of ICT competence, etc. As a result, children's distrust of school, loss of interest in learning. I regularly use game elements of gamification in my lessons. And I am convinced that schoolchildren have a great interest in this area. In the 6th "a" grade, "How do we improve the student's listening and pronunciation skills with the help of game elements of gamification?" a research question was asked, on which a research lesson was organized. Objective: to develop students' listening and pronunciation skills using game elements. To increase students' interest in learning through game elements of gamification, I used various online platforms. With the help of the ZipGrade application, I was able to check how the students learned the lesson, how much they understood it. The ZipGrade app was an effective and very great way to save time by requesting homework from all the students in the class. This application asks a question consisting of 5 possible answers A B C D E. From each question, 1 Correct answer is signed by students and through the scanner in the phone it is automatically displayed how many of the 20 questions are correct, how many percent are correct. This method is very effective for both the teacher and the student. I also regularly use various games on an online platform, such as Genial.ly, Baamboozle.com, Triventy.com, Umaigra.com, Kahoot.com, Goformative.com, LearningApps.org, Spinnerwheel.com, Quizlet.com. Through the platform, you can give students tasks in an exciting game. In my research lesson at Lesson study, I discovered the motivation of students to study using the games Farm Quiz, Prehistory Quiz, Puzzle Quiz, Genial Wheel Quiz, Bowling Quiz, True False on this platform. For example Genial.ly in the online game Farm Quiz on the platform, students on the topic had to take an inventory of animals on the farm by answering the question correctly. It was a very interesting and exciting game. Umaigra.com the platform is designed for checking homework, summarizing the lesson, memorizing. By logging into this platform, you can also run ready-made games for your students, or you can also create a task by choosing a template yourself. There are many things related to grammar and vocabulary on this platform. I lean more towards this platform in my lessons. For example, if you choose a football template, you will score a goal every time you answer correctly and become the winner. It is very interesting for students. Also with online games I used strategy Magical sweets, What is in the Box? Let's build a house, Umbrella, Pizza, Domino, Basketball, Various tasks such as Football time, Help the sun shining, Biscuits Oreo and French Toast Crunch have been compiled and implemented as a game. If I say to some game elements, for example, "What's in the box?", in this game, students stay behind the box and various objects are placed in the box, these inserted objects are held by the students with their hands, they find what it is and say in English, so that several students come out and find objects. My lesson was about vacation, I put things in a box related to vacation. The students took and look at the tools related to vacation, noted it, and finally revealed for themselves what today's topic is about. Instead of calling today's topic "Holiday", students thought through this game and remembered the words about vacation, determined a new topic for themselves. It was very interesting and attractive. Even the C-level students were very active. This



element of the game is indispensable not only in opening a new lesson, but also in asking for homework, repeating lessons. The game element "Magical sweets" is also one of the very interesting methods. Students, by pulling a string and completing a task in a candy tied to a string, receive their own sweet, that is, a gift. This game element had a very good effect on the development of students' critical thinking, pronunciation skills. I constantly use game elements of gamification in each of my classes. At the beginning of each lesson, I connect the lesson with elements of the game in order to create an atmospheric mood for students. It is very effective to use various techniques, games, starting with greeting and ending with the end of the lesson. I regularly use 6 Step in Bloom's taxonomy. At the beginning of the lesson, at the stage of knowledge, understanding "Help the sun shining", "What is in the box?", "Guess the song", "Fish, bird, beast" and various game elements are used. A student who was in a great atmosphere at the beginning of the lesson, his or her passion for the lesson will also be special. Even when explaining a new lesson, I do not want to explain it simply in words, I use game elements of gamification in group, pair, individual work, the lesson is very impressive. For example, if today's lesson is about travel, I organize competitions, competitions so that you feel like you are travelling in each country, have an adventure in this country, and win by completing tasks on the Genial.ly, Baamboozle.com, Triventy.com, Umaigra.com sites from this adventure. Students are active throughout the lesson, trying to complete the entire task as quickly as possible until they complete the task, score points and leave the adventure world. Even C-level students attend lessons with special interest. The game elements "Football time", "Zipgrade", "Learning apps", "Plickers" are a very indispensable way to summarize the lesson. For example, when using the game element "Football time", we divide the class into two groups and compete on which team scores the most goals. By answering a question or completing a task, whichever team scores the most goals becomes the winner. Students are very fast and active in this summing up contest. Students evaluated themselves using the methods of "Basketball", "Parachute", "Football", "Smart watch", "Knowledge post office", "Caspian Gold ATM", "SMS", "Elevator" and were very active in the lessons, striving to earn more points, get more tenge. Students evaluated themselves using game methods and were happy to see how many points they got in the end or how many tenge they collected. In this research lesson, level B and C students were making progress. During the Lesson study group, pair, and individual work was carried out using effective methods. Students in level A - leadership, students B - dexterity and students C were able to show their activity without lag. At the end of the lesson, the subject teachers discussed the lesson in three stages and the lesson ended successfully. Thanks to the game elements, their interest in lessons has grown, pronunciation and listening skills have developed. I have been looking for and working on the topic of Increasing students' interest in reading using game elements of gamification for a long time. Game elements of gamification are a very interesting topic not only for schoolchildren, but also for school teachers. That's why I organized a seminar for teachers. At the seminar held as part of the methodological day at our school, the interest of teachers in this topic was noted. At this seminar, I shared my methods and techniques that I use daily and organized interesting competitions among teachers. Umbrella method, Who is faster? Football time, I shared my experience by demonstrating the spinner technique use platforms Genial.ly, Baamboozle.com. The seminar was very useful for teachers. I wanted to share my experience about using new learning new techniques and gamification elements and wrote article. My article was published in the Republican magazine "Mugalim mereyi" in the February issue of 17, 2023 year, on the topic "Increasing students' interest in learning through game elements of gamification". In this article, it was also mentioned that the game elements of gamification increase the desire of students to learn. I suggest you take this magazine and read it. Gamification is the use of game elements in the learning process. Do not confuse it with a game: gamification is primarily aimed at achieving results. Gamification itself is not a new phenomenon, but rather a new term and its definition. Since I started using game elements of



gamification in my classes, there has been an increase in the quality of education in the classes I teach, for example, the quality of Grade 6 A, that is, compared to the same 2nd quarter of last year, the quality increased by 66.6%, in the 2nd quarter of this year, the quality increased by 83%, +16.4%. In the 8th grade, it increased by +8.4 percent, that is, by 66.6 percent, and this year by 75 percent. Such additions are also available in each class, so it will certainly be more effective to use online ICT games in the use of game elements of gamification. I think I was able to share great ideas and lead students to the heights, especially by reviewing innovative methods and technologies in Lesson study classes. It should be noted that, students' interest in the subject increases, and each student becomes the first, leader, winner, etc. the competitive spirit captivates students. The use of game methods encourages the student to analyze, compare, study the hidden causes of phenomena, and motivate, cognitive activity increases. Using the game elements of gamification, students' self-confidence, the ability to encourage themselves, that is motivation, increased interest in the English subject. Pedagogical methodological foundations for the use of information technologies are being formed. The effective use and use of information and communication technologies in teaching through game elements of gamification in the educational process gives a significant positive experience. In particular, the independent search of students increases interest in the subject, creates a special favorable environment for the development of creativity, the formation of a culture of educational activity, and the organization of independent work. Use of informatization and information and communication technologies in the educational process in teaching game elements of gamification in the education system allows the student to undoubtedly, it will increase interest and quality of the profession, strengthen creative inspiration, form a scientific vision, and determine the ways of development of society in training competitive specialists in the labor market. Use of ICT in the educational process increases the student's interest, strengthens creative inspiration and forms a scientific approach. In my lessons, I realized that gamification is an attractive way to show students new thoughts and impressive ideas through the use of game elements of ICT. It was also of great importance in the joint analysis of new materials. This student and teacher easily converts new information, achieves the efficiency of creating and moving new objects. It is obvious that the interest of students will increase if each teacher, when conducting classes, learns using new technologies to give students a quality education, as well as using a computer, an interactive whiteboard. The ability to correctly use information technologies in pedagogical terms in the use of game elements of gamification increases the student's interest in the lesson, awakens motivation for the lesson, gives him a free and wide opportunity to work independently, organize debates, answer problematic questions and connect with life. In summary, gamification has a real advantage in the use of game elements in lessons: systematic study of a foreign language, creating a favorable atmosphere in the classroom, the attention of the audience increases, the effect of competition increases student activity and labor productivity, we develop all 4 main types of speech activity: speaking, listening, reading and writing, games promote emotional relaxation and overcoming the language barrier, during the game we create a communicative situation. Today, the main task of the state is to modernize the education system. In the field of modern education, it is impossible to become a competent, versatile specialist without mastering new teaching technologies. Of course, the quality of a specialist directly depends on the qualifications of the teacher. Our wise people said: "The best teacher is the best position." Because at what stage, in which society, the formation of personality begins with the teacher. Therefore, let's become a creative teacher who uses the game elements of gamification using new technologies in every lesson.



КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНДЕ ОҚТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІС ТӘСІЛДЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ

Жұмағалиев Бекнұр Бақтығалиұлы

*Атырау қаласы №36 мектеп-гимназиясы көркем еңбек
пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші*

Қазіргі таңда Қазақстанда орта білім мазмұнын кезең-кезеңімен жаңарту жүріп жатыр. Бұл процесс орта білім берудің барлық салаларында елеулі өзгерістермен бірге жүреді және оқу-тәрбие процесінің барлық қатысушыларына әсер етеді. Заманауи жалпы білім беретін мектеп бастамашылық, шығармашылық ойлау және стандартты емес шешімдерді табу сияқты маңызды қасиеттерге ие, өмір бойы өзін-өзі тәрбиелеуге дайын тұлғаны қалыптастыруға көмектесуі керек. Қоғамның бүгінгі даму тенденциялары мектепке бірқатар талаптар қойып отыр, оның бірі оқушылардың шығармашылық белсенділігін қалыптастыру. Шығармашылық мұғалімнің міндеті – ол балаларға дұрыс сурет салуды немесе сәндік өнер айналысуды үйретіп қана қоймай, сонымен қатар көркем еңбек сабақтарында шығармашылықты дамытуға үлкен көңіл бөлуі, оқу процесінде дербестікке баулуы керек. Көркем еңбек сабақтарындағы мұғалімнің қызметі белгілі бір шығармашылық өнімді жасаумен ғана шектеліп қалмай, ол көп сатылы бірізді іс-әрекет ретінде жүзеге асырылуы керек, мұнда соңғы өнімге емес, ерекше назар аударылады. бүкіл шығармашылық шығармашылық процесс. Қазіргі білім берудің басты мақсаты – бала тұлғасын тәрбиелеу және дамыту. Құрамдас бөлігі бейнелеу өнері болып табылатын көркем еңбек сабақтарында бекітілген міндеттерді орындамай, бұл мақсатқа жету мүмкін емес. Жалпы білім беретін мектепте мынадай міндеттер шешіледі: - оқушылардың шындық пен өнер құбылыстарына эмоционалдық-құндылық қатынасын қалыптастыру; - шығармашылық тұлғаны дамытудың негізі ретінде көркем-бейнелі ойлауды қалыптастыру; - мектеп оқушыларының өнер туындыларын тұлғаның рухани іс-әрекетінің көрінісі ретінде қабылдау қабілетін дамыту; - шығармашылық іс-әрекеттің пайда болған объектісі мен өнердің әртүрлі түрлерінің арақатынасы негізінде өнердің интонациялық-бейнелі тілін меңгеру; - ұлттық көркем мәдениет және оның әлемдік көркем мәдениеттегі орны туралы тұтас көзқарасты қалыптастыру. Баланың жас кезінен әсемдік сезімі, эстетикалық талғамы жоғары болуы керек. Өнер туындыларын, туған табиғаттың әсемдігі мен байлығын түсіне білу және бағалай білу, бұл рухани бай, үйлесімді дамыған жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жаңа, қызықты, стандартты емес нәрсені пайдалану қажет, бұл балалардың оқуға деген танымдық қызығушылығын дамытуға және білімді күшті игеруге ықпал етеді. Оқушылардың пәнге деген танымдық қызығушылығын дамытуға ұмтылу олардың ынта деңгейіне неғұрлым тиімді және тиімді әсер ететін, оқушылардың білімді меңгерудегі саналы белсенділігін қамтамасыз ететін жұмыс формаларын, тәсілдерін, әдістерін іздеуге итермелейді. Көркем еңбек сабақтарында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін келесі оқыту әдістерін қолдануға болады.

Ойлап табу әдісі. Шығармашылық әрекет жаңа идея – жаңа жаңалықты тудырады. Жаңа тақырыпты түсіндіру дайын түрде берілмеуі керек. Қазіргі таңда белсенділік тәсілі маңызды: айту емес, өз бетімен оқуға жағдай жасау және көрсету. Сабақ барысында оқушы жаңа терминдермен, ережелермен танысып, осы білімін іс жүзінде қолдануға тырысуы керек. Жаңа тақырыпты интеллектуалды қыздыру түрінде түсіндіру. Жеке және ұжымдық ізденіс әрекетінің әдісі. Ізденіс әрекеті оқушылардың шығармашылық белсенділігін ынталандырады, барлық мүмкін болатын шешімдердің дұрыс шешімін табуға көмектеседі. Шектеу жүйесіндегі еркіндік



әдісі. Бір жағынан, кең мүмкіндіктер аясында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін үнемі белсендіру, екінші жағынан, шектеуді қатаң сақтауға үйрету.

Диалогтік әдіс. Мұғалім мен оқушы – сұхбаттасушылар ролінде әрекет етеді.

Салыстыру әдісі. Шығармашылық ойлауды белсендіру жолы. Сабақтарда бір есепті шешудің көп нұсқалы мүмкіндіктерін көрсету қажет. Шығармашылық шеберханалар. Шеберхана ойын, тәрбиелік, мәдени, көркемдік және шығармашылық кеңістіктердің жиынтығы ретінде әрекет етеді, онда бала өмір тәжірибесін, құндылықтарды меңгереді, шындықты ашады. Ол өз білімін қалыптастырады, құндылықтар мен мәдениетті қалыптастырады. Білімділік сабағы: оқушылар өз жүктерін жаңа біліммен, терминдермен, орындау техникасымен, көрнекі сауаттылықпен толықтырады.

Сайыс - сабақ: презентация ойын түрінде сұрақтарды ұсынады. Кім жауапты тезірек жіберсе, тапсырманы орындаса, ол ынталандыру сыйлығын алады, теориялық және практикалық материалды қалай меңгергендігі бойынша нәтижелері қорытындыланады. Ойнау, қайталау, есте сақтау, сызба құру, қателерді іздеу, тапсырмаларды орындау үшін қолданбаны жылдам пайдалану әрекеттері кіреді.

Тест - сабақ: оқушыларға үш-бес нұсқадан дұрыс жауапты таңдау ұсынылады.

Ойын - сабақ. Ойын – адамзат мәдениетінің қайталанбас құбылысы, оның бастауы мен шыңы, ойын баланы оқытады, дамытады, тәрбиелейді, әлеуметтендіреді. Ойын баланың шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға көмектеседі, сондықтан ол оқушыларды тәрбиелеу мен оқытудың ажырамас бөлігі және одақтасы болды. Сабақ соңында оқушының орындаған әрбір жұмысы міндетті түрде оң жақтарын тауып, бағалануы керек. Ынталандыру көңіл-күйді, еңбекке, жасампаздыққа құштарлығын арттырады. Қазіргі заманда көркем еңбек сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және оның орасан зор әмбебап мүмкіндіктерін пайдалану мыналарды қамтиды: - шығармашылық жұмыстарды жасау кезіндегі компьютерлік бағдарламалар мен қолданбалы бағдарламалар - зерттеулер жүргізуге, презентациялар мен жобаларды жасауға арналған интернет ресурстары; - қарым-қатынас, тәжірибе алмасу және ынтымақтастықты дамыту үшін қауіпсіз әлеуметтік желілер мен желілік орта; - белгілі бір ақпаратты жазуға және бекітуге арналған сандық камералар. Бағдарламаның мазмұны әр түрлі көркемдік-шығармашылық қызмет түрлерін қарастырады. Көркем еңбек мұғалімдерінің өз сабақтарында жүзеге асырылатын көркемдік іс-әрекет түрлерін өз бетінше таңдап, анықтаудың кең ауқымы бар. Негізгі мұғалім оқу жылында біркелкі бөлініп, көркемдік іс-әрекеттің негізгі үш түрін жүзеге асыруы керек: конструктивті, кескіндемелік, сәндік. Көркем іс-әрекеттің бұл түрлері бейнелеу-кеңістік өнерінің негізгі бағыттарын анықтайды, мысалы:

- бейнелеу – кескіндеме, графика, мүсін;
- конструктивті – сәулет, дизайн;
- сәндік - сәндік-қолданбалы өнердің әртүрлі жанрлары.

Орта білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде жеке тұлғаны әлеуметтендіруге, әртүрлі әлеуметтік топтарда тиімді қарым-қатынас жасай алатын азаматтарды тәрбиелеуге көп көңіл бөлінуде. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін көркем еңбек сабақтарында қажетті жағдай туғызып, оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамытатын және өз ойын сенімді жеткізетін әрекеттерді таңдау қажет. Мектеп оқушыларында, басқа жас кезеңдерінен айырмашылығы, тұлғалық бағыттылық сыртқы объективті дүниеге бағдарлануымен анықталады. Оларда визуалды-бейнелі ойлау және шындықты эмоционалды-сезімдік қабылдау басым, ойын әрекеті өзекті болып қалады. Қазіргі психология мен педагогикада балалар шығармашылығы деп баланың өзі үшін жаңа нәрсе жасалатын әрекет ретінде түсініледі. Ол бала өзінің тікелей жеке тәжірибесінде болмаған бұрын жасамаған нәрсені елестеткенде, біріктіргенде, өзгерткенде, жасағанда орын алады. Барлық шығармашылықтың



негізінде баланың қиялы жатыр. Қазіргі білім беру жағдайында тек білім беру мақсаттарын ғана емес, сонымен қатар оқушылардың жеке қажеттіліктерін, атап айтқанда әрбір баланың жеке, психологиялық, физиологиялық, жас ерекшеліктерін, оның оқуын ескеру қажет. Кейбір балалар үшін шығармашылық сабақтарында жеке тапсырмаларды әзірлеу қажет. Шығармашылық – белсенділіктің ең жоғары түрі, дербестік, жаңа, өзіндік бір нәрсе жасай білу қабілеті. Шығармашылық адам қызметінің кез келген саласында қажет: ғылыми, көркемдік, өндірістік, техникалық, экономикалық және т.б. Шығармашылықты дамыту – оқушылардың дербестігін дамыту, бұған ойластырылған тапсырмалар, нақты нұсқау беру арқылы ықпал етеді. Орта мектепте көркем мәдениет балаларда рухани мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде қалыптасады. Эстетикалық тәрбие – күрделі және ұзақ процесс, балалардың алғашқы көркемдік әсерлерін алады, өнермен танысады, әр түрлі көркемдік әрекет түрлерін меңгереді. Бейнелеу әрекеті оқушы үшін қызықты, толғандырады, өйткені оның қоршаған шындықтан алған әсерін қарындаш пен бояулардың көмегімен жеткізуге мүмкіндігі бар. Көркемдік білім, білік, дағды – мақсат емес, баланың мәдениетін қалыптастырудың негізгі құралы. Мектеп оқушыларын көркем еңбек саласының әртүрлі түрлерімен таныстыру баланың шығармашылыққа жақын болуына өз әсерін тигізеді. Балалар өнер жанрларын меңгереді, композицияны, пішінді, ырғақты, пропорцияны, кеңістікті, бояуды, динамиканы және басқа ұғымдарды көруге үйренеді, бейнелеу өнерінің көркемдік-бейнелі тілінің жалпы заңдылықтары төңірегінде топтастырылады. Қазіргі мектепте балаға өнердің оның жеке әлемімен, оның ой-сезімі әлемімен байланысын көрсету маңызды. Сондықтан оқыту процесінде ұлттық мәдениеттің өзіндік ерекшеліктерін ескеру қажет. Осылайша, баланы өнерге баулу мәселесі ол үшін тұлғалық маңызы бар туған жердің көркемдік материалы негізінде шешіледі. Мұғалім мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін ескеріп, көркем еңбек сабақтарында өнер мен еңбек заңдылықтарынан туындайтын белсенді және шығармашылық әдістерді көбірек, ал аз дәрежеде сөздік және ақпараттық әдістерді қолдануы керек. Көркем еңбек пәнінің тағы бір кезек күттірмейтін міндеті – баланың абстрактілі-логикалық және бейнелі ойлауын үйлестіру, бұл әсіресе білім берудің бастапқы кезеңінде, бала оқу іс-әрекетіне енді қадам басқанда маңызды. Оқушыларды ғылыми пәндерден көркемдік іс-әрекетке ауыстыру балалардың шамадан тыс жүктемесін азайтуға көмектеседі. Көркем іс-әрекет оқушыға айтарлықтай психотерапевтік әсер етеді, басқа сабақтардан туындаған жүйке-психикалық күйзелістерді жеңілдетеді, сол арқылы баланың денсаулығын сақтайды. Мұғалімнің шығармашылық жұмысы тұлғалық қасиеттердің белгілі бір жиынтығымен анықталады, олардың ең маңыздылары: эстетикалық тәрбиенің, көркемдік-шығармашылық іс-әрекетінің дамуының жоғары деңгейі. Мұғалімнің жоғары шеберлігінің белгісі – оқу-тәрбие үрдісін дұрыс, нәтижелі ұйымдастырып, жүргізе білуі, заманауи оқыту әдістері мен технологияларын жетік меңгеруі, дүниетанымы кең, дамып, жетілдіре білуі. Шығармашылық тұлғаны тек шығармашыл адам тәрбиелей алатыны жалпы мойындалған. Шынайы өмірде мұғалімнің өзін-өзі шығармашылықпен жүзеге асыру қабілеті неғұрлым жоғары болса, оның шәкірттерінің шығармашылық мүмкіндіктері де соғұрлым жоғары болатынын байқау қиын емес. Шығармашылықпен жұмыс істейтін әрбір мұғалім өзінің іс-әрекет жүйесін жасай алады, өз пәнін оқытуды қызықты, тартымды, терең, ал оқушылардың іс-әрекетінің тәсілдерін жан-жақты, шығармашылық және практикалық дәлелді етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Типовая учебная программа по предмету «Художественный труд » уровня начального и среднего образования. - Астана - 2016г
2. Выготский Л.С. «Воображение и творчество в детском возрасте». СОЮЗ, 1997г.



3. Сокольникова Н.М. «Изобразительное искусство и методика его преподавания в начальной школе». Издательство: Академия, 2008.
4. Жеделов К.О., Шапкина С.К., Королькова Н.А. «Изобразительное искусство». Алматы:кітап баспасы 2010
5. Кузин В. С. « Изобразительное искусство и методика его преподавания в школе». Издательство: Агар, 1998.



ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНЕ ЕНГІЗУДІҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Ибраева Ақерке Батырханқызы

№6 М.Мөңкеұлы атындағы орта мектебінің педагог-психологы

«Бала адаммен араласпайынша өмір сүре алмайды, өзінің бар жүрек жылуын басқа адамға беруді ұзданы талап етеді. Балаға ой еңбегінің шаттығын, табыс қуанышын беріңіздер».

(В.А.Сухомлинский)

Кіріспе

- 1.Қазақстандағы инклюзивті білім берудің қалыптасуы
- 2.Шет елдердегі инклюзивті берудің қалыптасуы
- 3.Шет елдердегі ЕББҚ бар балаларға жалпы білім беру жүйесі бойынша қорытынды

Қазақстан Республикасында әлемдік тенденцияларға сәйкес инклюзивті білім беру идеялары кең етек алуда: Еліміздің барлық облыстарында инклюзивті мектепке дейінгі және мектеп ұйымдары ашылуда. Қазіргі таңда елімізде мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы білім беру үрдісіне енуіне қажетті жағдайларды реттейтін белгілі бір нормативті-құқықтық база жасалған, оған сәйкес мектепте және мектепке дейінгі ұйымдарда қалыпты және дамуында ауытқушылықтары бар балалардың бірігіп оқуын жүзеге асыратын жағдайлар жасалуда («кедергісіз орта», материалдық-техникалық жабдықтау, коррекциялық және реабилитациялық шаралар және т.с.с.).Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға инклюзивті білім беру мәселелеріне Х.С.Ералиева, Д.Д. Ешпанова, Д.С.Жакупова, А.К. Жалмухамедова, З.А. Мовкебаева, И.А.Оралканова және т.б. жұмыстары арналған. Инклюзивті білім беру мәселесінің өзектілігі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың санының артуымен байланысты. Қазақстанда 16 -17 мыңға жуық мүмкіндігі шектеулі балалар дамуы қалыпты құрдастарының ортасына интеграцияланған. 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының міндеттерінің бірі: инклюзивті білім берудің жүйесін дамыту, төмендегілерді дайындауды қажет етеді: -ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қоғамға біріктіре оқытудың модульдік бағдарламаларын; -мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріге оқыту ережелерін, ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін бейімдеу формаларын анықтау; -мүгедек балаларды қашықтан оқытуды ұйымдастыру ережелері. Аталған категориядағы тұлғаларды инклюзивті оқытумен қамтамасыз ету



мәселелері ҚР Заңының №319-ІІІ 27.07.2007 «Білім туралы» Заңда (29.12.2014ж.өзгерістер мен толықтырулар), сонымен қатар басқа да нормативтік құқықтық актілер. Психолого-педагогикалық және нормативті-құқықтық әдебиеттерде инклюзивті білім беру мәселесі бойынша түрлі терминдер жиі қолданылады. «Интеграция» және «инклюзивті білім беру» бұл екі термин жиі бірінің орнына бірі қолданылады, себебі көптеген мектеп мұғалімдері оларды синоним деп санайды. Әйтсе де, бұл терминдердің арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Интеграция ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қалыптасып қалған мектеп өмірі мен мектеп құрылымына енгізу болып табылады. Бұл интеграциялық бағдарламалардың мақсаты – «балалардың дамуын қалыпқа келтіру», немесе оларға оқытудың қалыптасқан моделіне енуге көмек көрсету. Инклюзивті білім беру интеграциядан айырмашылығы басынан бастап барлық балаларды жалпы білім беретін жүйенің бөлігі ретінде қарастырады. Инклюзивті білім беру мақсаттарының бірі кез келген мектеп болашақта ерекше қажеттіліктері бар балаларды қабылдауға дайын болуы болып табылады. Ерекше қажеттіліктері бар балаларға жалпы білім беретін кеңістікке қарапайым денелік тұрғыда енгізу инклюзивті білім беру болып табылмайды. Елімізде қазіргі білім беру жүйесін жетілдіру білім беру мекемелерінің педагогтарын даярлау және қайта даярлауды көздейді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен өзара әрекет ететін педагогтар штатын жинақтауда мұғалімдердің бұл саладағы жұмыс тәжірибесін, кәсібилік деңгейін, коммуникативтік дағдыларын, стресске тұрақтылығы, өзін өзі жетілдіруге ұмтылысын және бұл жұмыста маңызды болып табылатын басқа да тұлғалық сипаттамаларына ерекше назар аудару қажет. Бірақ ең бастысы – бұл аталған категориядағы балалармен толеранттылыққа, эмпатияға, педагогикалық оптимизмге негізделген жұмыс жасауға деген ұмтылыс. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру Концепциясы білім беру ұйымдарының түрлері мен мүмкіндіктеріне қарай интеграцияның түрлі модельдері мен формаларын қолдануды қарастырады. Бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар түрлі категориядағы балаларды біріктіріп оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Дамуында кемістігі бар балаларды шет елдерде инклюзивті оқыту өткен ғасырдың 90-жылдарының басынан бастап жүзеге асырыла бастады. Оның топтасуы мен таралуы екі кезеңнен өтті интегралданған (XX ғасырдың 70-80 жылдары) инклюзивті модельге дейін (XX ғасырдың 90-шы жылдары қазіргі уақытқа дейін). Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңі және одан кейінгі жылдар қоғамды адамның және оның өмірінің құндылығына деген көзқарасын қайта қарауға мәжбүр етті. Еуропаның, АҚШ-тың дамыған елдерінің экономикалық, технологиялық және ақпараттық мүмкіндіктері инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін қолданыстағы арнайы білім беру жүйесімен қатар жаппай білім беру жүйесінде қатарлас арнайы білім беру ортасын құруға, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалар үшін қалалық инфрақұрылымды мүмкіндігінше қол жетімді

етуге мүмкіндік берді. Қазіргі таңда Еуропа елдерінде, АҚШ-та, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия, Жапония, Оңтүстік Африкада мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру жүйесін дамытудың жалпы бағыттары анықталған. Бірақта, жалпы білім беретін мектептерде аталған процесті ұйымдастыру тәсілдерінде айтарлықтай айырмашылықтар бар. Венгрияда мүгедектерге арналған арнайы білім беру XIX ғасырдың басынан бастап дами бастады. 1980-жылдарға қарай Венгрия мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің жеке жүйесін (көрмейтін, естімейтін балаларға, сөйлеу тілі зақымдалған және зияты орташа зақымдалған балаларға арналған) және физикалық, сенсорлық және бірнеше кемістігі бар оқушыларға арналған мектептер ашыла бастады. 2003 жылы Англияның Білім департаменті қосымша білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған жаңа іс-қимыл жоспарын шығарды. Оның мақсаты - білім берудің қол жетімділігін арттыру, оқыту мен оқудың стандарттарын көтеру, ата-аналар



Коллективтік монография («Ресей, Қазақстан және Финляндиядағы инклюзивті білім беру тәсілдері: мәні, тәжірибесі, перспективалары», 2017.

Бұл инклюзивті білім берудің тәсілдеріне, мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеудің негізгі әдістеріне және олардың дамуы мен үлгерімін бақылауға арналған жұмыс тәжірибесінің жинағы.



жергілікті білім беру органдары мен мектеп әкімшілігінің міндеттері. Жаңа Зеландияның Ұлттық білім беру саясаты мүмкіндігі шектеулі балаларға қатынасы бұл балалардың жалпы білім беретін мектептерде білім алуға құқықтарын реттейді және 2014 жылға қарай ол жергілікті білім беру органдарына инклюзивтік мектептер құруды 100% қамтамасыз етуді тапсырды. Жалпы білім беретін мектептерде әр баланың қажеттілігін ескере отырып, жалпы мектеп бағдарламасына сай әрбір баланың қабілеттерін және мүмкіндіктерін дамытуға тиімді стратегиялар және қажетті жағдайлармен қамтамасыз етеді. Финляндияда мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру мәселелері ұлттық деңгейде шешіледі. Фин педагогтары мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы білім беретін мектептерде оқи алатынына 90% сенеді. Францияда 1989 жылғы білім туралы заңда елде тұратын барлық балалар мен жасөспірімдерге, әлеуметтік шығу тегіне, мәдени деңгейіне және ұлтына қарамастан білім алу құқығы бекітілген. Кейбір мектептерде дамуында кемістігі бар балаларға арналған (көбінесе –зияты зақымдалған балалар, түзету сыныптары (немесе арнайы сыныптар) құрылады. Баланы мұндай сыныпқа қабылдау туралы шешімді арнайы комиссия, ата-анасының міндетті келісімімен (жазбаша) қабылдайды. Қалыпты балалар үшін әр түрлі проблемаларымен немесе қарым-қатынастағы қиындықтармен, сондай-ақ психикалық дамуы тежелген балалар үшін бейімделу сабақтары ұйымдастырылады, баланың бұл сыныптарда болуы уақытша, ал түзету сыныптарында ол тұрақты, өйткені мұнда негізінен зияты жеңіл және орташа зақымдалған балалар оқиды. Исландияның жалпы білім беру Заңында инклюзивті білім беру барлық балалардың білім алуына жетекші рөл атқарады. Сонымен қатар арнайы мектептер мен арнайы сыныптар жұмыс істейді. Жалпы Ұлттық білім беру бағдарламасында білім мазмұны, объектісі, мақсаттары көрсетілген. Білім беру бағдарламасының деректемелері, әдістері, құрылымын әр мектеп өзі реттейді. Исландияның педагогтары мүмкіндігі қызығушылығы мен мүмкіндіктеріне қарай дифференциалды әдістер арқылы базалық білім беруге бағытталған. Шет елдік зерттеушілер орталықсыздандыру процесінде Швецияның тәжірибесін ерекше атап өтеді. Швеция интеграция идеясын ілгерілету сәтті шыққан елдердің бірі болып саналады. Мұнда интеграциялық үдерістер үлкен дәрежеде саяси процестердің көрінісіне айналды. 1986 жылы елде социал-демократиялық үкімет билікке келді, ал 1989 жылы орта білім туралы жаңа заң, ал 1990 жылдан бастап арнайы тәрбиешілерді даярлаудың қайта қаралған бағдарламасы қабылданды. Австрия, Бельгия, Франция, Греция, Люксембург, Нидерланды, Швейцарияның арнайы білім беру педагогтары әрқашан мектеп қызметкері емес, бірақ мүмкіндігі шектеулі балаларға сабақта, сабақтан тыс уақытта, педагогтарға бағдарлама құрастыруға, материалдарды бейімдеуге қатысты топтық немесе жеке кеңестер жүргізеді. Италияда міндетті білім беру тек 1928 жылы көрмейтіндер мен сөйлеу тілінде кемістігі бар балаларға (егер оларда қосымша бұзылыстары болмаса) қолданыла бастады. Мүмкіндігі шектеулі балалар құқық бұзушылық жасөспірімдерге арналған арнайы сыныптарда немесе мекемелерде



оқуы керек еді. 1948 жылғы Италия Конституциясы бұл жағдайды түбегейлі өзгертті. 34-бапқа сәйкес мүгедектер білім алуға және жұмыс істеуге құқылы деп танылады. Мүмкіндігі шектеулі балаларды жүйелі сабақтарға біріктірудің себебі мүмкіндігі шектеулі балалардың одан әрі дамуына деген қамқорлық пен жауапкершілік болды. Қазіргі таңда мектепте білім берудің барлық табалдырығында арнайы педагог Бакалавр дәрежесі мен сертификатталған педагог болуы тиіс. Университетті бітірген соң аталған арнайы педагогтар Ұлттық білім беру бағдарламасына сай құрылған жылдық курстардан Білім Министрлігінің шешімі бойынша Университеттер арнайы педагогтарды дайындауда жауапкершілік алады. 2011 жылдан бастап Италияның білім министрлігі арнайы педагогтардың жұмысына жаңа талаптар енгізді: мүмкіндігі шектеулі 4 балаға жеке қолдау көрсету, ерте қолдау көрсету 2 балаға. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы қолдау пәнаралық мамандар- педагог, педагог- тәрбиеші, педагог көмекшісі, арнайы педагог, физиотерапевт, әлеуметтік педагог, медбике, дефектолог, дәрігер, қоғамдық ұйым қызметкерлерімен көрсетіледі. Оқу процесіне қатысушылардың барлығы инклюзивті білім беру процесінің жауапкершілігі бөліп алады. Франциядағы арнайы білім беру жалпы білім беретін мектептерге дамуында жетпіспеушіліктері бар балалардың санын неғұрлым көбейтуге бағытталған. Дамуында ауытқулары бар балаларды жалпы білім беру үрдісіне енгізу 4 нұсқада жүзеге асырылады. Біріншісі, мұнда бала қарапайым мектеп бағдарламасы бойынша оқиды, бірақ мектепте немесе одан тыс уақытта оған қосымша қызмет көрсетіледі: емдеу шаралары, тәрбиелеу жұмыстары т. б. қарастырылған. Екінші нұсқа бойынша, бала қарапайым мектеп бағдарламасы бойынша оқиды, қосымша күтім алады және қосымша арнайы бағдарлама бойынша оқиды. Үшінші нұсқа, бала мектептегі негізгі уақытта арнайы сыныпта, арнайы бағдарлама бойынша оқиды, мұндай типте психикалық дамында кешігушілік бар балалар қарастырылған. Ал, уақытының басқа бөлігінде қарапайым бағдарлама бойынша өз жасындағы оқушылармен дайындалады. Төртінші нұсқа бойынша, бала тек арнайы бағдарлама бойынша арнайы сыныпқа барады, бұл типте әдетте ойлау қабілеті бұзылған балалар білім алады. Германияда инклюзивті білім беруді енгізу баяу жүрді. Дамуында физикалық, психикалық, әлеуметтік немесе эмоционалды мәселелері бар әр бесінші баланың біреуі ғана жалпы білім беретін мектепте оқуға мүмкіндігі болатын. Елде заң мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мектепке міндетті түрде баруды реттейді. Егер бала оқуда құрдастарынан артта қалып жатса, мектеп басшылығы олардың ерекше білім беру қажеттіліктері бар деген қорытынды жасайды және қай мектепке бару керектігін шешеді (арнайы немесе жалпы білім беру, дегенмен бұл оқушыларға қосымша білім беру көмегін ұсынады). Егер ата-ана баласын беруден бас тартса, мектеп басшылығы ата-ананың шешіміне сотқа шағымдана алады. Германияда мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру эмпирикалық білімге негізделіп ғылыми-негізделген тәсілмен ұйымдастырылады. Италиядағыдай арнайы қолдау- пәнаралық мамандар, ата-ана және қоғамдық өкілдермен іске асады. Аталған процеске ашық, қолайлы қарым-қатынас құру үшін мектептің барлық мамандары белсенді қатысады. Жалпы мектеп педагогы мен арнайы педагог бірігіп келесі аптаға арналған жұмыс жоспарын құрады. Арнайы педагог интеграциялық сыныпта сабақтың барлық кезеңдерінде қатысып, бақылайды.

Германия тәжірибесінде инклюзивті сыныптардағы бала саны нақты анықталған: 23 қалыпты баламен бірге 3 мүмкіндігі шектеулі бала екеніне көзіміз жетті. Беларусьда мектеп оқушыларына арналған интеграцияланған білім берудің үш формасы (моделі) анықталды және олар мемлекеттік қолдау тапты. 1 Жалпы білім беретін мектептегі арнайы сыныптар. Бос орын - әр санаттағы балалар үшін белгіленген сыныптағы оқушылардың стандартты санына сәйкес 6-дан 12 адамға дейін. Олар балаларды психофизикалық дамудағы әр түрлі ауытқушылықтарға үйретеді. Оқытуды ұйымдастырудың бұл формасы арнайы мектептен



(интернаттан) гөрі кеңірек интеграциялық негізде сыныптан тыс жұмыстар жүргізуге мүмкіндік береді. 2 Кіріктірілген оқыту сыныптары. Сыныпқа қабылданатын - 20 адам. Сыныпта біртекті сипаттағы дамудың күрделі бұзылыстары бар (естімейтін, көрмейтін, зияты зақымдалған немесе қосымша бұзылыстары бар) немесе біртектес орташа кемістігі бар (көру қабілеті нашар, есту қабілеті нашар, оқудағы қиындықтары бар, кемінде 6 адам) оқушылар болады. Оларды оқыту үшін мұғалім мен арнайы педагогтар қатысады. Арнайы педагог дамуында кемістігі бар балалармен бөлек сабақтар өткізеді. Арнайы сыныптар мен кіріктірілген білім беру сыныптарын құру үшін мектепте білікті мамандардың болуы, қолайлы режимді қамтамасыз етуге және түзету-дамытушы оқу процесін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін қажетті жағдайлар мен жабдықтар қажет. 3 Түзету-педагогикалық кеңес беру арнайы ұйымдастырылған оқыту түрі ретінде. Бұл форма шағын жинақты мектептерде оқитын психофизикалық кемістігі бар балаларға және оқуда артта қалған және тұрақты функционалдық өзгерістер тудырған ұзақ уақытқа созылған аурудан кейін уақытша көмекке мұқтаж оқушыларға арналған. Мұғалім түзету-педагогикалық сабақтарын бұзылуының ауыр түрі бар бір оқушыға аптасына 8 сағаттан және жеңіл түрі бар бір оқушыға аптасына 4 сағат есебінен жүргізеді. Түзету-педагогикалық көмектің мазмұны мен көлемі оқушының жеке қажеттіліктеріне байланысты анықталады. Шет елдік мектептердің инклюзивтік білім берудегі тәжірибесін жалпылау және жүйелендіру педагогикалық қарым-қатынас ұйымдастыру негізінде осы процеске барлық қатысушылардың инклюзивті мектептердің негізгі түрлерін анықтадық. Мектептердің қоғамға тиімді қатысуын жеңілдету және осы балалардың мектептегі қоғамға қатысуы және инклюзивті қоғамдастық құру болып табылады. Мектеп типтері әр елде өзгеруі мүмкін. Шет елдегі мүмкіндігі шектеулі балаларды инклюзивті оқытуды ұйымдастыру тәжірибесін талдау көптеген елдер үшін мәселені анықтауға мүмкіндік берді. Мысалы, «ерекше оқытуды қажет ету» термині көптеген елдерде кез келген қиындықты сезінген балаларға айтылады. Алдын ала диагностикалау және ерекше оқытуды қажет ететін балаларды бағалау қиындықтардың табиғатын түсіну, балаларды білім беру процесіне белсене қатысуы негізінде кедергілерді анықтау мақсатында жүргізіледі. Инклюзивтік білім беру үдерісіне қатысушы барлық балаларға арналған ең қолайлы болып табылатын кедергісіз ортаны әдісі барлық мектепке қатысты. Диагностика ата-аналарды баласының ерекшеліктері жайлы толық ақпараттандыру үшін және қосымша қолдау түрін алуға өте маңызды. Ерекше оқытуды қажет ететін балаларды сәйкестендіру негізінде оқыту-тәрбиелеудің жеке жоспары құрастырылады. Жоспар бойынша баланың жеке дамуын болжауға мүмкіндік береді, оның талдауы мұғалімге көмектеседі, ата-аналар баланың барлық бағыттары бойынша жетістіктері туралы ақпарат алады және оның жеке басына сәйкес дамудың қосымша стратегияларын анықтайды. Жалпы білім беру бағдарламалары мұғалімге әрбір жеке баланың дамуы жеке білім қажеттіліктеріне сай даму жоспарын анықтауға мүмкіндік беретін қосымша мақсаттарды көрсетеді. Жеке оқыту және білім беру жоспары барлық балаларға арналып жасалады. Қорытындылай келе, қазіргі таңда шет елдік педагогикада мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім берудің бірыңғай-әмбебап үлгісі немесе моделінің жоқ екендігін атап өтеміз. Осы процесті дамыту барысында көптеген шет елдерде жалпы білім беретін мектепке барлық балалардың бірге білім алуына бағытталған жалпы педагогикалық стратегияларды енгізу тенденциялары байқалады. Дегенмен көптеген мәселелер одан әрі терең зерттеуді талап етеді. Әр елдің тәжірибелерін қарастыра отырып, біздің көретініміз шет елдерде инклюзивті білім беру мәселесі біздің елге қарағанда едәуір жолға қойылған. Бұл елдерде инклюзивті білім беру XX ғасырдың 70 жылдарынан басталған, ал біздің елде екінші мыңжылдықтың басында қолға алына бастады. Еуропа елдерін алатын болсақ, инклюзивті білім беру көптеген мәселелерді шешкен. Бұл елдерде мүгедек балаларға жалпы білім беретін мектептерде қосымша көмек



жолдары ұсынылған. Біздің елімізде мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпыға білім беру ортасына қарай бейімдеу 2002 жылдан басталды. Сол жылы Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғаш рет «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медицина-педагогикалық тұрғыдан қолдау» туралы заңды қабылдады. Осы заң аясында балаларға ерте бастан білім беру мәселесіне мән берілген. Оларды білім беру, әлеуметтік, медициналық тұрғыда қамтамасыз ету қарастырылған. Халықаралық тәжірибелерді жан жақты қарастыра отырып, оларды толық зерттеп, еліміздің даму стратегиясын, экономикасын, білім беру жүйесін, әлеуметтік саясатын, қоғам қажеттілігін, тіпті еліміздің менталитетін ескере отырып, тәжірибелерді осы ескерулерге сай өзгертулер мен толықтырулар енгіп жүзеге асыру қажеттілігі туындап отыр. Ал, біздің ойымызша, қазіргі таңда инклюзияны жүзеге асыру табыстылығы тікелей болашақ мамандардың даярлығына байланысты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі №343 Заңы.
- 2 Lipsky & Gartner A. School Reform and Inclusive Education / Lipsky D. & Gartner A. — Baltimore: Paul H/Brooks., 1996 — 189 p.
- 3 М.Оспанбаева «Инклюзивті білім беру мазмұны мен әдістемесі» МЖМБС 100
- 4 Кәмен Д.К «Инклюзивті білім берудің шетелдік тәжірибесі
- 5 Кенжебай А.С Білім беру процесінде инклюзивті білім беру ортасын құрудың ерекшелігі.

СОЗДАНИЕ УРОКА НА ТЕМУ: «ВИРТУАЛЬНАЯ ЭКСКУРСИЯ - КАК ЧАСТЬ ПРОЦЕССА ОБУЧЕНИЯ»: «СОЗДАВАЯ САМО СОВЕРШЕНСТВО: ОСНОВАНИЯ КОМПАНИИ «ROLEX»

Саматова Әйгерім Саматқызы

*Атырауская область, Кульсаринский гуманитарно – технический колледж
им.Т.Байсырымова преподаватель специальности «Менеджмент»*

Магистр экономических наук

С самых древних времен люди мечтали перемещаться в пространстве, а с появлением компьютеров и развитием сети Интернет эта мечта становится реальностью. Коммуникационные технологии предоставляют возможности общения в реальном времени, с различными людьми, преодолевая барьеры огромных расстояний и языка общения. Однако помимо общения человеку также необходимо удовлетворять потребности в культурном, физическом, познавательном и духовном развитии. Среди множества сетевых ресурсов, объединяющих образовательный процесс с реальной жизнью и обеспечивающих учащихся через их непосредственные наблюдения, знакомство с предметами и явлениями в их естественном окружении, служат виртуальные экскурсии, виртуальные лаборатории. В образовательных целях можно использовать виртуальные путешествия в города и страны, в организации, изучаемые на уроке, посещение.

В данном контексте виртуальная экскурсия будет отличаться от традиционной лишь тем, что может быть организована и проведена в условиях учреждения. Сегодня существует уже довольно больше количество готовых экскурсий и туров в сети Интернет, а их количество и качество постоянно растет. Кроме того, педагог может самостоятельно создавать виртуальные экскурсии, используя специальное программное обеспечение. Виртуальные экскурсии можно применять на различных уроках, как фрагментарно, так и как серию уроков по определенной тематике. Виртуальная экскурсия позволяет погрузиться в изучение темы всецело, но много будет зависеть от мастерства и умений педагога, использующего данный метод на своих уроках.



Виртуальные экскурсии – понятие новое, в методическом плане инновационная форма обучения. В педагогической литературе экскурсия рассматривается как специфическое учебно-воспитательное занятие, перенесенное в соответствии с определенной образовательной или воспитательной целью на предприятие, в музей, на выставку и т.п. [1,321].

На основании данного определения виртуальную экскурсию можно рассматривать как организационную форму обучения, отличающаяся от реальной экскурсии виртуальным отображением реально существующих объектов с целью создания условий для самостоятельного наблюдения, сбора необходимых фактов и т.д.

По содержанию можно выделить следующие виды виртуальных экскурсий:


- 1) обзорные, где собраны элементы нескольких экскурсий, объединенных общей темой;
- 2) тематические, то есть экскурсии, раскрывающие определенные темы;
- 3) биографические – экскурсии, связанные с жизнью и биографией выдающихся людей.
- 4) использование технологий создания презентации.
- 5) использование инструментов сайтостроения (создание графических карт, гиперссылок).
- 6) использование геоинформационных систем (yandex,google идр);
- 7) 3D-моделирование (создание модели отдельного объекта).
- 8) использование панорамных композиций (создание горячих точек и переходов). [1,286].

При создании собственной виртуальной экскурсии самый простой вариант – это использование презентаций, поскольку каждый педагог и ученик владеют данными умениями. При использовании геоинформационных систем необходим лишь доступ в интернет на хорошей скорости. Использование панорамных композиций сопряжено с еще большими трудностями, поскольку необходимо специальное оборудование для создания панорам. Здесь так же необходимо специальное дорогостоящее программное обеспечение. Таким образом, самостоятельное создание педагогом экскурсий трудоемкий процесс. Однако в сети Интернет создано большое количество познавательных с педагогической точки зрения ресурсов, которые можно использовать для проведения виртуальных экскурсий.

Большую популярность приобретает проект [«Surprise Me — платформа для создания квестов и экскурсий в виде персональных мобильных приложений»](#). Сервис предлагает экскурсии, которые нужно проходить самостоятельно с помощью приложения без участия гида. Приложение ведёт вас по построенному маршруту экскурсии, понимая ваше местоположение. На экскурсии вам предстоит находить интересные места, узнавать много крутых историй через рассказы местных и отвечать на вопросы о городе. Экскурсия скачивается на телефон, и её можно проходить без интернета.

Основные фишки «Surprise Me»:

- Вы можете начать экскурсию когда угодно.
- Закончить или поставить экскурсию на паузу можно также в любой момент.
- Использовать геолокацию, аудио, видео, гиперссылки
- Проходить экскурсию в игровом формате: изучать новые места, выполняя задания.




На данном ресурсе представлены материалы по нескольким направлениям: искусство, история, чудеса света.


Создавая собственную экскурсию необходимо придерживаться определенного плана.

1. Определить идею экскурсии (проблему).
2. Поставить цель (цель должна быть умной, соизмеримой, и прогнозируемой).
3. Определить задачи (задачи должны быть путем к цели).
4. Определить содержание экскурсии (отбор материала, информации).
5. Подобрать техническую составляющую (выбор и обоснование используемого программного обеспечения).


Приведем пример интегрированного занятия по созданию виртуальной экскурсии студентам основания компании «ROLEX». Вся экскурсия разделена на этапы.




На первом этапе - История компании "Rolex" - совместно со студентами проходим экскурсию по истории компании, изучаем логотип, цель создания часов, штаб-квартира.




Второй этап - Ганс Вильсдорф - Задачами данного этапа является знакомство студентов с основателем компании и его автобиография.




Третий этап - Часы "Rolex" - Учащиеся познакомились с различными видами часов, Уникальность производства Rolex, а также особенность часов созданных с помощью различных технологий.




Четвертый этап - Официальный сайт "Rolex" – Студентам необходимо познакомиться об официальном сайте компании «Rolex»





Пятый этап – Задания для закрепления – На этом заключительном этапе необходимо представить результатов работы, т.е. выполняется задания по пройденной теме.



Еще одной особенностью приложения является то что, на каждом этапе даются задания, чтобы перейти на новый этап экскурсии, метод «Сборки пазла».



Оценивание студентов проходить на каждом этапе экскурсий по 5 балльной шкале оценивания. Результаты работ студентов отображается в Личном кабинете преподавателя [2]



Выполнение задания и прохождении экскурсии проводится путем пересылки URL адреса <https://app.surprizeme.ru/ru/to/BD7THJ/>

Использование виртуального тура или экскурсии способствует развитию различных сторон психической деятельности студентов, и, прежде всего, внимания и памяти. Во время просмотра в классе возникает атмосфера совместной познавательной деятельности. В этих условиях даже невнимательный ученик становится внимательным. Для того чтобы понять содержание ролика, учащимся необходимо приложить определенные усилия. Так произвольное внимание переходит в произвольное.

Таким образом, психологические особенности воздействия учебных виртуальных туров на учащихся (способность управлять вниманием каждого учащегося и групповой аудитории, влиять на объем долговременной памяти и увеличение прочности запоминания, оказывать эмоциональное воздействие на учащихся и повышать мотивацию обучения) способствуют интенсификации учебного процесса и создают благоприятные условия для формирования коммуникативной (языковой и социокультурной) компетенции школьников.

Существует, безусловно, множество нестандартных форм работы учителя, активизирующих внимание, а значит, и интерес школьников к предмету. Но работа с виртуальным путешествием – это более эффективная форма учебной деятельности.

Использованная литература:

1. Александрова Е.В. Виртуальная экскурсия как одна из эффективных форм организации учебного процесса Е.В. Александрова // Литература в школе. – 2010. – № 10. – С. 450
2. «[Surprise Me](https://app.surprizeme.ru/ru/to/BD7THJ/) — платформа для создания квестов и экскурсий в виде персональных мобильных приложений».
3. https://www.rolex.com/ru/watchmaking/excellence-in-the-making?gclid=CjwKCAiAtt2tBhBDEiwALZuhADZt92hvBad5vkdHNISlcm9GYo5k90p9IQJ2dMTrdAP38zavgWOJmxoCdV8QAvD_BwE&ef_id=CjwKCAiAtt2tBhBDEiwALZuhADZt92hvBad5vkdHNISlcm9GYo5k90p9IQJ2dMTrdAP38zavgWOJmxoCdV8QAvD_BwE:G:s&s_kwid=AL!141!3!685349735716!e!!g!!rolex!8681639434!87068740517

КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Сатыбалдина Динара Сатыбалдықызы

*Жалпы білім беретін F.Мұратбаев атындағы орта
мектебінің көркем еңбек пәні мұғалімі*

Көркем еңбек пәні оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына маңызды ықпал етеді. Бұл пән арқылы оқушылар өнер, дизайн және қолөнер саласындағы білім мен дағдыларды меңгере отырып, өздерінің шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтеді. Дегенмен, осы пәнде оқушылардың шығармашылығын арттыру үшін мұғалімдердің қолданатын әдіс-тәсілдері мен педагогикалық құралдары ерекше маңызды. Осы



мақалада көркем еңбек пәнінде оқушылардың шығармашылығын арттырудың негізгі жолдары қарастырылады. Интерактивті оқыту әдістері оқушыларды оқу процесіне белсенді қатысуға ынталандырады және олардың шығармашылық қабілеттерін дамытады. Бұл әдістерге топтық жұмыс, пікірталастар, ойындар және жобалар жатады. Мысалы, топтық жобалар барысында оқушылар бірлесіп жұмыс істеп, өз идеяларын ортаға салып, шығармашылық шешімдер табуға үйренеді. Пікірталастар оқушыларды өз көзқарастарын қорғауға, сын тұрғысынан ойлауға және жаңа идеяларды ұсынуға үйретеді. Шығармашылықтың басты қозғаушы күші — оқушылардың өз ісіне деген қызығушылығы. Мұғалімдер сабақ барысында оқушылардың қызығушылықтарын ескеріп, оларды шабыттандыратын тақырыптарды таңдау арқылы олардың шығармашылығын арттыра алады. Мысалы, заманауи өнер, экологиялық дизайн немесе ұлттық қолөнер тақырыптары оқушылардың қызығушылығын оятып, оларды шығармашылық жұмысқа ынталандыруы мүмкін. Оқушыларға өздерінің шығармашылық жұмыстарын еркін түрде орындауға мүмкіндік беру олардың өзіндік көзқарасын қалыптастыруға және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Мұғалімдер оқушыларға тақырыпты өз бетімен таңдауға, материалдар мен құралдарды өз еркімен таңдауға мүмкіндік берсе, бұл олардың өздерін еркін сезінуіне және шығармашылық әлеуетін толық ашуға ықпал етеді. Бұл ретте, мұғалімдер оқушылардың шығармашылық жұмысына бағыт-бағдар беріп, қажет болған жағдайда кеңес беріп, қолдау көрсетуі маңызды. Көркем еңбек пәнінде әртүрлі материалдар мен техникаларды қолдану оқушылардың шығармашылық көкжиегін кеңейтуге мүмкіндік береді. Мысалы, қағаз, мата, ағаш, балшық, бояулар, және қайта өңделетін материалдар сияқты түрлі материалдарды пайдалану арқылы оқушылар әртүрлі өнер түрлерімен танысып, өздерінің шығармашылық қабілеттерін дамыта алады. Сонымен қатар, түрлі техникаларды, мысалы, мүсіндеу, кестелеу, кескіндеме, және коллаж жасау сияқты әдістерді пайдалану оқушылардың шығармашылық ойлауын ынталандырады. Көркем еңбек пәнін басқа пәндермен интеграциялау оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтудің тиімді жолы болып табылады. Мысалы, математикамен интеграциялау арқылы оқушылар геометриялық фигураларды қолдана отырып, күрделі үлгілер жасай алады, ал тарих пәнімен байланыс орнату арқылы олар дәстүрлі өнер мен мәдениет туралы білімдерін шығармашылық жұмыс барысында қолдана алады. Бұл әдіс оқушылардың әртүрлі пәндер бойынша алған білімдерін біріктіріп, шығармашылық шешімдер табуына ықпал етеді. Шығармашылық сайыстар мен көрмелер оқушылардың өз жұмыстарын көрсетуге, өздеріне деген сенімділігін арттыруға және олардың шығармашылық қабілеттерін бағалауға мүмкіндік береді. Мұғалімдер мектеп ішінде немесе сыртында шығармашылық сайыстар ұйымдастырып, оқушыларды белсенді қатысуға ынталандыруы керек. Бұл шаралар оқушылардың өздерінің шығармашылық әлеуетін толық ашуға және өз жұмыстарын жоғары деңгейде орындауға талпынуына мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы технологияларды қолдану көркем еңбек пәнінде оқушылардың шығармашылығын арттыруға үлкен үлес қосады. Цифрлық өнер құралдары, мысалы, графикалық дизайн бағдарламалары, 3D модельдеу және анимация оқушыларға жаңа шығармашылық мүмкіндіктер ашады. Мұғалімдер осы технологияларды сабақ барысында пайдалану арқылы оқушыларды жаңа идеялар мен жобаларды жүзеге асыруға ынталандыра алады. Көркем еңбек пәнінде оқушылардың шығармашылығын арттыру үшін мұғалімдер интерактивті оқыту әдістерін қолдану, оқушылардың қызығушылығын ояту, шығармашылық еркіндік беру, түрлі материалдар мен техникаларды пайдалану, пәнаралық байланыстарды орнату, шығармашылық сайыстар мен көрмелер ұйымдастыру және қазіргі заманғы технологияларды қолдану сияқты әдістерді тиімді пайдалануы қажет. Бұл әдістер оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, олардың өнерге деген сүйіспеншілігін арттыруға және тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.



БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫ

Сапарова Айдана Насипкалиевна

Атырау облысы, Атырау қаласы

Әл-Фараби атындағы Vinom School мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі

Кіріспе

Математикалық функционалдық сауаттылық қазіргі білім беру жүйесінде маңызды құндылықтардың бірі болып табылады. Ол оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттырумен қатар, алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолдана алу дағдысын қалыптастырады. Бастауыш сынып оқушылары үшін бұл сауаттылық олардың күнделікті өмірінде саналы түрде математикалық ойлау қабілетін дамытуға негізделеді.

Математикалық функционалдық сауаттылық деген не?

Математикалық функционалдық сауаттылық – бұл оқушылардың математикалық білімдерін өмірде, түрлі жағдайларда қолдана білу қабілеті. Ол тек есептерді дұрыс шешіп, нәтижелерін білу ғана емес, сонымен қатар математикалық тұжырымдарды қолдану арқылы қоршаған ортаны түсіну және түрлі мәселелерді шешу дағдысы болып табылады.

Математикалық сауаттылық келесі компоненттерді қамтиды:

- **Мәселені тану және оны математикалық түрде өрнектеу:** күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді математикалық есептерге айналдыра білу.
- **Шешім қабылдау және оны негіздеу:** мәселелерді шешу барысында дұрыс шешімді таңдап, оны логикалық түрде дәлелдей алу.
- **Нәтижелерді интерпретациялау және бағалау:** алынған шешімді нақты өмірде қалай қолдануға болатынын түсіну және оның тиімділігін бағалау.

Бастауыш сынып оқушыларының математикалық функционалдық сауаттылығының маңызы

Бастауыш сынып – баланың математикалық ойлау негізін қалыптастыратын маңызды кезең. Осы кезеңде оқушыларға математиканың тек теориялық пән емес, күнделікті өмірде қолдануға болатын құрал екендігін көрсету қажет. Математикалық функционалдық сауаттылық оқушылардың:

- Математикаға деген қызығушылығын арттырады;
- Мәселелерді шешуде шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлауын дамытады;
- Өз бетінше шешім қабылдау қабілетін қалыптастырады;
- Жауапкершілік пен дәлдік дағдыларын нығайтады.

Математикалық сауаттылықты дамыту жолдары

1. **Математиканы өмірмен байланыстыру:** Оқушыларға математиканың күнделікті өмірде қалай қолданылатынын көрсету маңызды. Мысалы, дүкенде сауда жасау кезінде санақ жүргізу, уақытты анықтау, өлшеу құралдарын қолдану арқылы нақты есептер шығару арқылы оқушылар математиканың пайдасын түсінеді.
2. **Шығармашылық тапсырмалар:** Стандартты есептерден бөлек, шығармашылық пен логикалық ойлауды қажет ететін есептерді шешу арқылы оқушылар өздерін сынайды. Мысалы, оқушыларға бір мәселені шешудің бірнеше жолын табуды ұсыну, математикалық жұмбақтар мен логикалық ойындарды қолдану.



3. **Топтық жұмыс:** Топтық жұмыстар арқылы оқушылар бір-бірімен пікір алмасып, әртүрлі әдістерді сынап көруге мүмкіндік алады. Бұл өзара ынтымақтастықты дамытып, түрлі мәселелерге қатысты шешімдерді бірге іздеуді үйретеді.
4. **Практикалық тапсырмалар:** Тәжірибелік тапсырмалар – математикалық функционалдық сауаттылықты дамытудың негізгі құралы. Мысалы, оқушылар өз үйлерінде ата-аналарының көмегімен бюджетті жоспарлау немесе саяхатқа шығу үшін қажетті заттардың санын есептеу сияқты практикалық есептерді орындай алады.
5. **Мультимедиялық технологияларды қолдану:** Қазіргі заманғы интерактивті құралдар мен математикалық ойындар арқылы оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыруға болады. Компьютерлік ойындар, мобильді қосымшалар және интерактивті тақталар – бұл оқушыларға математикалық білімді оңай әрі қызықты түрде меңгеруге мүмкіндік береді.

Оқушылардың математикалық сауаттылығын бағалау

Математикалық сауаттылықты бағалауда тек дұрыс жауапты есепке алу жеткіліксіз. Бағалау кезінде оқушының есепті қалай шешкені, қандай әдістерді қолданғаны және қандай шешімдер қабылдағаны маңызды. Осылайша, оқушылардың өздерінің математикалық ойлау үдерісін түсінуге және дұрыс шешім қабылдауды үйренуге көмектеседі.

Бағалау критерийлері:

- Мәселені түсініп, дұрыс математикалық модель құру.
- Шешім қабылдау үдерісінде қолданған әдіс-тәсілдері.
- Алынған нәтижені түсіндіру және оны өмірмен байланыстыру.

Қорытынды

Бастауыш сынып оқушыларының математикалық функционалдық сауаттылығы – бұл олардың математиканы тек мектеп пәні ретінде емес, күнделікті өмірде де қолдана білу дағдыларын дамыту. Құқықтық, қаржылық және басқа да маңызды мәселелерді шешуде математикалық сауаттылық өмірлік құзыреттіліктердің біріне айналады. Сондықтан бұл дағдыларды бастауыш сыныптан бастап қалыптастыру – баланың болашақта сәтті өмір сүруінің негізгі алғышарты.

BUILDING CRITICAL THINKING SKILLS THROUGH LANGUAGE LEARNING

Сатқанова Таңшолпан Қайратқызы

Атырау облысы, Индер ауданы, Елтай ауылы

М.Сиранов атындағы орта мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі

Introduction

In an increasingly globalized world, the ability to think critically is essential. Critical thinking involves analyzing information, evaluating evidence, and making reasoned conclusions. Language learning, particularly learning a second language, provides a unique avenue for developing these skills. This article explores how language learning can enhance critical thinking and offers strategies to integrate critical thinking into language education.

The Link between Language Learning and Critical Thinking

Language learning requires students to engage with new linguistic structures, cultural contexts, and ways of thinking. This engagement fosters critical thinking in several ways:

1. **Analytical Skills:** Learning a new language involves understanding and applying grammatical rules, expanding vocabulary, and interpreting meaning in different contexts. This analytical process sharpens cognitive abilities and encourages attention to detail.



2. **Cultural Awareness:** Language is deeply intertwined with culture. By learning a new language, students gain insights into different cultural perspectives, which broadens their worldview and enhances their ability to evaluate information from multiple angles.
3. **Problem-Solving:** Communicating in a new language often requires creative problem-solving. Learners must navigate linguistic gaps, find alternative ways to express themselves, and comprehend non-verbal cues, all of which contribute to critical thinking development.

Strategies for Integrating Critical Thinking into Language Learning

1. **Encouraging Inquiry-Based Learning:** Teachers can foster a classroom environment where students are encouraged to ask questions, explore new ideas, and seek answers. This approach promotes curiosity and independent thinking.
2. **Using Authentic Materials:** Incorporating real-life materials such as news articles, podcasts, and films can expose students to complex language and diverse viewpoints. Analyzing these materials helps students practice critical reading and listening skills.
3. **Collaborative Learning:** Group activities and discussions encourage students to articulate their thoughts, consider different perspectives, and engage in constructive debate. This collaborative process is crucial for developing critical thinking.
4. **Task-Based Learning:** Assigning tasks that require students to use the language in practical, real-world scenarios can enhance problem-solving skills. For example, students might be tasked with planning a trip, creating a business proposal, or conducting interviews.
5. **Reflective Practices:** Encouraging students to reflect on their learning experiences helps them develop metacognitive skills. Reflection can involve discussing what strategies worked, what challenges were faced, and how they can improve in the future.

Benefits of Enhancing Critical Thinking through Language Learning

1. **Improved Academic Performance:** Students who develop strong critical thinking skills tend to perform better academically. They can analyze texts more deeply, write more persuasively, and solve problems more effectively.
2. **Greater Career Opportunities:** In the professional world, critical thinking is a highly valued skill. Employees who can evaluate information, make informed decisions, and solve problems are in high demand across various industries.
3. **Enhanced Personal Growth:** Critical thinking contributes to personal development by fostering open-mindedness, empathy, and self-awareness. These qualities are essential for building meaningful relationships and navigating life's challenges.

Conclusion

Language learning is not just about acquiring the ability to communicate in another tongue; it is also a powerful tool for developing critical thinking skills. By integrating strategies that promote analysis, cultural awareness, problem-solving, and reflection, educators can help students become more thoughtful, independent, and effective thinkers. In doing so, they prepare learners not only for academic success but also for meaningful participation in an increasingly complex world.

References

1. Brown, H. D. [2007]. *Principles of Language Learning and Teaching*. Pearson Education.
2. Cummins, J. [2000]. *Language, Power, and Pedagogy: Bilingual Children in the Crossfire*. Multilingual Matters.
3. Elder, L., & Paul, R. [2010]. *Critical Thinking: Competency Standards Essential for the Cultivation of Intellectual Skills, Part I*. Journal of Developmental Education, 34[2], 38-39.
4. Ennis, R. H. [1993]. Critical thinking assessment. *Theory Into Practice*, 32[3], 179-186.
5. Facione, P. A. [2011]. *Critical Thinking: What It Is and Why It Counts*. Insight Assessment.



6. Halpern, D. F. [1998]. Teaching critical thinking for transfer across domains: Dispositions, skills, structure training, and metacognitive monitoring. *American Psychologist*, 53[4], 449-455.
7. Krashen, S. D. [1982]. *Principles and Practice in Second Language Acquisition*. Pergamon Press.
8. Paul, R., & Elder, L. [2006]. *The Miniature Guide to Critical Thinking Concepts and Tools*. Foundation for Critical Thinking Press.
9. Siegel, H. [1988]. *Educating Reason: Rationality, Critical Thinking, and Education*. Routledge.
10. Swain, M. [1995]. Three functions of output in second language learning. In G. Cook & B. Seidlhofer (Eds.), *Principle and Practice in Applied Linguistics: Studies in Honour of H.G. Widdowson* [pp. 125-144]. Oxford University Press.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН АНА ТІЛІ ПӘНІ БОЙЫНША СӨЗДІ ТҮТАС ОҚУҒА ҮЙРЕТУ ЖОЛДАРЫ

(гуманитарлық бағыттың I- сынып оқушыларына арналған)

Таңатарқызы Шынар

Атырау қаласы, Береке орта мектебі

бастауыш сынып мұғалімі, педагог - зерттеуші

Жалпы сипаты. «Бастауыш сынып оқушыларына арналған ана тілі пәні бойынша сөзді тұтас оқуға үйрету жолдары» атты бағдарлама оқу жоспарының вариативті бөлігінің оқу бағдарламалары және элективті бөлігінің оқу бағдарламалары және элективті курстарды әзірлеу және әдістемелік қамтамасыз ету барысында барлық деңгейдегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды басшылыққа ала отырып, «Оқу жоспарының вариативті сараптамадан өткізу және оларды жаңартылған білім беру мазмұны аясында әдістемелік қамтамасыз ету» туралы ереже ҚР-ң 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» заңына (06.05.2020 жылы енгізілген толықтырулар мен өзгертулер негізінде) сәйкес әзірленді.

Бағдарлама мазмұнына аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат жүктеме берілген. Қоғамдық -гуманитарлық бағыттың I -сынып оқушыларының оқу дағдысын дамытуды қолдануға ұсынылған.

Мақсаты – Бастауыш сынып оқушыларына арналған ана тілі пәні бойынша сөзді тұтас оқуға үйрету

Міндеттері:

1. Гуманитарлық бағыттағы бастауыш сыныптарда шығарманы оқуды қалыптастыру;
2. Шығарманы сүюге тәрбиелеу;
3. Шығармаларды жүйелі оқыту;
4. Оқырмандық мәдениетке баулу;
5. Оқушының әдеби сауатын ашу;
6. Тақырыпқа сәйкес ғылыми-теориялық әдебиеттерді зерделеу;
7. Көркемдік-эстетикалық талғамын арттыру;
8. Образдық талдау жасауға үйрету;

Өзектілігі:

Отандық білім берудің сапасын жақсарту, әдістемелік негізін өзгерту, оқушының қажеттіліктерін зерттей отырып, жаңа дағдылар мен қызығушылықты арттыру, қазіргі кезде өзекті.

Жалпы білім берудің мемлекеттік білім стандартының талаптарына және білім беру мекемесінің (орта мектептің) негізгі білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес, оқушының сауаттылығын арттыру өзекті.

Жаңалығы:

Педагогикалық жаңалығы:



Бұл тақырыпта оқу мен оқытудың әдіс-тәсілдері келтіріліп, интербелсенді оқу әдістемесінің мектептегі практикалық қолданысын сипаттау

Психологиялық жаңалығы:

Айтылым дағдысын қалыптастыруға, логикалық ойлауын дағдысын нығайтуға психологиялық аспект ретінде маңызды.

Күтілетін нәтиже:

1. Гуманитарлық бағыттағы бастауыш сыныптарда шығарманы оқуды қалыптастырады;
2. Шығарманы сүйеге тәрбиелейді;
3. Шығармаларды жүйелі оқытады;
4. Оқырмандық мәдениетке баулиды;
5. Оқушының әдеби сауатын ашады;
6. Тақырыпқа сәйкес ғылыми-теориялық әдебиеттерді зерделейді;
7. Көркемдік-эстетикалық талғамын арттырады;
8. Образдық талдау жасауға үйретеді;

Тұрақталу бөлімі

(аптасына 1 сағат, барлығы -34 сағат)

Бұл бағдарламада дәрістік сабақтар мен тәжірибелік сабақтар араластырылып берілген.

№	Тақырыбы	Сағат саны	Нәтиже
1	Дауысты дыбыстарды оқимыз	1	Дауысты дыбыстар мен олардың таңбасы туралы түсінік алады
2	Дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке айтылу ерекшелігі	1	Жуан дауыстылардан құралған сөздер мен жіңішке дауыстылардан құралған сөздерді қатар оқып, ерекшелігін анықтайды
3	Жуан дауыстылар мен жіңішке дауыстылардың оқылу ерекшелігі	1	Жуан және жіңішке дауыстылардың жасалуына, бөлінуіне талдау жасайды
4	2 және 3 әріптен тұратын буындарды еске түсіреміз	1	2 әріптен құралған буындарды созбай оқиды
5	3 әріптен құралған буындарды оқимыз	1	3 буынды сөздерді дыбыстардың орнын өзгерте отырып, дұрыс әрі жылдам оқып үйренеді
6	Зейінді дамытамыз	1	Зейінді дамыту үшін танымдық процесстеріне арналған жаттығулар жасайды
7-8	3 әріпті буын дауыстыдан басталғанда қалай оқимыз?	2	Сөздерді буынға бөлмей, бір деммен тез оқып үйренеді. Оқуды дамыту үшін Смарт - технологиясын пайдаланады
9-10	4 әріптен тұратын сөздерді оқимыз	2	4 әріптен тұратын бірнеше сөздерді 1 минутта оқиды. Ойындар мен белсенді әрекеттер арқылы білімді жетілдіреді
11-12	4 әріпті буын дауыстыдан басталғанда қалай оқимыз?	2	Берілген кесте бойынша буынға бөліп, сөзді тұтас оқиды. Оқуға қажетті теориялық ұғымдарды меңгереді
13-14	5 әріптен тұратын сөздерді оқимыз	2	Кестедегі 5 әріптен тұратын сөздерді 1 минутқа оқиды.



			Білімді үйренуге қажет дағдыға байланысты сөздерді бірнеше рет қайталау арқылы қол жеткізеді
15-16	Күрделі сөздерді оқып үйренеміз	2	Оқушылар білім алудың түрлі стильдері мен әдістерін пайдаланады. Оқу материалдарын модульдерге бөліп, кезең-кезеңмен оқып үйренеді
17-18	6 әріптен тұратын сөздерді оқимыз	2	Жаңа материалды игереді. Оқушылар әртүрлі дараландырылған оқу технологиялары бойынша оқиды.
19-20	Жылдам оқып жаттығайық	2	Оқушылар тапсырмаға ден қойып, ауызша қарым-қатынас дағдыларын дамытады. Метаоқыту әдісі арқылы оқушылар оқу тиімділігін қалай арттыруға болатынын түсінеді
21-22	7 әріптен тұратын сөздерді оқимыз	2	Берілген кестедегі әріптерді сөздер шығатындай етіп толықтыру арқылы сөздік қорын дамытады. Бірін-бірі оқыту арқылы өзіңнің белгілі бір түсініктерді жақсырақ тануына мүмкіндік береді.
23-24	8 әріптен тұратын сөздерді оқимыз	2	Оқушылар оқытудың өзіндік стилін таңдай алады. Проблемаларды шешу және сыни ойлау дағдыларын дамытады
25-26	Көзімізді оқуға жаттықтырамыз	2	Суреттер, карточкалар арқылы ақпаратты визуальды түрде көрсетеді. Оқушылардың сыни және логикалық ойлау дағдылары дамиды
27-28	Мәтінді түсініп оқимыз.	2	Қызықты әңгімелерді тыңдайды және талқылайды. Дискуссия әдісі арқылы ой-пікір алмасады
29-31	Оқуға арналған мәтіндер	3	Геймификациялық ойындар арқылы оқушылардың қызығушылығы артады. Оқушылар мәтінді постер түрінде жинақтап, қорғайды. Адамгершілік құндылықтар негізінде қарым-қатынас қабілетін қалыптастыру.
32-34	Қорытынды сабақ	3	Қалдырып кеткен әріптері бар мәтіндегі сөздерді тез тануды, мағыналық болжам жасауды, үйренеді. Интерактивті технологияны пайдалану арқылы оқу процесінің деңгейі көтеріледі. Интеллектуалдық ойындар арқылы оқушының ақыл-ой санасын, дүниеге ғылыми көзқарасын жетілдіру

Ақпараттық -әдістемлік бөлім (аптасына – 1 сағат, барлығы -34 сағат)

1 - сыныптың ана тілі пәні бойынша жазылған «Бастауыш сынып оқушыларына арналған ана тілі пәні бойынша сөзді тұтас оқуға үйрету жолдары» бағдарламасының алғашқы бөлімі «**Дауысты дыбыстарды оқимыз**» тақырыбымен аталады. Бұл бөлімде **6**



сағат: Кіріспе. «Дауысты дыбыстарды оқимыз», «Дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке айтылу ерекшелігі», «Жуан дауыстылар мен жіңішке дауыстылардың оқылу ерекшеліктері», «2 және 3 әріптен тұратын буындарды еске түсіреміз», «3 әріптен құралған буындарды оқимыз», «Зейінді дамытамыз» тақырыптары қамтылған. Аталған бөлімде:

- Саралап оқыту технологиясы;
- Топтық технологиясы;
- Компьютерлік технологиясы;

Авторлық бағдарламаның екінші бөлімі **«3 және 6 әріптен тұратын буындарды еске түсіреміз» 6 сағат** берілген. «3 әріпті буын дауыстыдан басталғанда қалай оқимыз?», «4 әріптен тұратын сөздерді оқимыз», «4 әріпті буын дауыстыдан басталғанда қалай оқимыз?» тақырыптары негізінде құрылған. Аталған тақырыптарды оқыту барысында төмендегідей технологиялар қолданылады:

- Проблемалық оқыту технологиясы;
- Смарт технологиясы;
- Денгейлеп оқыту технологиясы;

Авторлық бағдарламаның үшінші бөлімі **«Күрделі сөздерді оқып үйренеміз» 12 сағат** берілген. «5 әріптен тұратын сөздерді оқимыз», «Күрделі сөздерді оқып үйренеміз», «6 әріптен тұратын сөздерді оқимыз», «Жылдам оқып жаттығайық», «7 әріптен тұратын сөздерді оқимыз», «8 әріптен тұратын сөздерді оқимыз» тақырыптары қамтылған. Аталған бөлімде:

- Дамыта оқыту технологиясы;
- Жобалық оқыту технологиясы;
- Тірек сигналы арқылы оқыту технологиясы;

Авторлық бағдарламаның төртінші бөлімі **«Мәтінді түсініп оқимыз» 10 сағат** берілген. «Көзімізді оқуға жаттықтырамыз», «Мәтінді түсініп оқимыз», «Оқуға арналған мәтіндер», «Қорытынды сабақ» тақырыптары негізінде құрылған. Аталған тақырыптарды оқыту барысында төмендегідей технологиялар қолданылады:

- Сын тұрғысынан ойлау технологиясы;
- Оқытудағы ойын технологиясы;
- Интербелсенді оқыту технологиясы

1- тарау «Дауысты дыбыстарды оқимыз» деп аталады. Кез келген ұзын және қиын сөздерді еш қиналмай оқығың келе ме? Онда дауысты дыбыстарды оқып үйрен! Себебі барлық сөздер мен буындардың негізін дауысты дыбыстар құрайды. Содан соң дауысты дыбыстарды сыңарымен бірге оқы. Жуан дауыстылардан құралған сөздер мен жіңішке дауыстылардан құралған сөздерді қатар оқып, ерекшелігін тап.(мысалы, ақ-әк, ым-ім, от-өт, т.б). Егер сөзде И,У және Э дыбыстарымен қоса жуан дауыстылар кездессе, онда олар да жуан дауыста айтылады. Ал, егер жіңішке дауыстылармен қатар тұрса, онда жіңішке дауысты дыбысқа айналады.

У, И және Э дауысты дыбыстарының жуан және жіңішке айтылу ерекшелігін мына сөздерден оқығанда байқайсың.

		
Жуан -жіңішке	Жуан -жіңішке	Жуан -жіңішке
ҚИ-КИ	АУ- ӘУ	ЭКСКАВАТОР
ҚИЫН- КИІН	ҚУАН-КУӘЛІК	ЭЛЕКТР
ҚИЯ-КИСЕ	ШАҚЫРУ-ЖҮГІРУ	ЭКРАН



2- тарау «3 және 6 әріптен тұратын буындарды еске түсіреміз» деп аталады. Кестедегі 5 әріптен тұратын сөздерді 1 минутқа оқы. Нәтижесін жазып ал.

Балық	Керім	Зерек	Кедей	Халат	Жекет
Тарақ	Қарау	Самат	Көмек	Төсек	Себет
Қабак	Шақыр	Санат	Шырша	Халық	Мынау
Тараз	Мамық	Пырақ	Көмір	Жанат	Төмен
Шашау	Сабақ	Рақат	Көмек	Танау	Кәміл
Барыс	Ғажап	Жолақ	Санау	Сараң	Кітап
Тарақ	Барыс	Бұрыш	Банан	Газет	Мысық
Көрме	Шелек	Жүрек	Сағат	Тәбет	Марат
Қасық	Қатық	Қауын	Қағаз	Жүзім	Көрпе

Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, сөйлемдерді аяқта.

Мара.. кіта.. оқыды.

Анам тама.. пісірді.

Жана.. маға..көме.. берді.

Әкем көлі.. айдады.

Мен бүгі.. ғажа.. түс көрлім.

Атам газе.. оқыды.

Бары.. тауда өмір сүреді.

Алманы салуға себе.. қажет.

Балы.. суда мекендейді.

Түлк.. орманда тіршілік етеді

3-тарау «Күрделі сөздерді оқып үйренеміз».

Анаграмманы шеш. Сөздердегі әріптердің орындары ауысқан. Қалпына келтіріп, сөздерді дұрыс оқы.

АУА-РАЙЫ	ЖЕМІС, КӨКӨНІС	ЖАНУАР	ТАМАҚ
КНУ	АМЛА	ЖОБЛАРЫС	ННА
КӨКТМЕ	ӨРКІ	АРЫТСАН	КҮРІШ
ЖАБҢЫР	АМЛҰРТ	ЮА	СТҮ
ЖЛЕ	ШЕИ	ТҮКЛІ	АРҢАН

«Кезек» ойыны. Алдымен, мәтінді мұғалім оқиды. Мұғалім сөздерді тез, анық әрі нақты оқуы тиіс. Содан соң оқушы дәл сол сияқты екпінмен қайталап оқиды.

Инелік пен құмырсқалар

Күзде құмырсқалардың жинаған бидайлары су болып қалады. Олар оны кептіреді. Аш инелік құмырсқалардан тамақ сұрайды Құмырсқалар одан: «Жазда неге азық жинамадың?»-деп сұрайды. Сонда инелік былай депті: «Қол тимеді, ән шыңқаумен болдым». Құмырсқалар таң қалып: « Жазда ән шыңқасаң, қыста би биле», -деп жауап береді.

(44 сөз)

4-тарау «Мәтінді түсініп оқимыз» деп аталады.

Қалдырып кеткен әріптері бар мәтінді оқып, қажет әріптерді толықтырып жаз. Сол арқылы мәтіндегі сөздерді тез тануды, мағыналық болжам жасауды, оқығанды жақсы түсінуді үйренесің.

«Айлакер түлкі» ертегісі.

Жол..арыс б..р Түлк...ні ұстап ал..ды. Тү..кі құйр..ғын бұлға..датып, тұм..ығын жо..ары кө..еріп: -М..ні жй алма..сың. М..н осы орма..ға қо..алық етуге кел..енмін, - дейді. Жо..барыс Т..лкіге олай бір, бұ..ай бір,қарап, сенбей:

-Мү..кін емес, - дейді.



Се..бесең, еке..міз ор..ан іші..ен жүріп өтейік, - деп ұсы..ыс жаса..ды Тү..кі. Жол...арыс бұ..ан келі..еді. Түл.. і Жолб..рыстың алд...на түсіп, па...дана жүріп оты...ады. Жо...барысты кө...ген а..дар мен құста...дың зә...есі ұшып, тым – тыра..ай қ...шады, ұя...ары мен індер...не тығы...ады, аспа...ға ұшып ке...еді. Ал қу Тү...кі басын о...ан сайын к...тере түсіп:

-Ал, е...ді көзің жет...ен ш...ғар! М...нен қорық...айтын ж...н бар ма? – деп мақта...ады.

-Иә, сен шын...нда да ай...арлы еке...сің, - деп, алда..ған Жолб...рыс жайына ке..еді.

Бүгінгі оқушы - ертеңгі азамат - қоғам иесі. Балғындарға ең алғаш жол көрсетуші, бағыт беруші - бастауыш мектеп мұғалімдері. Өйткені білім мен тәрбие негізі, баланың жеке басын қалыптастыру негізі - бастауышта қаланады. Оқушының бойында қалыптасуға тиісті дағды мен шеберлік мемлекеттік стандарт талабына сәйкес болу үшін, мұғалім оқу-білім үрдісінде қиындықтарды жоюға бағытталған жүйелі жұмыс жүргізу арқылы білім сапасын арттыруға болатынына көз жеткіздім.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Ш.Сәтиева Оқушылардың оқу техникасын дамыту /Ұлағат 2003, №14, 25-32б.
2. О.Берденова Бастауыш мектеп оқушыларының оқу дағдыларын қалыптастыру жолдары /Бастауыш мектеп 2008 №12 19-20б.
3. ҚР БМ Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім беру академиясы ұсынған сауат ашу оқу бағдарламасы (1-сыныптар үшін)
4. . Ш.М.Шүйіншина 1-сыныптың оқу жетістіктерін бағалау /Бастауыш сыныпта оқыту 2006 №4, 40-43б.
5. Қалдыбекова Ә. Мәтінді түсініп оқимын. 2022, 10-14б
6. Қалдыбекова Ә. Вербалды интеллект. Жылдам оқу. 2022, 9-10б

«КРЕАТИВТІ ШЕБЕРХАНАДА» / ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ/

Тажимова Гульнар Темуржановна

Атырау қаласы № 20 «Алтын балық» сөйлеу тілінде күрделі бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы балабақшағың бейнелеу өнері маманы

Мақсаты: Мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілерінің - тәрбиеленушілерді дәстүрлі және дәстүрден тыс бейнелеу іс –әрекетіндегі әдіс-тәсілдері төңірегінде ой қозғай отырып , өнімді ойлау, тиімді шешім қабылдау, жағдайды алдын ала болжау, уақыттың өзі талап еткен жаңа идеялар жайлы ой пікір қалыптастыру, әріптестік байланысты арттыру, жаңалық ашу, басқарудың жаңа тәсілдерін ойлап табу, стандартты ойлау жүйесінен тыс идея аясында жауапкершілік алу мен ынтымақтаса жұмыс істеуін қалыптастыру, топ болып кеңесу арқылы проблемалардың тиімді шешімін таба білуге үйрету, балабақшадағы жаңа бастамаларға жаңашыл креативті шешім қабылдауға толыққанды тартуды қамтамасыз етуге ықпал ету

Дөңгелек үстелге балабақша тәрбиешілері қатысады.

Барлығы – 8 тәрбиеші

Дөңгелек үстел 4 бөлімнен тұрады:

- 1.Ойға шабуыл
- 2.«Дәстүрден тыс сурет салу тәсілдер шеруі»
- 3.Бүгінгі менің ойым
- 4.Тәрбиешілерге (8 сұрақ)
- 5.Сүйіспеншілік сипаты
- 6.Қорытынды

Өту барысы:

1.Тренинг «Мен сізбен мақтанамын»

Қатысушылар бір-біріне деген ізгі тілектерін білдіреді. Ынтымақтастық ахуал туғызады.



Мысалы, «Сіз, Жаңылсын Сабитқызы, өз ісіңізге өте ұқыпты жаңалықтың жаршысы әрі сауатты мамансыз. Іс қағаздарын жетік меңгергенсіз. Мен Сізбен мақтанамын.» т.с.с.

2.Топқа бөліну Гүлдер арқылы бөлінеді.

Қызыл гүлдер – көк гүлдер

Топ ережесін құру.

Кіріспе.

Жүргізуші: –Қадірменді әріптестер! Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі– өскелең ұрпаққа терең білім беру. Ал, оның негізі жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Ұйымдастырылған бейнелеу іс-әрекеті үрдісіне жаңа инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу балалардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырады ал педагогтардың өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады. Педагог жүйелі білім беруде және әдістемелік тәсілдерді жетік меңгерген болуы тиіс.

Дөңгелек үстелдің тақырыбы мен мақсаты хабарланады.

Бүгін сіздерді «Креатив шеберханасында» деп аталатын дөңгелек үстелге пікірлесуге шақырамын.

I.Ойға шабуыл

Ендігі ойымызды осы тақырып төңірегінде, яғни креативтілік, бейнелеу өнері іс-әрекетіндегі жаңашылдық пен педагогикалық әдіс-тәсілдер туралы әрі қарай жалғастырайық.

(Қатысушыларға мына ойларды жалғастыру беріледі.)

а) Креативті ойлау дегеніміз не?....

Креативті ойлау- инновациялық және тиімді шешімдерге қол жеткізуге және жаңа білімді немесе қиялды тиімді көрсете алуға бағытталған идеяларды әзірлеу, бағалау және жетілдіру процесіне нәтижелі қатысу қабілеті. Егер адам шектеулер мен тыйымдарға үнемі назар аударып отыратын болса, креативті болу өте қиын. Креативті ойлау өте шексіз және кең. Креативті ойлаудың соңы жоқ. Бұл креативті ойлаудың ерекшелігі. Бұл адамға кедергілерден арылуға және елестетілмейтінді елестетуге, белгілі бір дүниені ойлап табуға мүмкіндік береді. Ақыл креативті ойлау жағдайында кез-келген нәрсені ойлауға еркін. Сыни тұрғыдан ойлау жағдайында сіз бірнеше таңдау жасауға мәжбүр боласыз, ал креативті ойлау жүйесінде бұл басқаша. Креативті ойлау жағдайында әр түрлі таңдау жасалмайды. Креативті ойлау жаңа және ой қозғаушы идеяларды қалыптастыруға бағытталған. Сондықтан креативті ойлаудың бәрі қиял мен ұшқыр ойға қатысты деп айтуға болады.

Креативті ойлау жүйесі туралы жазылған Еуропа ғалымдарының еңбектерін қарай отырып, түбі бір нәрсені түрлендіріп, жаңа термин арқылы түсіндіру. Ерекшелігі – ғылымға енгізіп, қолданысқа айналдырып жіберуі

Шәкәрім ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ:

«Ойлаңыз ақыл, білім қайда болмақ,

Денеде қандай орын, жайда болмақ

Білу, нану, ұнату – ақыл ісі,

Қайтсе зиян, қайткенде пайда болмақ?

Тән – сезіп, құлақ – естіп, көзбен көрмек,

Мұрын – иіс, тіл – дәмнен хабар бермек.

Бесеуінен мидағы ой хабар алып,

Жақсы, жаман әр істі сол тексермек

II бөлім

ә)Баланы креативті ойландыру жолдары— ол.....(жас тәрбиешілер)

Креатив біздің өмірімізді түрлендіреді. Өмірімізде жетістікке жету үшін кей кездерде жұмысымызды креативті шешуіміз керек болады. Және солай креативты ойлану үшін не керек:

1) Тынығу



Креативті ойланып, шешім қабылдау үшін миды тынықтыру қажет. Миыңыз тыныққан кезде жаңа идея келетін болады, сол себепті тынығыңыз. Релаксация.

2) Саяхаттау

Саяхат сізге жаңа идеялар мен білім береді.

3) Жаяу жүру

Көптеген жетістікке жеткен адамдар күніне көп уақытты жаяу жүруге арнайды. Жаяу жүру организмізге оң әсер етеді. Жаяу жүрген кезде денемізде қан айналымы жақсарады. Сол кезде сіздің басыңызға жаңа идеялар мен ойлар келеді.

4) Хоббимен айналысу

Көптеген адамдарға ең алдымен өзінің сүйікті ісін анықтау керек. Ал егер сіз өзіңіздің сүйікті ісіңізді білсеңіз онымен жүйелі түрде айналысуға тырысыңыз. Себебі сүйікті іспен айналысқан адам бақыттырақ болады. Бұл да креативті шешімдер қабылдауға көмектеседі.

5) Театрлар мен көрмелер

Айтпасақта барлығына өнер креативтің қайнар көзі екені белгілі. Креативті ортада немесе сондай жерде сіз басқаша ойлана бастайсыз, сол себепті театрлар мен көрмелерге баруға тырысыңыз

6) Кітап оқу

Кітап оқу сіздің өміріңіздің кез-келген жерінде үлкен көмек көрсетеді. Сан алуан авторлар мен жанрларды оқыңыз. Өзіңіздің ойлау толқыныныңызды ұстаныңыз. Кітап жаңа идеялардың бұлағы екенін ұмытпаңыз

б) Балабақшада креативтілікті қандай іс-әрекеттерге ендіруге болады? және қалай ендіреміз? /слайд/

в) Педагогтардың креативтілік деңгейін қалай арттыруға болады?

Ынтымақтастық педагогикасы балаларды ынтымақтастыққа, оқу еңбегіне жетектейді, табысқа жету үшін оларға сенімділік туғызады, артта қалмаудың жолын іздестіреді. Жаңашыл тәрбиешілердің айтуы бойынша баланы айқай, қорқыту арқылы тәрбиелеуге, оқытуға болмайды – бұл зорлау, еріксіз көндіру әдісі. Сондықтан олар баламен үндесуді құлық негізінде қарастырады.

Адамгершілік және ынтымақтастық бала өмірінде үлкен орын алады. Сондықтан тәрбиеші ең алдымен баланың дамуы, келешегі жайлы қамқорлық жасайды. Өйткені, олардың өмірге бейімделуі, өмір тәрбиесіне үйренуі балабақшадан басталады. Міне, осы тұрғыдан қарасақ, ынтымақтастық педагогикасы – құлық педагогикасы, даму педагогикасы. Іс жүзінде бұлардың үшеуі де біртекті құбылыс, тәрбиешілердің әрекет ету тәсілдері, олардың балалармен қарым-қатынасы, істегі ынтымақтастығы.

ІІІ бөлім Әр топқа А3 парақтар, маркер беріледі, өз ойларын ортаға салады. 10 минут уақыт беріледі.

1. «Дәстүрден тыс сурет салу тәсілдер шеруі»

«Креативті ағаш»

(Осы кезде әуен қойылып, қатысушылардың әуенмен түрлі құралдар арқылы дәстүрден тыс тәсілдермен бір ағаш бейнесін түрлендіріп салады, тәрбиешілердің жұмыс істеуіне жағдай туғызылады.)

2. «Әуенді бейнеле оның дәмін тап»

(классикалық және ауыр рок музыкалар ойналады педагогтар сол әуеннің суретін бейнелейді)

Әр топтың жұмыс нәтижесі музыка әуенімен бағаланады.

Қатысушылар жауабынан соң қорытынды жасалынады.

Жүргізуші:

2 – бөлім “Менің ойым” деп аталады. Қатысушыларға мынадай сұрақтар жазылған парақтар таратылады, слайд арқылы да көрсетіледі.

№1. «Күз» тақырыбын қандай дәстүрден тыс тәсілмен бейнелер едіңіз?

/ылғалды парақ/ /бастырма/

№2 «От шашу» тақырыбын қандай дәстүрден тыс тәсілмен бейнелер едіңіз?



/шашырату, үрлеу/

№3 «Қар жауып тұр» тақырыбын қандай дәстүрден тыс тәсілмен бейнелер едіңіз?

/май шаммен/

№4 «Көбелек» тақырыбын қандай дәстүрден тыс тәсілмен бейнелер едіңіз?

/Қағазды бүктеу бояуларды құю, алақандап жаяу/

№5 «Көліктер» тақырыбын қандай дәстүрден тыс тәсілмен бейнелер едіңіз?

/құрастыру бөлшектерін бояуға малу, бастыру/

№6 «Гүлдер» тақырыбын қандай дәстүрден тыс тәсілмен бейнелер едіңіз?

/саусак/ /шыны пробкасын бастыру/

№7 «Көкөністер» тақырыбын қандай дәстүрден тыс тәсілмен бейнелер едіңіз?

/картоп бастырмасы/ далаппен сурет/

№8 «Құс қанаты» «қошқар мүйіз» өрнегі /картоп бастырмасы/

Жүргізуші :

Келесі 3-бөлім “Сүйіспеншілік сипаты” деп аталады.

«Біздің балабақшада қазіргі кездегі бейнелеу өнерінің ахуалы қандай?» деген сұраққа байланысты жақсы ойларыңызды жасыл жапыраққа, ал «Қазіргі кезде балабақшада шығармашылық бағытта балаларды алға жетелеуге қандай кедергілер тұрғаны» туралы пікірлеріңізді сары жапыраққа жазып, ілулі тұрған тақтадағы ағашқа жапсырамыз.



Тақтаға «Білім ағашы» ілінеді.

(Қатысушыларға 2 минут ой-пікірін жазуға, 3 минут оны айтып беруге уақыт беріледі)

Енді осы ойларымыздың барлығы неге ағашқа жапырақ түрінде жапсырылды, қалай ойлайсыздар?

(Қатысушылардың пікірі тыңдалады, жүргізуші өзі қорытындылайды)

4-бөлім. Қортынды.

Жүргізуші:

Балабақша – тәрбиешілер үшін екінші үй. Жас бүлдіршін оның өз баласы іспетті. Сонда олар өте үлкен отбасында өмір сүріп жатырғандай. Әрбір отбасы — өрнек жайған ағаш діңгегі. Егер осы сары жапырақтар көп болса, сіздің балабақшаңызда қауіп – қатер, қорқыныш, бақытсыздық жайлай бастағандығы. Ал егер жасыл жапырақ көп болса, онда сіздің бақшаңызда түсіністік, сыйластық, адалдық, жүрек жылуы, тәрбиеші мен бала, ата-ана арасында ынтымақтың мол болғаны. Сондықтан да, құрметті әріптестер, педагогикалық қызметте шеберліктің шыңына жетіп, ынтымақтаса жұмыстанайық.

Белсене қатысқандарыңызға көп рахмет!





БАЛАЛАРҒА МАТЕМАТИКАНЫ ҮЙРЕТУДЕ МОНТЕССОРИ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

Ермекова Шаттық Нығметқызы

*Атырау қаласы № 20 «Алтын балық» сөйлеу тілінде күрделі бұзылыстары
бар балаларға арналған арнайы балабақшасы монтессори маманы*

*«Адамның ақыл-ойы математикаға негізделген.
Ол дәлдікке, өлшеуге, салыстыруға ұмытылады.
Математикасыз тәрбиелеу мен білім берусіз
біздің дәуірідегі даму жаңалықтарын түсіну және
оған қатысу мүмкін емес»
М.Монтессори*

Балалардың ерте жастан жылдам дамуы қазіргі кезде бәріне танымал. Осындай ерте дамудың жолдарын зерттегендердің біреуі Мария Монтессори. Бұл әдіс Мария Монтессоридің атымен аталады. Алғашқы рет бұл әдістер 1906 жылы бала бақшаларда қолданыла бастаған, содан кейін де жылдар өткен сайын біртіндеп бүкіл әлемнің мектептері мен бала бақшаларына енгізіліп, бүгінгі күнде кең қолданыста жүр.

Монтессори математика аймағы. Мария Монтессори адамзаттың ақыл-ойын «математика» деп, ал логикалық қабілеттері мен деңгейлері жоғары адамдарды «интеллектуалды адамдар» деп атайды. Математикалық тәрбие мен білімсіз дүниені танып білу мүмкін емес, барлығы осы математикадан бастау алады деп есептеген. Монтессори Математика аймағындағы жүргізілетін жұмыстардың мақсаты – баланы 1-ден 10-ға дейін санап үйрету. Мөлшерлер мен сандарды сәйкестендіруді білу, 0-мен таныстыру, тура және кері санауды меңгерту, сандарды салыстыру, сандар мен мөлшерлерді теңестіруге үйрету.

Монтессори математикасының ерекшеліктері. Математикаға даярлық сенсорлық аймақтан басталады. Әрине, бұл жаттығуларға арнайы материалдар қолданады.

1. Цилиндрлердің блоктары. Әр блокта ондық санау жүйісіне сәйкес 10 цилиндр 10 ойықшалар бар. Цилиндр геометриялық пішіндер. Цилиндр көлемдері мен пішіндері, биіктігі жағынан әр түрлі, ал ойықшалардың тереңдігі мен көлемі әр түрлі болады. Мақсаты: бала цилиндрлерді ойықшаларға салып, алып шығу арқылы үлкен және кішкентай, ұзын және қысқа, жуан, жіңішке, терең, ұсақ ұғымдарын меңгереді.

2. Қызғылт мұнаралар.

Мұнаралар 10 кубтан құралады. Балалар кубтың пішінімен танысады. Куб әр жақтарының пішіндері 10 мм қысқарады. Кубиктердің салмағы да бір ізділікпен өзгереді. Мақсаты: үлкен – кіші, кішірек, үлкенірек түсініктері жақсы игеріледі. Мұнара бірізділікпен, үлкен кубиктерден басталып,

кішкентай кубиктермен аяқталады. 3. Қызыл штангілер.

Берілетін материал ұзындығы әр түрлі 10 қызыл штангілерден тұрады. Әр штангілер 10 мм-ге ұзындығы бойынша өзгеріп, кішірейіп отырады. Осылайша ұзын-қысқа, ұзынырақ-қысқарак ұғымдары меңгеріледі. 10 ағаш, ұзындықтары әртүрлі қызыл штангілер беріледі.

Ең қысқасы 10 см, ал ұзыны 1 м болады. Мақсаты: балаларға 1-ден 10-ға дейін санатып үйрету мен ондық жүйесін қабылдату және меңгерту. Монтессоридің классикалық сенсорлық материалдарының осы да, басқа да түрлері «математикаға дайындыққа арналған материалдар» материалдар» деп аталады. Олардың қатарына көлемді геометриялық денелер бар себеттерді, түрлі-түсті цилиндрлерді, конструкторлық үшбұрышты 5 қорапшаларды, т.б. атауға болады. Кейінірек педагог биноминалды және үш номиналды кубиктерді ойлап шығарады. Бір қызығы, баланың жазуды игеруінің басты материалдары математикалық білімінің негізі ретінде санаудың



ондық жүйесі концепциясын ұстанады. Материалдар арифметика мен геометрияның байланысын анық көрсететіндей етіп жасалған: қызыл штангілер түзу мен кесінді туралы түсініктерін қалыптастырады.

Мария Монтессори математикалық материалдарды 4 топқа бөлген.

Бірінші топтағы материалдарға балаларға 10 көлеміндегі санауды үйретуге бағытталған материалдар жатады. Бала сандарды цифрмен белгілеп, заттардың санын анықтауды, 0-дің белгілі ретіндегі мағынасы жоқ дегенді білдіретінін түсініп меңгереді.

Екінші топ баланы сан және оның құрамымен таныстырады. Бұл материалдар бірлік моншақтармен, ондық тетіктермен, жүздік шаршылармен, мыңдық кубиктермен беріледі. Сонымен қатар, цифрлары бар кестелер де болады. Алдымен, 1, 10, 100, 1000, сосын 20, 30, ... 90 және 200, 300, 400..., 900, 2000, 3000, 90000. Балалар кәдімгі моншақтарды кілемге тізіп қою арқылы ондық жүйені үйренеді.

Мұны 3-4 жасар балалар да біледі

Үшінші топқа «Сегентақтасын» жатқызамыз. Психологияда атақты болып есептелетін бұл тестілік материалды Монтессори дидактикалық материалдар есебінде қолданады. Ағаш қорапшада әрқайсысы 5-кебөлінген екі тақта орналасады. Біріншісінің жолында 5 рет 10 саны жазылады. Екіншісінде 4 рет 10 саны жазылады. Соңғы жолы бос қалады. Тақталарымен қоса 1-ден 9-ға дейінгі цифрлары бар кестелер қоса беріледі. Осы тақта мен түрлі-түсті моншақтар арқылы бала сандарды тез есте сақтайды.

Төртінші топтағы материалдар балаға қосу, азайту, көбейту, бөлу сияқты операцияларды меңгеруіне, арифметикада жаттығуына септігін тигізеді.

Біздің балабақшамыздағы балалар Монтессори математика құралдарының 1-ші тобының жаттығуларын үйренеді.

Бірінші топқа келесі материалдар жатады :

1. Бұдыр цифрлар;
2. Санауға арналған штангалар;
3. Санауға арналған штангалар мен сандар.
4. Ұршықтары бар қорапшалар.
5. Сандар мен мөлшерлер (чипстер).

Математикалық құралдарды таныстыру кезінде қолданылатын әдістемелік қағиданы айтып өтейік: алдымен мөлшерлер енгізіледі, содан кейін символ-сандар, ал сонан соң мөлшерлер мен сандар бір-бірімен салыстырылады.

Математика құралдарымен жұмыс істеу кезінде үш сатылы сабақ Монтессори маманның негізгі құралы болып қала береді. Ол жаңа терминдерді есте сақтауға және баланың тілін байыту үшін арналған. Сабақ барысында әдеттегідей екі-үш жаңа ұғым енгізіледі, бірақ жаңа терминдердің күрделілігіне байланысты айрықша жағдайлар болуы мүмкін. Сабақтың аталуынан жеңіл түсінуге болатындай, ол үш кезеңнен немесе деңгейден тұрады. Мұндай сабақтың ұзақтығы 3-5 мин.

Бірінші кезеңде педагог балаға заттың атауын, қасиеттерін немесе мөлшерін айтады. «Мынау...». Жаңа терминдерді бірнеше рет қайталаған дұрыс, қайталау кезінде баланың тек есту қабілетін ғана емес, сондай-ақ мүмкін болса, көру, тактильді, стереогностикалық қабылдау қабілеттерін, оның салмақ түйсігін және бұлшықты жадысын қатыстыру керек. Үш сатылы сабақ барысында маман қосымша түсіндірулер жасамайды, тек есте сақталуы қажет ұғымдарды ғана айтады.

Екінші кезеңде маман балаға «Маған ...берші», «Маған ...көрсетші» және басқа тапсырмаларды береді. Балаға заттың атауы мен ара қатынасын анықтап, оларды жақсы есте сақтап қалуы үшін тапсырмалар көп болуы қажет. Сабақ барысында қолданылатын заттардың орыны бірнеше рет ауыстырылады. Бірінші және екінші кезеңде баланың пассивті тілі қарастырылады.

Үшінші кезеңде пассивті тіл активті тілге айналады. Маман затты немесе оның мөлшерін көрсетіп, баладан «Мынау не?» немесе «Мынау қанша?»-деп сұрайды. Осы сұрақтарды, сондай-ақ заттардың орнын ауыстырып, екі реттен кем емес қайталаған дұрыс.



Бұдыр цифрлар арқылы балалар 1-ден 9-ға дейінгі цифрларды оқып, жазып үйренеді, ал кейін нөлдің мәнімен танысқаннан кейін «0» цифрын біліп, жазып үйренеді.

Ескерту: бұдыр цифрлар дұрыс тәртіппен үш кезеңді сабақ ретінде енгізіледі. Әр енгізген сайын бала үшін жаңа немесе одан аз цифрлар алынады.

Жаттығулар: 1) Үйлердің нөмірлерін, сағаттағы цифрларды оқу.

2) Ұнтақ жарма үстіне сандарды жазу.

3) Цифрларды бормен тақтаға жазу.

Санау штангалары және сандар құралдары бірден онға дейінгі мөлшерлерді тиісті сандармен салыстыруға арналған. Бала сондай-ақ 10 санымен танысады. Осы құрал арқылы баланы сандарды қосуға дайындайтын бірқатар жаттығулар мен ойындарды жүргізу тиімді.

Жаттығулар: «Іштей санау».

«Қашықтықтағы ойындар»-штангалар бір кілемнің үстінде жатады, сандар бірінші кілемнен біраз алшақ орналасқан екінші кілемнің үстінде жатады. Бала штангадағы аралықтарды санайды және тиісті санды іздейді.

Ұршықтары бар қорапшалар құралы арқылы бала нөлдің мәнімен танысады, тізбекті және кері санауға, мөлшерлер мен сандардың ара қатысын анықтауға, мөлшерлерді салыстыруға, сандар құрамына жаттығуды жалғастырады.

Ескерту: ұршықтарды алған сайын сол қолдың алақанына салып, оны тиісті мөлшерлерінен сенсорлық әсер алу үшін қысып ұстаған маңызды. Сонда баланың өзі мөлшерлері азайып, «нөлге ұмтылуын» сезіп байқайды. Барлық ұршықтар таратылып салынғаннан кейін баланың назарын қораптың бос екеніне аударады.

Маман әр бөлімшеде ұршықтар бар екенін, тек біреуінде ғана ұршықтар жоқ екенін айтады. Ол «Нөл» «ештеңе» дегенді білдіреді», - деп түсіндіреді және 0 бұдыр цифрын көрсетеді.

Жаттығулар: 1) Бірінші таныстыруды қайталау. 2) Тура санау-бала ұршықтарды 1-ұяшықтан бастап салып қояды.

3) Сан құрамына арналған жаттығулар-бала 9-ға дейінгі ұршықтардың кез келген мөлшерін алады және оларды тиісті бөлімшеге салады. Бұл ұяшықты біз жасыл түсті қысқышпен белгілеп қоямыз. Сонан кейін біз балаға осы бөлімшеден біраз ұршық алып, санап тиісті ұяшыққа салуы жөнінде ұсыныс жасаймыз. Қалған ұршықтарды алып, санап, тиісті ұяшыққа салады. Бала бастапқы санның қалай жіктелгенін көреді.

4) Мөлшерлерді салыстыру-бала көзін жұмып, әр қолына бірнеше ұршықтан алады және қай қолында көп екенін салыстырады. Көзін ашады және өзін тексеріп ұршықтарды санайды, оларды алдымен бірінің үстіне бірін салады, ал сонан кейін тиісті бөлімшелерге салады.

5) Артық, кем және тең символдарын енгізу-алдымен алақандағы ұршықтарды салыстырады, сонан кейін үстелдің үстіне көлденең біріне бірін қарсы орналастырады. Символдарды карточкаларға жазып, үстелдің үстіндегі ұршықтардың тиісті мөлшерлерінің арасына салады. Біз саусақтар арқылы мөлшерлерді салыстыра отырып, артық, кем және тең таңбаларының суреттерін саламыз.

Сандар мен чипстер құралдарды тестілеуге арналған құрал болып табылады және сандарға мөлшерлердің тиістілігін салыстыра алу дағдысын тексеру үшін арналған. Бұдан басқа бала сандардың жұптық және тақтық қасиеттерімен танысады.

Жаттығулар:

1) Әр түрлі заттарды санау.

2) Сандар мен чипстерді салу және бояу.

3) сандарды жұп және тақ сандарға бөлу.

Осы жаттығулардың нәтижесінде бала:

- Математикалық ұғымдарды тез игереді.
- Сан және санау жүйесін меңгереді.
- Сандар мен мөлшерлерді сәйкестендіруге, теңестіруге үйренеді.
- Жазуға үйренеді



- Қол еңбегіне дағдыланады;
- Ұсақ қол моторикасы дамиды;
- Қимыл-қозғалыстары дамиды;
- Ой-өрістері кеңейеді;
- Өздеріне деген сенім пайда болады;
- Қателіктерін өздері түзеп үйренеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. [М.Монтессори «Разум ребенка»]
2. [Л.В.Пермякова «Математика» г.Снежинск 2005г]
3. [«Монтессори тобындағы 3-6жастағы балаларға арналған математика»
Л.Ю.Климанованың редакциясы Ресей Монтессори-педагогтар қауымдастығы].
- 4.[Ю.Фаусек «Педагогика Марии Монтессори» изд «Генезис» 2007г]

БІЛІМАЛУШЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДЕРБЕСТІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ САТЫЛАРЫ

Тұрсынов Нұржан Талапұлы, Жолдасов Аманбек Талапұлы

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
физика математика ақпараттық технология факультеті
2 курс магистранттары*

Білімалушыны жеке тұлға ретінде қалыптастыру дегеніміз оған шығармашылық іс-әрекет тәсілдерін меңгерту және жүйелі білім алуды, іскерлік пен дағдыны игерту, ақыл-ой мен сезімін дамыта отырып, интеллектуалдық ой-өрісін жетілдіру. Тек ақыл ойы жетілген, ізденімпаз, өз пікірін дәлелдеуге, қоғамда пайда болған жаңа проблемаларды шешуде шығармашылықпен іс-әрекет жасауға қабілетті адамды білімді деп айтамыз.

Осы сәтке дейін қалыптасқан белгілі іс-әрекеттерді алған білімі негізінде қазіргі жағдайда талабына сай іс-әректің жаңа тәсілдерін өздігінен жүзеге асыра білу заман талабы. Әрбір дара интеллектуалды тұлғаның қалыптасқанын көрсететін оның қоғам өміріндегі белсенділігі және жеке тұлға ретінде қалыптасуы жастайынан әр атқарған ісін шығармашылықпен жүзеге асыру арқылы қалыптасады, сондықтан білім беру бағдарламасына жобалап оқытуды енгізу қажет деп санаймыз.

Білімалушының шығармашылық дербестігін қалыптастыруды мазмұндық жағынан қамтамасыздандыру принциптері:

- қазіргі ғылым, өндірістің даму дәрежесі мен гуманистік демократиялық қоғамның негізгі талаптарына шығармашылық дербестікті қалыптастыру деңгейлері және мазмұн элементтерінің сәйкестік принципі;
- оқу бағдарламасын құрастыруда білім берудің мазмұнында шығармашылық іс-әрекеті ескеру принципі. Бұл принцип оқу бағдарламасына енген пәндерде барлық мүмкін іс-әрекет түрлерінің өзара байланысын жүзеге асыруды көздейді;
- игерілетін білім мазмұны мен қалыптасатын біліктіліктердің әр деңгейде құрылымдық жағынан бір тұтастығы принципі. Бұл принцип шығармашылық іс-әрекет компоненттерінің өзара қалыпты тепе-теңдікте және үйлесімді болуын жүзеге асырады.

Білімалушының шығармашылық дербес қалыптастыру үшін іс-әрекетінің мотивациясы мен тиімділігін арттырудың бір жолы-оларды зерттеу қызметіне қосу. Оның келесі ерекшеліктері бар:

1.Білім алушылардың зерттеу қызметінің мақсаттары мен міндеттері олардың жеке себептерімен де, әлеуметтік себептерімен де анықталады. Мұндай қызмет жасөспірімдердің пәндік саладағы білім деңгейін арттыруға, олардың қабілеттерін дамытуға және басқалар үшін маңызды өнімді құруға бағытталуы керек.



2.Зерттеу қызметі білім алушылар сыныптастарымен, мұғалімдермен қарым-қатынас жасау қажеттіліктерін жүзеге асыра алатындай етіп ұйымдастырылуы керек. Мақсатты, шығармашылық қызмет барысында әр түрлі қатынастар құра отырып, студенттер әр түрлі адамдармен қарым-қатынас нормаларын, қарым-қатынастың бір түрінен екіншісіне өту дағдыларын игереді, ұжымда ынтымақтастық және өзіндік жұмыс дағдыларын игереді.

3.Оқушылардың зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру танымдық іс-әрекеттің әртүрлі түрлерінің үйлесімін қамтамасыз етеді. Жасөспірімдер үшін маңызды және қызықты жаңа іс-шаралар болып табылады, олар әлі де таныс емес, оларды игеру, білу қызықты, тіпті болашақта олар ерекше өмірлік маңызды болмасада.

Зерттеу қызметі білім алушылардың жеке шығармашылыққа да, ұжымдық шығармашылыққа да қызығушылығын тудыру үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Зерттеу жұмыстарын жүзеге асырудың маңызды ерекшелігі-оқушылардың белгілі бір білім саласында әмбебап дағдыларды меңгеру қажеттілігі, сондай —ақ қиялда білу белсенділігі - шығармашылықтың ажырамас негізі.

Зерттеу қызметінің нәтижелері тек пәндік нәтижелер емес, сонымен қатар оқушылардың интеллектуалдық, тұлғалық дамуы, зерттеу үшін таңдалған саладағы олардың құзыреттілігінің артуы, ұжымда ынтымақтасу және өз бетінше жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру, зерттеу қызметінің табыстылығының (сәтсіздігінің) көрсеткіші ретінде қарастырылады .

Оқушылардың зерттеу қызметін ұйымдастыра бастағанда, айқын жаңалықпен сипатталатын нәтижелер алу қажет болған кезде жүргізілетін толыққанды ғылыми зерттеуден айтарлықтай айырмашылықтары бар екенін ескеру қажет. Білім алушылардың зерттеу қызметінің маңызды нәтижесі-оқушылардың өздері үшін жаңа, бірақ ғылыми ортада жақсы белгілі білімді ашу [3].

Зерттеу әрекеттерінің компоненттері

Білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамыту тәсілдерін талдау әр түрлі даму бағдарламаларында зерттеу қызметін құру схемасы, кезеңдері біртұтас екенін көрсетеді, атап айтқанда:

- мәселені қою, мәселенің туындауын қамтамасыз ететін проблемалық жағдай жасау, мәселенің өзектілігін дәлелдеу;
- гипотезаны ұсыну, гипотезаны тұжырымдау және зерттеу ниетін ашу;
- зерттеу әрекеттерін жоспарлау және қажетті құралдарды таңдау;
- мәселенің шешімін іздеу, нәтижелерді кезең-кезеңмен бақылау және түзету арқылы зерттеу жүргізу;
- зерттеу нәтижелерін ұсыну, оны гипотезамен байланыстыру мақсатында ұйымдастыру, қызмет нәтижелерін түпкілікті өнім ретінде рәсімдеу, жаңа білімді тұжырымдау;
- алынған нәтижелерді талқылау және бағалау және оларды жаңа жағдайларға қолдану.Н. Б. Шумакованың пікірі бойынша , қалыптастыру зерттеу қызметін оқушылардың жеке компоненттерді игеруінен бастаған жөн, зерттеудегі компоненттердің әрқайсысын жүзеге асыру оқушылардың белгілі бір дағдыларды игеруін қамтиды.

Проблеманы қою, проблемалық жағдай жасау.

Мәселені көре білу проблемалық жағдайға теңестіріледі және қажетті білім мен құралдар болмаған кезде мәселені шешуде қиындықтар туындауы деп түсініледі. Мәселені көру көбінесе оны шешуден гөрі қиын. Бұл компонент кез-келген зерттеу қызметі үшін ең күрделі болып табылады.

Бұл компонентті қалыптастыру үшін әдістемелік және оқу әдебиеттерінде әртүрлі тапсырмалар бар . Бұл сұрақтар қоя білуге, мағыналық оқуға және түсіну атомдарын игеруге, мәтінді құрылымдауға және оның тақырыбына, мәтінге эпитеттерді таңдауға, метафораларды түсінуге арналған тапсырмалар.

Гипотеза жасау қабілеті-бұл зерттеу барысында тексерілетін мәселені шешудің мүмкін нұсқасын тұжырымдау. Зерттеу деңгейіне сәйкес гипотезаны тексерудің теориялық және эмпирикалық әдістері мүмкін.



Гипотезаны тұжырымдау және зерттеу ниетін ашу. Гипотезаны тұжырымдау үшін қолда бар ақпаратқа алдын ала талдау жүргізу қажет.

Мәселенің шешімін табу, нәтижелерді кезең-кезеңімен бақылау және түзету арқылы зерттеулер жүргізу мыналарды қамтиды:

- байқау қабілеті;
- эксперимент жүргізу дағдылары мен іскерлігі;
- қорытындылай және тұжырымдама жасай білу;
- қажетті ақпаратты табу және гипотезаны тексеру үшін қарапайым тәжірибелерді жоспарлау және жүргізу мүмкіндігі;
- әртүрлі ақпарат көздерін пайдалану;
- алынған нәтижелерді талқылау және бағалау және оларды жаңа жағдайларға қолдану мүмкіндігі.

Мәселеге байланысты сұрақ қоя білу оны нақтылай білу қабілетінің құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға болады. Оқу мәтіндері бұл шеберлікті 1-сыныптан бастап қалыптастыруға мүмкіндік береді, проблемалық жағдайларды және қарапайым мәтіндерді талдаудан мәселелерді шешу жолдарын талдауға бағытталған сұрақтарды біртіндеп қиындатады. Э. Ландаудың пікірінше, сұрақтарды креативті қою деңгейлерін бөліп көрсетуге болады (кесте. 1).

Кесте 1

Сұрақтар қою деңгейлері

Сұрақ	Сұрақтың бағыты
1. Әрі қарай қайда?	1.Болашаққа бағытталған сұрақ
2. Ненің дұрыс, ненің дұрыс емес?	2. Бағалау мәселесі
3. Егер де... онда не болар еді?	3. Ойдан шығарылған сұрақ
4. Мен не білемін деп ойлаймын?	4. Субъективті сұрақ
5. Неге, кім, қалай, не істейді?	5. Кездейсоқ сұрақ
6. Кім, қалай, не, қайда, қашан?	6. Сипаттамалық сұрақ

Әдебиетте бұл сұрақтар тізбегі талқыланады. Сұрақтар жүйесінің өзін толық қабылдаған кезде әртүрлі мазмұндағы сұрақтарды енгізудің әртүрлі оңтайлы реттілігі ұсынылады. Сұрақтардың мазмұнына және олардың әрқайсысында бірегейлік деңгейі тұрғысынан бағалануына назар аудару маңызды.

Эксперимент жүргізу шеберлігі мен дағдылары-зерттеу нысанына әсер етуді қамтитын зерттеу әдісі. Мәселенің шешімін іздеу кезінде қорытынды жасау, ой тұжырымын жасау және жіктеу қабілеті қолданылуы мүмкін.

Байқау қабілеті-бұл танымдық тапсырмаға сәйкес келетін мақсатпен сипатталатын қабылдау түрі. Ғылыми тәжірибеде БАҚЫЛАУДА әртүрлі құралдар қолданылады (соның ішінде бағдарлама, бақылау параметрлері, сондай-ақ әртүрлі құралдар, құрылғылар және т.б.).

Қорытынды мен ой тұжырымын жасай білу-сол сәтке дейін игерілген білім негізінде жаңа білім шығарылатын ойлау формасы. Қорытындылардың үш түрі бар: индуктивті, дедуктивті және ұқсастық бойынша қорытынды. Индуктивті қорытынды (нақтыдан жалпыға дейін) эмпирикалық зерттеулерде кеңінен қолданылады. Дедуктивті қорытынды гипотетикалық-дедуктивті ойлаудың дамуын болжайды. Ұқсастық бойынша қорытынды белгілерді ажырата білуді талап етеді.

Жіктеу қабілеті-бұл объектілерді бөлу негіздеріне, принциптеріне сәйкес топтарға бөлу.

Зерттеу нәтижелерін ұсыну, оны гипотезамен байланыстыру мақсатында ұйымдастыру, қызмет нәтижелерін түпкілікті өнім ретінде жобалау, жаңа білімді тұжырымдау мыналарды қамтиды:

- зерттеу жүргізу туралы хабарламаны талқылау, түсіндіру, дәлелдеу, жоспарлау, оның нәтижелерін дайындау және зерттеуді қорғау. Дайындық тек мәтінді ғана емес, сонымен қатар



зерттеу процесін де, нәтижелерін де көрсететін, түсіндіретін, көрсететін материалдардың презентациясын қамтиды;

- материалды құрылымдау мүмкіндігі;
- алынған нәтижелерді бағалау және оларды жаңа жағдайларға қолдану.

Зерттеу қызметін қалыптастыру бойынша оқытуды ұйымдастыру ҰБТ-ны оқушылардың танымдық қажеттіліктері мен қабілеттерін дамытуға, зерттеу жүргізу үшін қажетті арнайы білім алуға әкеледі.

Н.Б. Шумаковтың зерттеу қызметінің бірінші кезеңіне ерекше мән беруі (мәселенің туындауы және проблеманың тұжырымдалуы-ең нәзік және шығармашылық компонент); және соңғы кезең - табылған шешімді дәлелдеу, фактілерді жинау үшін әртүрлі ақпарат көздерін пайдалану (кітаптар, энциклопедиялар, сөздіктер, қарапайым графиктер, диаграммалар, диаграммалар, т.б.).

Н. Б. Шумакова зерттеу қызметін ұйымдастыру нәтижесінде студенттер зерттеумен қатар әртүрлі критерийлер арқылы фактілерді, оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді талдау, жіктеу, салыстыру, анықтау және бағалау сияқты ойлау қабілеттерін игеретінін атап өтті; болжамдарды тексеру; фактілердің, оқиғалардың, құбылыстардың реттілігін дәлелдеу, белгілеу; бөлектеу себеп-салдарлық байланыстар; қорытынды жасау; біріктіру; түрлендіру; болжау; жаңасын ойлап табу; шағын топтарда диалог жүргізу және мәселелерді шешу.

Аталған ғылыми-зерттеу және зияткерлік дағдыларға қол жеткізу келесі жағдайларды қамтитын жағдайлар жүйесімен қамтамасыз етілуі мүмкін :

1. Оқушыларда сұрақтар мен проблемалардың туындауына жағдай жасау.
2. Білім алушылардың эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз ету.
3. Ойлау процесінің рефлексиясы, шешімді түсінудің жоғары деңгейіне жету.
4. Тұлғааралық қарым-қатынас қажеттілігін қанағаттандыру.
5. Танымдық қажеттілікті қанағаттандыру.
6. Оқыту мазмұнын саралау және даралау.
7. Өз қызметін өзін — өзі басқару қабілетін дамыту-рефлексивті өзін-өзі реттеу.
8. Оқушыларға мұғалімнің көмегін саралау және даралау.

Соңғы уақытта мұғалімдер мектептегі оқушылардың ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамытуға үлкен көңіл бөле бастады. Мектепте оқушылардың ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту үшін белгілі бір ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлардың жасалуы оқушылардың қабілеттері мен қажеттіліктерін барынша ескеруге мүмкіндік береді және олардың зерттеушілік мәдениетінің қалыптасуына ықпал етеді, сонымен қатар олардың ғылыми-зерттеу мәдениетінің өсуіне, білім сапасының артуына тікелей ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Асмолов А.Г. Системно-деятельностный подход к разработке стандартов нового поколения / А. Г. Асмолов // Педагогика. - 2009. - № 4. - С. 18-22.
2. Божович Л. И. Проблемы формирования личности: Избр. психол. тр. / Под ред. Д.И. Фельдштейна; Рос. акад. образования, Моск. психол.-соц. ин-т. - 3-е изд. - М. : МПСИ ; Воронеж: МОДЭК, 2001. - 349 с.
3. Нюттен Ж. Мотивация, действие и перспектива будущего / под ред. Д.А. Леонтьева. — М.: Смысл, 2004. — 608 с.
4. Маюрова Л. В. Современные подходы к организации учебно-исследовательской деятельности школьников // Молодой ученый. — 2014. — №21. — С. 660-664.
5. Шумакова Н. Б. Возраст вопросов: [роль вопроса в познавательном и личностном развитии ребенка] / Н.Б. Шумакова. — Москва.: Знание, 1990. — 80

6. Бычкова А.С. Организация исследовательской деятельности в процессе обучения физике: учебно – методическое пособие для студентов педагогических вузов, учителей школ/ А. С. Бычкова, Е. А. Румбешта. – Томск: Изд-во Томск. гос. гед. ун-та, 2015. – 112 с



БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ ПӘНДЕРІНДЕГІ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Қазанғапова Айкүміс Мерекеқызы

Атырау облысы, Құрманғазы ауданы,

Ф. Оңғарсынова атындағы орта мектебінің

бастауыш сынып мұғалімі, педагог-модератор

Тарихқа көз салсақ...

«Сауатты» (грекше – Literatus) деген сөзді Цицерон енгізді. Ол білімді адамды «сауатты» деп санаған.

Ежелгі гректер сауатты адам тек оқу мен жазудағы ғана емес, жүзуді де біледі деп санаған.

Қайта өрлеу дәуірі (XVI-XVII ғғ) ана тілінде жазу және оқу деп қалыптастырған. Орта ғасыр тек латын тілінде оқу, жазуды қалыптастырған.

XVIII-XIX ғғ. мәдени әлеуметтік және экономикалық салалардағы жаһандық өзгерістердің нәтижесінде дәстүрлі сауаттылық: оқу, жазу және арифметикалық есептеу ұғымдары пайда болды.

Қазіргі ЮНЕСКО құжаттары бойынша функционалдық сауаттылық дегеніміз – алған білімін күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді шешу біліктілігі. Бір сөзбен айтқанда дәстүрлі оқыту мен функционалдық сауаттылық екі түрлі ұғым.

XXI ғасырдағы сауаттылық: базалық сауаттылық, функционалды сауаттылық, мультимодалды сауаттылық.

Базалық сауаттылық (Baseline literacy) – өзіне деген сенімді сақтауға және одан әрі даму үшін мотивацияны өзгертуге мүмкіндік беретін деңгейдегі оқу және жазу аясындағы қарапайым сауаттылық.

Функционалды сауаттылық (Functional literacy) – қоғам мүшесі, ата – ана, азамат пен қызметкер ретінде толыққанды және тиімді қызмет атқару.

Мультимодалды сауаттылық (Multiple literacy) – өнім жасау, жазбаша ақпараттарды сыни бағалау, интерпретациялау үшін адамның оқу мен жазу дағдысын қолдану мүмкіндігі. Бұл сауаттылық түрі азаматтың қоғамдық өмірге «цифрлы түрде қатысып», денсаулық сақтау, қаржы т.б. мәселелерге қатысты дәйекті шешім қабылдауына негіз болады.

Функционалды сауаттылықтың түрлері: оқу сауаттылығы, ғылыми – жаратылыстану сауаттылығы, математикалық сауаттылық, компьютерлік сауаттылық, қаржылық сауаттылық, құқықтық сауаттылық, денсаулық сақтау сауаттылығы, тұрмыстық сауаттылық, шығармашылық ойлау.

Аталған сауаттылықтың ішіндегі бастауыш сынып оқушысы үшін маңыздысы функционалдық сауаттылығының негізі – оқу сауаттылығы.

Оқу сауаттылығы - шығармашылық тұрғыдан оқуға қабілеттілік, «автор-оқырман» диалогына түсе білу, кейіпкердің жағдайына ену, көркем шығарманың тілдік ерекшелігін түсінуі. /PIRLS - 2016 - шығармашылық тұрғыдан оқуға қабілеттілік, «автор-оқырман» диалогына түсе білу, кейіпкердің жағдайына ену, көркем шығарманың тілдік ерекшелігіні түсіну/



Оқу сауаттылығы (оқылым және жазылым) - адамның ақпаратты мәтіндік, визуалдық, оның ішінде сандық форматта да (literacy + digital literacy) қабылдау және құрастыру қабілеті. Оқу сауаттылығын толық қалыптастыру үшін білім алушының бойына ең алдымен білік пен дағдыны игертіп алған жөн. **Осы тұста тоқталып өтетін тәсілдер:**

Білік – оқырманның мәтінмен жұмыс істеу тәсілін көрсетеді. Оқырмандағы білік пен дағды 3 жолмен қалыптасады:

Ақпаратты іздеу және алу дегеніміз:

Іздеу – қажет ақпарат болуы мүмкін ақпарат кеңістігін шарлау.

Алу – керек ақпаратты табу.

Іздеу + табу = ақпарат кеңістігіндегі (мәтіндегі) бір немесе бірнеше жеке бөліктерді алу.

Хабарламаны кіріктіру және интерпретация жасай алу дегеніміз:

Кіріктіру (интеграция) – ақпарат бөліктерін белгілі бір мән беру үшін біріктіру.

Интерпретация – астарлы мағынаны (мәнді) іздеу.

Кіріктіру + интерпретация = мәтінді кеңінен (терең) түсіну

Хабарламаны пайымдау және бағалау үшін:

Пайымдау – мәтін туралы қорытынды жасау үшін өзінің тәжірибесі мен біліміне жүгіну.

Бағалау – өзінің тәжірибесі мен біліміне сүйеніп пікірін білдіру.

Пайымдау + бағалау = мәтіндегі ақпаратты өзіндік концептуалды және эмпирикалық көзқарастарымен байланыстыру үшін бар білімін қолдану.


Ақпаратты меңгеріп, пайдалану арқылы білім алушыда оқу дағдысы, білік, міндет, қабілеттерін дамыта отырып, деңгейлеріне қарай тапсырма түрлерін былайша ұсынуға болады:

- Жағдайдың себебі туралы тұжырып жасау;
- Диаграмма негізінде мазмұнды және мәтіндік элементтерді талдап, бағалау;
- Мәтіндегі тиісті ақпаратты ажыратып, ғылыми сауал туралы қорытынды жасау;
- Мәтін бойынша кестені толтыру үшін әртүрлі идеяларды біріктіріп, ажырату;
- Өңделген ақпараттар негізінде екі түсініктеме беру үшін идеяларды біріктіру;
- Мазмұнды және мәтіндік элементтерді бағалау және білім алушының автордың көзқарасын қалай суреттейтінін анықтау.

Білік пен дағды қалыптасқан оқырманның бойынан 4 аспектіні байқауға болады: мәтінді жалпы түсіну, ақпаратты анықтау, мәтінді түсініп, тұжырым жасау және мәтінге қатысты рефлексия жасау.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын сауаттау үшін сабақ барысында қолдануға тиімді әдіс – тәсілдер қатарын ұсынатын болсам:

1. «Жалқылау-жалпылау» әдісі:



басты мақсат – керек сөзді жаза білу, жазған сөзді оқи білу.

2. Ермек-еңбек: тәжірибеге негізделген оқу әрекеті



3. «Жакото» әдісі – үйретуге дағдыландыру
4. Төңкеріп оқу, шапшаң оқу.

Оқу сауаттылығын қалыптастыруға арналған тапсырмалар:

1 – сынып оқушылары үшін:

1. Буындап оқу.
2. Тұтас оқу.

1-сынып оқушылары үшін: «Әліппе» оқулығы негізінде – шатасқан әріптерден әр жолды қарай отырып, 5 сөзді тауып оқу, шағын-жинақталған мәтін негізінде ақпараттарды тауып, сұрақтарға жауап беру, «Ана тілі» оқулығы негізінде суретке қарап отырып, қарапайым қорытынды жасау, сөйлемдер мен мәтіндерді салыстыра отырып, құрылымын талдау, төңкеріп оқу және жабық сұрақтарға жауап беру.

2-сынып оқушылары үшін: «9 ай – 9 мәтін»

Ақпараттық, әдеби мәтіндер бойынша 10 сұрақтан тұратын PIRLS тапсырмалары.

Тапсырма үлгісі

Мәтінмен жұмыс

1-мәтін нұсқаулық: Мәтінді мұқият оқып шығыңыз және тапсырмаларды орындаңыз.

Оспантайдың ойыны (әдебиеттік оқу 19-20 бет)

1. Оспантайға компьютерден қандай зиян тиді? (1)

- А) денесі бүкірейді
- Ә) көзінің көруі нашарлады
- Б) ойлау қабілеті төмендеді

2. Неліктен Оспантайдың көзінің көруі нашарлады деп ойлайсың? (1)

- А) компьютерде көп отырғаннан
- Ә) үйдегі теледидарға жақын отырғаннан
- Б) достарымен телефон арқылы сөйлескеннен

3. Оспантай қандай ой түйді? Жаз. (1)

4. Оспантай үшін кім жылады?(1)

- А) Зияда
- Ә) Асан
- Б) Әбен

5. Зияданың жылауына не себеп болды? Жаз.(1)

3 - сынып оқушылары үшін: күрделі мақсат – күрделі тақырып.

Берілген толық емес мәтіндермен жұмыс:

- Ашық сұрақтар
- Тест – өз көзқарасын білдіруге бағытталған пікірлер.

4 – сынып оқушылары үшін:

Әр тақырып – 5 сұрақ.

1. Ашық сұрақтар (кейіпкердің іс – әрекетін сипаттайды, өзгеру себебін анықтайды, портретін бейнелейді, жұбына пікір білдіруге сұрақ дайындайды, мәтін кейіпкерлерін өмірдегі адамдармен байланыстыра отырып салыстырады.



2. Өткен сабақтармен байланыс жасап, мәтіндерді бағалайды.

«Шиыршық» қағидатпен берілетін оқу мақсаттары негізінде 1-4 сынып оқушылары үшін тиімді тапсырмалар тізбегі:

1-сынып: мұғалім қолдауымен тірек сөздер, сызба, сурет, белгілер арқылы шағын мәтін құрау;

2 – сынып: үлгі бойынша хабарландыру, хабарлама жазу;

3 – сынып: өзіндік іс – әрекетті баяндалған күнделік, өмірбаян, хабарландыру жазу;

4 – сынып: тірек сөздерді қолданып, белгілі бір стилде мәтін (мақала, мінездеме, сұхбат) жазу.

Қосымша тапсырмалар тізбегіне тоқталатын болсам:

- Суреттерге қарай отырып, дискрентті мәтіндер құрастыру;
- Сызба негізінде мультимодалды және тұтас мәтін құрастыру: **осы тұрғыда назар аударатын тұстар:**

1. Оқушының түсінігі мен қабылдау мүмкіндігіне бағдарлануы;
2. Қоршаған орта мен күнделікті өмір тәжірибесіне сүйенуі;
3. Дүниетанымы мен ой – өрісін дамытуды көздеуі;
4. Өлеуметтік қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескеруі;
5. Жас ерекшелігіне сәйкес тілдік құралдардың қолданылуы;
6. Құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді дәріптеуі.

Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу:

Үлгі: 1-тапсырма



1-тапсырма: Концерт билетімен мұқият таныс

2-тапсырма: Ақпарат беретін тірек сөздерді теріп жаз

3-тапсырма: Төмендегі сұрақтарға жауап бер

4-тапсырма: Өз тобыңның концерт немесе театр/цирк билетін жаса


5-тапсырма: Кімге билет сыйлар едің?

(Ө. Қ.) Дұрыс тұжырымды белгіле


1-кесте

Тұжырым	Дұрыс	Дұрыс емес
Цирк билеті		
Концерт билеті		
Билеттің бағасы 1000 теңге		
Концерт сағат 19:00-де басталады		
Концертке оқушылар ғана қатыса алады		

Оқылымға берілген мәтіндерден өзекті мәселерді анықтау



Дескриптті мәтіндер (шартты белгілер негізінде сюжет/әңгіме/оқиға құру)



Аталған, баяндалған жұмысым ретінде оқу сауаттылығын ары қарай қалыптастыру мақсатында ұсынатын ұсынысым:

Оқу сауаттылығы тапсырмаларын басшылыққа ала отырып бала бойына тек оқылым, жазылым, айтылым дағдыларын дамытып шектеліп қоя дұрыс емес, сонымен қатар білім алушы тыңдалым дағдысын толық меңгергені дұрыс. Сол мақсатта білім алушылардың қызығушылығын ояту үшін түрлі комикс суреттер, сюжетті суреттер арқылы дайындалған аудио материалдарды тыңдата отырып, тыңдалған мәтін мазмұны бойынша ашық – жабық сұрақтардан тұратын тапсырмаларды ұсыну қажет. Осы визуалды материалдар арқылы білім алушыға тілдік дағдының 4 түрінде меңгерте алуға болады деген ойдамын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Қ. Байтенова, Ж. Қажығалиева, Ж. Исаева, «Әліппе, НЗМ», 2021 ж
2. А. Байтұрсынұлы. Жалқылау (айырыңқы) әдісі. Жаңа мектеп, 1927 ж.
3. «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу бағдарламасы, Астана, 2022
4. Қазақ тілі мен әдебиет сабағында оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту жолдары. (daryn.online)
5. Оқушылардың оқу сауаттылығын арттырудағы мәтін сұрақтарын шешудің ең тиімді жолдары (daryn.online)
6. Б. Т. Қабатай, Әдебиеттік оқу оқулығы, 2-сынып, Алматы, Атамұра, 2022



**A COMPREHENSIVE PROGRAM FOR
ENHANCING SPEAKING SKILLS IN SCHOOL STUDENTS
AUTHOR'S PROGRAM**

Zhaxymbetova Maiya Abubakirovna

Atyrau Region, Inder District

A teacher of English at the secondary school named after S.Seyfullin

In today's world, the ability to speak English fluently has become more important than ever for students' personal, academic, and professional success. However, teaching speaking skills remains a challenge, with many students struggling to express themselves confidently in a foreign language. The new program developed for local schools aims to address these challenges by introducing innovative strategies designed to help students overcome barriers to effective communication.

Many students face issues like limited vocabulary, anxiety, and a lack of exposure to real-life speaking situations. In response, this program focuses on creating a supportive learning environment where students can practice speaking in realistic scenarios. Activities such as role-plays, debates, and group discussions provide opportunities for students to engage in meaningful conversations, improving both fluency and confidence.

A key element of the program is the use of constructive feedback, which helps students not only with grammar but also pronunciation, intonation, and how to communicate effectively in various contexts. By expanding their vocabulary and developing critical thinking skills, students will be better prepared to navigate conversations in academic settings and beyond.

The program also integrates technology and modern teaching methods, including Communicative Language Teaching (CLT) and Task-Based Learning (TBL), to enhance speaking practice. These strategies ensure that students are equipped with the tools they need to become confident speakers, ready to communicate effectively in real-world situations.

By fostering an environment that values communication over perfection, this program sets the stage for school students to thrive, helping them develop the skills necessary for lifelong language learning and success.

A Holistic Approach to Teaching Speaking Skills

The new educational program developed for local schools addresses the growing need for effective speaking skills in English. It combines research-based methods, innovative classroom activities, and real-world communication practice to help students overcome common challenges like limited vocabulary, fear of making mistakes, and lack of exposure to authentic speaking opportunities.

Challenges in Teaching Speaking

1. **Limited Vocabulary and Language Structure:** Many students struggle to express their ideas clearly because they lack the vocabulary and familiarity with complex sentence structures. Without this foundation, speaking becomes a challenge.



2. **Anxiety and Lack of Confidence:** Speaking in a foreign language can be intimidating, especially for students who fear making mistakes. This anxiety often prevents them from participating fully in speaking exercises, holding back their development.
3. **Inadequate Exposure to Real-Life Communication:** Traditional classrooms often prioritize written over spoken language, leaving students with little chance to practice their communication skills in real-world contexts.
4. **Cultural and Social Barriers:** Some students may feel uncomfortable engaging in English conversation due to differences in social norms and communication styles.

Innovative Solutions and Teaching Strategies

This program introduces several key strategies to tackle these problems:

- **Contextual Vocabulary Building:** Teachers incorporate engaging materials like stories and dialogues to teach vocabulary in context. This method helps students recall and use new words in conversation.
- **Building Confidence through Gradual Exposure:** The program encourages students to start with simple, low-pressure speaking tasks like pair work, progressing gradually to more complex activities. By doing so, students build confidence over time, reducing anxiety around speaking.
- **Real-Life Communication Practice:** Role-plays, debates, and simulations offer students valuable opportunities to practice speaking in practical, everyday situations. These activities help them transfer their language skills from the classroom to real-life scenarios.
- **Addressing Cultural Barriers:** Lessons also incorporate cultural aspects of English communication, including idioms, expressions, and conversation etiquette, helping students feel more comfortable engaging in different speaking contexts.

Key Objectives of the Program

- **Enhance Fluency and Confidence:** By creating a safe and supportive environment, students are encouraged to take risks in their speaking, improving their fluency without fear of judgment.
- **Improve Pronunciation and Intonation:** Students receive targeted instruction on pronunciation, intonation, and stress patterns to ensure they communicate clearly and naturally.
- **Expand Vocabulary and Expression:** With a broader range of vocabulary, students can articulate their thoughts more effectively in conversations on diverse topics.
- **Promote Critical Thinking:** The program includes activities that challenge students to express opinions, engage in debates, and think critically about various subjects.
- **Incorporate Real-Life Scenarios:** Lessons are designed around realistic speaking situations, enabling students to apply their skills in practical contexts, whether for academic, personal, or professional purposes.

Scientific and Methodological Foundations

The program is grounded in cutting-edge research from fields like second language acquisition (SLA), communicative language teaching (CLT), and task-based learning (TBL). These approaches prioritize authentic communication, encouraging students to use English for genuine interaction rather than simply memorizing grammar rules.

Task-Based Learning (TBL) plays a crucial role in the program. Students engage in tasks that mirror real-world situations—whether it's solving a problem, negotiating meaning, or working in groups. These activities not only promote speaking but also enhance collaboration and critical thinking.



Differentiated Instruction is another vital component, with lessons tailored to meet the diverse needs of students. Teachers provide additional support for those struggling while offering more advanced tasks for proficient learners.

Technology Integration enhances the program by using apps, speech recognition software, and online discussion platforms. These tools provide immediate feedback, allowing students to practice speaking and self-assess their progress outside of class.

Expected Outcomes

By the end of the program, students will:

1. **Master Phonetic and Pronunciation Skills:** Improved accuracy in sound articulation and pronunciation.
2. **Expand Vocabulary:** A richer and more varied vocabulary, enhancing fluency and clarity.
3. **Develop Confidence:** Greater confidence in participating in interactive dialogues, asking and answering questions.
4. **Fluency in Conversations:** The ability to sustain conversations fluently, with minimal hesitation.
5. **Proficiency in Debating:** Improved skills in expressing and defending opinions during debates.
6. **Enhanced Storytelling:** The ability to narrate stories with structure, using descriptive and expressive language.
7. **Public Speaking Skills:** The confidence to deliver presentations effectively, with good voice modulation and body language.
8. **Real-World Communication Competence:** Adaptability in speaking for various situations, including role-play and professional simulations.

Final Thoughts

This program is a comprehensive solution to the challenges of teaching speaking skills, blending theory with practice, and helping students become confident communicators. By incorporating real-world communication, technology, and critical thinking, the program aims to ensure that students not only perform well academically but are also prepared for the globalized world where English is an essential tool for success.

Normative part
Calendar thematic plan
1 hour per week – 34 hours per year

№ of Lesson Hours	Thematic	Total Hours	Theory	Practical
1-2	Introduction to Effective Speaking	2	1	1
3-4	Phonetic Sounds and Pronunciation	2	1	1
5-6	Building Vocabulary for Speaking	2	1	1
7-8	Practicing Intonation and Stress	2	1	1
9-10	Speaking in Sentences	2	1	1



11-12	Descriptive Language and Expression	2	1	1
13-14	Asking and Answering Questions	2	1	1
15-16	Storytelling and Narration	2	1	1
17-18	Debating and Opinion Sharing	2	1	1
19-20	Role-Play and Simulation Activities	2	1	1
21-22	Effective Public Speaking	2	1	1
23-24	Fluency Building Exercises	2	0.5	1.5
25-26	Pronunciation and Accent Reduction	2	1	1
27-28	Presentation Skills and Delivery	2	1	1
29-30	Interactive Speaking Games	2	0.5	1.5
31-32	Advanced Conversation Practice	2	1	1
33-34	Review, Assessment, and Feedback	2	0.5	1.5


List of Literature for Teachers and Students


1. **Brown, H. Douglas.** *Teaching by Principles: An Interactive Approach to Language Pedagogy*. Pearson, 2014.
 - A comprehensive guide to language teaching methodology, offering practical strategies for developing speaking skills in the classroom.
2. **Thornbury, Scott.** *How to Teach Speaking*. Pearson Longman, 2005.
 - Focuses on techniques and activities for teaching speaking, including pronunciation, fluency, and accuracy.
3. **Harmer, Jeremy.** *The Practice of English Language Teaching*. Pearson, 2015.
 - Covers various aspects of English language teaching, with insights into teaching speaking effectively.





4. **Ur, Penny.** *A Course in English Language Teaching.* Cambridge University Press, 2012.
 - Provides practical advice and activities for developing students' speaking skills, including classroom management tips.
5. **Celce-Murcia, Marianne, Donna M. Brinton, and Janet M. Goodwin.** *Teaching Pronunciation: A Course Book and Reference Guide.* Cambridge University Press, 2010.
 - Offers a detailed approach to teaching pronunciation, covering key aspects like intonation, stress, and rhythm

Бөлім:		8.3АХимиялық элементтердің периодтық жүйесі	
Педагогтің аты-жөні:			
Күн:	Сыныбы : 8	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Тақырыбы:	Металдар және бейметалдар		
Оқу бағдарламасын а сәйкес оқу мақсаты	8.2.1.7-химиялық элементтің периодтық кестеде орналасуына сай қасиеттерін болжау		
Сабақтың мақсаты:	✓ химиялық элементтің периодтық кестеде орналасуына сай қасиеттерін сипаттай алады: ✓ металдар мен бейметалдарды ажырата алады;		

Сабақ кезеңі/ уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 10 мин	Ұйымдастыру кезеңі: Оқушыларды түгелдеу. «Көңіл күй кубигі» әдісі бойынша жағымды психологиялық ахуал орнатады «Колба түстері» бойынша топқа бірігуді ұсынады «Қазынаны тап» тәсілі арқылы үй тапсырмасын сұралады	«Көңіл күй кубигі» әдісі бойынша жағымды психологиялық ахуал орнатады «Колба» түстері бойынша топқа бірігеді  «Қазынаны тап» тәсілі арқылы өткен тақырып бойынша білімдерін өзектендіреді. ✓ Натрий қай топқа жатады? ✓ Неон қай топқа жатады? ✓ Фтор қай топ элементі? ✓ Калий қандай топқа жатады? ✓ Ашық жасыл түсті газ ✓ Қызыл қоңыр түсті сұйық ✓ Өткір иісті, сары жасыл түсті ауыр газ ✓ Сумен шабытты әрекеттесетін металл «Стоп кадр» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап бере отырып, жаңа сабақтың тақырыбын, мақсатын анықтайды	Кері байланыс: Мадақтау арқылы бағаланады.	Қағаз қиындылары Оқулық Химия 9-сынып

	«Стоп кадр» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап бере отырып, жаңа сабақтың тақырыбын, мақсатын анықтайды			
Сабақ ортасы 15 мин	Жаңа сабақ. Тақырып бойынша қысқаша ақпарат береді. Оқулықтан талдайтын тапсырманы бөліп береді, топтық жұмыс ұйымдастырады 1- «Металдар» тобы «Металдардың сипаттамасы» 2- «Бейметалдар» тобы «Бейметалдардың жалпы сипаттамасы» 3- «Металлоидтер» тобы «Металлоидтерге сипаттама» беруді ұсынады. Оқушыларға оқулықтағы ақпаратты оқып, танысып, топта талдап, өздері қалаған форматта	Оқушылар мұғалімнің нұсқауын тыңдайды. Топтық жұмыс орындайды. 1- «Металдар» тобы «Металдардың сипаттамасы» 2-«Бейметалдар» тобы «Бейметалдардың жалпы сипаттамасы» 3-«Металлоидтер» тобы «Металлоидтерге сипаттама» береді, оқулықтан ақпаратты оқып, танысады, топта талдайды, өздері қалаған форматта қорғайды. Интернет ресурстарын пайдалануға болады	Кері байланыс: «Бас бармақ» тәсілі арқылы бағалайды	Экран Оқулық Химия 9-сынып A4 парағы Маркер флипчарт

	қорғауды ұсынады			
10	Сабақты бекіту тапсырмалары «Элементті жікте!» тәсілі арқылы топтық жұмыс ұйымдастырады, бақылау жасайды, ЕБҚ оқушыға қолдау көрсетеді «Ойлан тап!» тәсілі арқылы жұптық жұмыс ұйымдастырады, бақылау жасайды, ЕБҚ оқушыға қолдау көрсетеді «Кім жылдам?» тәсілі арқылы жұптық жұмыс ұйымдастырады	1-тапсырма Жұптық жұмыс «Элементті жікте!» тәсілі Элемент таңбалары жазылған карточкалар таратылып беріледі, металдар, бейметалдар, металлоидтерге жіктендер.  2-тапсырма Жұптық жұмыс Берілген бос шаршыға әр топқа тән сипаттамаларды жазыңдар.  3-тапсырма Жеке жұмыс «Quizizz» платформасында орындайды https://quizizz.com/join?gc=70802729 «Кім жылдам?» тәсілі ✓ Ең белсенді бейметалл ✓ Ең жеңіл металл ✓ Ең белсенді сілтілік металл ✓ Ең белсенді галоген ✓ Дирижабльдерді толтыратын инертті газ ✓ Атом радиусы ең кіші элемент ✓ Ең жеңіл сілтілік металл ✓ Сүйек құрамына кіретін металл ✓ Қалқанша безіне қажетті бейметалл ✓ Ең қатты металл ✓ Ең қиын балқитын металл ✓ Ең жақсы электр тогын	Дескриптор: берілген элементтерді металдар, бейметалдар, металлоидтерге жіктейді Жалпы балл-1 бағалау «Жұлдызша» арқылы Дескриптор: берілген сипаттамалардың қай топқа тән екенін анықтап, топтастырады; Жалпы балл-2 Дескриптор: тұздардың аты мен формулаларын дұрыс анықтайды; Жалпы балл-2 	Тапсырма жазылған парақтар

ы, бақылау жасайды, ЕБҚ оқушыға қолдау көрсетеді	өткізетін металлдар ✓ Ең жұмсақ металдар ✓ Ең иілгіш металл 4-тапсырма Пиза тапсырмасы Мәтін Металдардың адам өміріндегі және табиғи ортадағы маңызы. Бұл элементті 1808 жылы ағылшын химигі Хэмфри Дэви ашты. Қосылыстарында +2 тотығу дәрежесін және II валенттілік көрсетеді. Бұлшық ет жұмысына қажет фермент қызметі мен қан ұю жүйесі үшін . Ол кейбір фермент жұмысын жеделдетеді, адам және мал сүйектері мен тістері құрамына кіреді. Адам және мал азығында мөлшері жетіспесе, мал рахит ауруына шалдығады, жүрек жұмысы әлсірейді, қанның сапасы кемиді. Минералдарының қоры Қаратау өнірінде. Мәрмәрдің, бордың, әктастың негізгі құраушысы. Сұрақ-1: Бұл қай элемент? Бұл элемент жайында не білеміз? _____ _____ Сұрақ-2 Төменде келтірілген мүмкін пайымдауларды әр қатардан «Иә»немесе «жоқ»деп айналдыра сызыңыз <table><tr><td>Магний жүрек, қан тамыр жүйесінің қалыпты жұмысын қамтамасыз етуге қатысады</td><td>Иә \Жоқ</td></tr><tr><td>Темірді тіршілік элементі деп айтуға бола ма?</td><td>Иә \Жоқ</td></tr><tr><td>Металдар адамзат тарихында өте маңызды рөл атқарады</td><td>Иә \Жоқ</td></tr></table> Сұрақ-3 Металдар тіршілік үшін зиян келтіретін жағдайлары бола ма? Оны болдырмау шаралары жөнінде не білесіздер?	Магний жүрек, қан тамыр жүйесінің қалыпты жұмысын қамтамасыз етуге қатысады	Иә \Жоқ	Темірді тіршілік элементі деп айтуға бола ма?	Иә \Жоқ	Металдар адамзат тарихында өте маңызды рөл атқарады	Иә \Жоқ		
Магний жүрек, қан тамыр жүйесінің қалыпты жұмысын қамтамасыз етуге қатысады	Иә \Жоқ								
Темірді тіршілік элементі деп айтуға бола ма?	Иә \Жоқ								
Металдар адамзат тарихында өте маңызды рөл атқарады	Иә \Жоқ								

		5-тапсырма «Learningapps» платформасында орындайды (ЕБК) Металдар https://learningapps.org/watch?v=pfa9j973t24 Металдар және бейметалдар https://learningapps.org/watch?v=pvg1zng224	Кері байланыс с ауызша мадақтау арқылы	
Сабактың соңы 4 минут	Кері байланыс «Жеңіс тұғыры» тәсілі арқылы кері байланыс жасауды ұсынады	Қатысушылар «Жеңіс тұғыры» тәсілі арқылы кері байланыс жасайды	Кері байланыс: «Жеңіс тұғыры» тәсілі арқылы	
1 мин	Үй тапсырмасы: § 34			

ФИЗИКА БОЙЫНША ТЕОРИЯЛЫҚ БІЛІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ВИРТУАЛДЫ ЛАБОРАТОРИЯНЫҢ РӨЛІ

Исағалиева Г.Н., Сандибаева А.С.

Аманғали Г.С., Саматқызы Н.

Атырау қаласы,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

7M01504 Білім берудегі физика – 2 курс магистранттары

Аннотация

Мақалада мектепте физиканы оқыту процесіндегі теориялық білімді қалыптастыру үшін заманауи педагогикалық виртуалды зертханалық жұмыстардың рөлі көрсетіледі. Сонымен қатар, виртуалды лабораторияларды іске асыратын ресурстар және де олардың практика жүзінде қолданылуы жүзеге асырылған.

Кілттік сөздер: виртуалды зертханалық жұмыс, физика пәні, мектеп, бағдарлама, сайт.

Қазіргі әлемде білім, ғылым, технология және технология сияқты салаларда үлкен қызығушылық тудыратын компьютерленген Ақпараттық жүйелерді қолдану өзекті болып табылады. Сонымен қатар, ғылымның, техниканың және технологияның үнемі дамуы жаңа ақпараттық жүйелердің пайда болуына, сондай-ақ қолданыстағы жүйелердің дамуы мен



жетілдірілуіне әкеледі. Білім беруге келетін болсақ, жаңа технологияларды енгізу және жаһандық жетілдіру бүкіл әлемде ерекше назар аударатын негізгі тақырыптар болып табылады. Білім беру процесіне ақпараттық технологияларды енгізу, егер олар қолданыстағы оқыту технологияларын тиімді толықтырса немесе дәстүрлі оқыту түрлеріне қарағанда қосымша артықшылықтарға ие болса, негізделген екенін есте ұстаған жөн. Физика пәні сабақтарында виртуалды зертханалық жұмысты пайдалану, мысалы, білім сапасын арттыра отырып, зертханалық жұмысты жанды және қызықты етуге мүмкіндік береді.

Физика сабақтарында белсенді танымдық белсенділікті және білім алуға шығармашылық көзқарасты ынталандыратын демонстрациялық экспериментсіз мүмкін емес. Оқу процесінің дәстүрлі формаларында мұндай мүмкіндік Зертханалық жұмыстардың немесе практикалық сабақтардың қажетті кешенін орындау кезінде жүзеге асырылады. Бірақ кабинеттің материалдық базасы әрдайым қазіргі физика кабинетінің талаптарына сәйкес келе бермейді. Материалдардың және осы немесе басқа жабдықтардың жетіспеушілігі көбінесе студенттердің ең қызықты және ерекше құбылыстарға, техникалық құралдар мен ғылыми-технологиялық элементтерге қол жетімділігін шектейді, олар кейде ең қызықты және ынталандырушы болып табылады. Сондықтан мұнда компьютерлік эксперимент, атап айтқанда физика бойынша интерактивті (виртуалды) зертханалық жұмыс көмекке келеді. Компьютер тек оқушының ғана емес, мұғалімнің де көмекшісі болады.


Виртуалды зертханалар физикалық экспериментті модельдеуге мүмкіндік береді, оны қандай да бір себептермен мектептің физикалық зертханасында жүзеге асыру мүмкін емес. Компьютерлік модельдер динамикада күрделі және қауіпті физикалық тәжірибелердің көрнекі иллюстрацияларын алуға, нақты эксперимент кезінде сырғып кетуі мүмкін олардың нәзік бөлшектерін қайталауға мүмкіндік береді, алынған нәтижелерді дереу өңдеу қажет. Маңызды артықшылығы-оқушылар оған бірнеше рет орала алады, бұл материалды берік және тереңірек игеруге ықпал етеді. Сонымен қатар, бақылаулар виртуалды зертханада оқушылардың әдістемелік тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған жұмысы ұқсас демонстрациялық экспериментке қарағанда эксперименттік Дағдылардың терең қалыптасуына ықпал ететіндігін көрсетеді. Осылайша, виртуалды зертханалық жұмыстар мектептің пәндік кабинеттерінің зертханалық жабдықтарын алмастыру мүмкін болмаса, ұқсастықтың бір түрі болып табылады, бұл әсіресе қашықтықтан оқыту түрінде өзекті. Оқу процесінде цифрлық білім беру ресурсын виртуалды зертхана ретінде пайдалану оқытуда жүйелі-белсенді тәсілді қамтамасыз етеді, сондай-ақ білім алушылардың ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін және дербес танымдық қызмет саласындағы құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Физика бойынша интерактивті зертханалық жұмыстарды жүргізу үшін келесі ресурстарды пайдалануға болады:


- <http://www.virtulab.net/> - физика бойынша виртуалды зертханалары бар сайт
- [/phet.colorado.edu/](http://phet.colorado.edu/) Электр тарауы бойынша виртуалды тәжірибе жасайтын сайт;
- <https://efizika.ru/course/view.php?id=51> физика бойынша электронды демонстрациялық және виртуалды лабораториялық жұмыстары бар сайт және т.б.

Сонымен қатар, 7-сыныпта атомдар мен молекулаларды көрсету мүмкін емес, 9-сыныпта рентген сәулелері ауыл мектебінің физикалық кабинетінде аспаптардың болмауына байланысты. Бұл кейбір оқушылардың физиканы оқуда қиындықтарға тап болуына әкеледі, өйткені олар қажетті процестер мен құбылыстарды ойша елестете алмайды. Компьютерлік бағдарламалар физикалық құбылыстардың модельдерін жасауға, процестің шарттарын өзгертуге, сол немесе басқа процесті өзгертуге мүмкіндік береді. Физиканы оқытуда компьютерлерді қолдану оны оқыту әдістемесін оқытудың тиімділігін арттыруға да, мұғалімнің жұмысын жеңілдетуге де өзгертеді. Компьютер сонымен қатар зертханалық жұмыстарға мүмкіндік береді. Оларды қолдану барысында оқушы немесе студент өз қалауы бойынша тәжірибелердің бастапқы параметрлерін өзгерте алады. Нәтижесінде құбылыстың қалай өзгередінін бақылап, көргендерін талдап, тиісті қорытынды жасай алады. Бұл кезекте, Phet бағдарламасын мысалға алуымызға болады. 2002 жылы Колорадо Боулдер

университетінде Нобель сыйлығының лауреаты Карел Лиман негізін қалаған PhET Interactive Simulations жобасы тегін интерактивті математикалық және ғылыми модельдеулерді жасайды. PhET бағдарламасының құрал-жабдықтарын қолдану, білім берудегі кең зерттеулерге негізделген және оқушыларды интуитивті ойын ортасы арқылы тартады, онда оқушылар зерттеу және ашу арқылы үйренеді.



Сурет – 1: Phet бағдарламасының тақтасы. [дереккөз- [PHET интерактивті модельдеулері \(colorado.edu\)](http://phet.colorado.edu)]



Сурет – 2 : Электр энергиясын алу бойынша жасалған зертханалық жұмыс.

Ендігі кезекте мысал ретінде физика пәні бойынша қамтылған virtulab виртуалды лабораториясында жүзеге асыра аламыз. <http://www.virtulab.net/index.php?option>

«Мұздың меншікті балқу жылуын анықтау» тақырыбы бойынша физика сабағын әдістемелік өңдеу физика мұғаліміне осы оқу ресурсын меңгеруге және оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі.

Сабақтың түрі – зертханалық жұмыс. Сабақ физиканың «Молекулалық физика. Термодинамика», «Жылу құбылыстары» тақырыптары. Сабаққа 40 мин уақыт беріледі. Бұл зертханалық жұмысты үйде сабақтан тыс өзіндік жұмыс ретінде орындауға болады.

(Мұғалім экрандағы бейнепроектор арқылы өз іс-әрекетін көрсетеді)

- 1). <http://www.virtulab.net> веб-сайтына өту.
- 2). «Физика» қойындысын таңдау .
- 3). Ішкі мәзірден 1.2 Жылу құбылыстары тармағын таңдау.
- 4) Ашылатын жұмыстар тізімінде «Мұздың меншікті балқу жылуын анықтау» тармағын таңдап, «Келесі» түймесін басу. Нұсқауларды орындау:
 1. Курсорды тінтуірдің сол жақ түймешігімен ұстап тұрып, меңзерді сүйреу арқылы өлшеуіш стаканға ыстық су құйыңыз.
 2. Өлшеуіш стакандағы суды калориметрге құйыңыз және құйылған судың температурасын анықтаңыз.
 3. Түймені тінтуірдің сол жақ түймешігімен басыңыз. Тоңазытқыштың есігі ашылады.
 4. Курсорды тінтуірдің сол жақ батырмасымен ұстап тұрып, мұз текшелерін шкалаға қойып, курсордың көмегімен өлшеу салмақтарын апару арқылы олардың массасын анықтаңыз.



5. Курсорды тінтуірдің сол жақ батырмасымен ұстап тұрып, мұзды калориметрге түсіріп, ерігенше күтіңіз.

6. Судың температурасын жазып алыңыз.

7. Өлшеу және есептеу мәліметтерін кестеге енгізіңіз:

Кесте-1

Су Массасы m_1 , кг	
Судың Температурсы t_1 , °C	
Мұздың Массасы m_2 , кг	
Мұздың Температурасы t_3 , °C	
Жылулық тепе-теңдік Температурасы, t_2 °C	

$$m_2\lambda + m_2c(t_2 - t_3) = m_1c(t_1 - t_2)$$

$$\lambda = (m_1c(t_1 - t_2) - m_2ct_2) / m_2$$



9. Орындалған жұмыстан қорытынды жасау.


Сұрақтарға жауап беру:

1. Бұл жұмыста есептерді орындағанда калориметрдің жылу сыйымдылығы неге ескерілмеді?

2. Қандай жағдайда барлық операциялар тез немесе баяу орындалса, бұл жұмыста өлшеу қателігі аз болады? Неліктен?

4. Оқушылардың виртуалды зертханалық жұмыстарын жүргізу, есептерді дайындау.





Сурет-4 : «Мұздың меншікті балқу жылуын анықтау» тақырыбы бойынша virtulab сайты арқылы виртуалды зертханалық жұмысты жүзеге асыру.

Қорытындылай келе, виртуалды зертханалық жұмыстарды қолданудың сауатты үйлесімі физика заңдылықтарын тереңірек түсінуге және физикалық құбылыстардың мәніне енуге мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Манвелов С. Г. Конструирование современного урока. — М.: Просвещение, 2002.
2. Ларина В. П., Ходырева Е. А., Окунев А. А. Лекции на занятиях творческой лаборатории «Современные педагогические технологии». - Киров: 2002.
3. Роберт И.В. Теория и методика информатизации образования (психолого-педагогический и технологический аспекты). – М., 2007.
4. Черемисина Е.Н., Антипов О.Е., Белов М.А. Роль виртуальной компьютерной лаборатории на основе технологии облачных вычислений в современном компьютерном образовании // Дистанционное и виртуальное обучение. – 2012. – №1. – С. 50-64.
5. PHET интерактивті модельдеулері (colorado.edu)
6. [<http://www.virtulab.net/index.php?option>]



ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ГЕНДЕРЛІК СӨЗДЕР ҚОЛДАНЫСЫНЫҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Үмбеш Анар Ерболатқызы

Атырау облысы, Индер ауданы

*Б.Нысанбаев атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні
мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі*

Өткен XX ғасырдың екінші жартысынан бастап тіл білімінің жаңа және қарқынды дамып келе жатқан бағыттарының бірі – гендерлік лингвистика болып табылады. Ежелгі дәуірден бері көптеген философтар жыныстардың арасындағы айырмашылықтың олардың отбасы мен қоғамға әсерін анықтауға тырысып келіп, XX ғасырдың екінші жартысына қарай жаңа бағыт түрінде зерттеуге ұсынды. XX ғасырдың 60-70-ші жылдарында адамзаттың ерлер мен әйелдерге бөліну мәні, жалпы қоғамдағы гендерлік теңсіздікті еңсеру мәселелері, қалалық және ауылдық мәдениеттің, дамыған мемлекеттер қоғамдастықтарының және архаикалық этностық қоғамдастықтардың гендерлік проблемалары гуманитарлық-қоғамдық және тілтану ғылымдарының зерделеу тақырыбына айналды. Осылайша, гендерлік мәселелерді зерттейтін әртүрлі ғылымдардың үлкен тобы пайда болады. Бұл гендерлік антропология, тарих, лингвистика, психология, лингвистика сияқты бағыттар еді. Бұл тізімге зерттеу нысаны терминнің кең мағынасында гендермен байланысты болып келетін ғылымдар кірді.

Қазіргі уақытта гендерлік зерттеу ғылымның барлық жағында, сосын тіл білімінде де дамып отыр. Себебі, адамзат қоғамындағы жыныстардың рөлін, айырмашылықтарын, әдебиет пен өнердегі көріністерін зерттеулер қоғамды, адамдар қатынасын, осы қоғамда болып жатқан әртүрлі үрдістерді терең түсінуге жағдай жасайды екен. Заманауи қоғамда кез келген халықтың ана тілі қарым-қатынас құралы ретінде адамның танымдық әрекетінің компоненті және қоғамдық-әлеуметтік жүйенің басты көрсеткіші, қоғамды жаңаша құрудың, ақпараттық байланыс пен тұлғааралық келісімді оңтайластырудың құралы, әлеуметтік қатынастарды бекітудің амалы тұрғысынан сарапталады. Енді гендерлік зерттеу неге өзекті болды десек, оның да өз себебі бар деу керек. Себебі қоғамда баяғыдай емес әйел адамдардың орны барынша өсу үстінде. Әйел адамдар, қыздар барған сайын елімізде сосын әлемде көрнекті тұлға болып, әр салада өздерін көрсетуде. Оны өз елімізден де көре аламыз. Тіпті әйел адамдар бұрын ерлер билеген қоғамдық қатынасқа өзгеріс енгізе бастады. Яғни, ерлер мен қатар әйелдер де өз дүниетанымын, өзінің әрекет үлгісін енгізді. Сондықтан болар гендер деген ұғым тек жыныстық қатынастың физиологиялық ерекшелігін емес, мүмкін әуелі әлеуметтік, мәдени себептерін, айырмашылықтарын байқатты. Әрине, ерлер мен әйелдер айырмашылығы әр түрлі жақтан көрініс береді. Оның түрі көп. Ол көзге түсіп тұратын сыртқы көріністері. Одан басқа материалдық емес көрінісі де бар. Соның ең бастысы тіл десек те болады. Бұл кәдімгі адам туғанынан, қоғамдық қатынасқа еніп, әлеуметтенуден байқалатын өзіндік ерекшелік. Осы ерекшелікті қазір ғылымда коммуникативтік ерекшелік деп атайды. Қазіргі қоғамдық қатынаста осы гендерлік бағыт ұстау міндетті деп саналады. Әрине, гендерлік қатынас көп қырлы бағыт. Оның ұлттық, психологиялық, мәдени-саяси, экономикалық сияқты қырлары бар. Осы факторлар, себептер де арнайы зерттеуді қажет етеді. Осындай көзқарастар, факторлар қоғамның ерлер мен әйелдерге деген көзқарасын қалыптастырады. Қазақ тілінің өзінде осы жағынан қаншама мақал-мәтел, тиым сөздер бар. Мысалы, «қызға қырық үйден тиым». Қазіргі жеке бас еркіндігі заманында бұл мақалды қолдаушылар да оны ескіліктің қалдығы санайтындар да көпшілік. Сонымен бірге гендерлік тілді зерттеу өз тіліміздің байлығын, мүмкіншілігін, қоғамдағы тарихы мен қазіргі даму бағыт-бағдарын көрсетеді.

Қазақ тілінің гендерлік лексикасында кәсіптердің гендерлік ерекшелігі ассоциативті түрде жүзеге асырылады, яғни белгілі бір қызмет түрі қоғамда қалыптасқан пайымдаулар бойынша ерлерге немесе әйелдерге қатысты деп саналады. Яғни, әйел атқаратын жұмыстар болмаса тек ерлерге тән жұмыстар. Басқаша айтқанда, қоғамда белгілі бір қызмет түрінің өкілі тек бір жыныс — еркек немесе әйел бола алады деп қабылданған кезде, олар грамматикалық тұрғыдан



аса ерекшеленбейді. Бұл белгілі бір жыныстың өкілдері жасай алатын "еркек "немесе" әйел " кәсібі деп саналады.

Гендерлік тілдің үлкен көрініс тапқан жері халық әдебиеті. Соның ішінде мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдер тіл мен фольклордың бірлігі екені белгілі. Халықтың қоғамдық даму үдерісінде қалыптасқан ұстанымдары, әдет-ғұрпы, салтдәстүрі ондағы ер адам мен әйел затының алатын орнын айқындайды, олардың әлеуметтік статусы жайында жан-жақты мағлұмат береді. Қазақ халқының әйелге байланысты ұғым-түсініктері, қалыптасқан көзқарасы ғасырлар бойғы өмір тәжірибесінде түйінделіп, елеп-екшеліп, сұрыпталудан өткен халық даналығының мәйегі – мақал-мәтелдерде сақталған. «Жақсы қатын жүн қарыз алады, жаман қатын су қарыз алады», «Асыл әйел әрі еркек, әрі қатын», «Олақ қатын оймақшыл, Салақ қатын сауықшыл», «Төркіні жақын қатынның төсегі жиылмас», «Ақылды әйелдің ішінде алтын бесікті ұл жатар», «Ердің атын я аты шығарады, я қатыны шығарады», «Жақсы қатын алғанның тойы өз үйінде», «Еріншек әйел опа жағады, ерінбес әйел еңбек табады», «Жақсы әйел асын жасырмайды», «Қапияда қатын ақыл табады», «Әділсіз болса, би оңбас, Әйелсіз болса үй оңбас» «Ердің асылы күшінен білінеді, Қатынның асылы ісінен білінеді»; «Атың жақсы болса, бұл дүниенің пырағы, Қатының жақсы болса, бұл дүниенің шырағы»; «Жақсы әйел теңі жоқ жолдас, түбі жоқ сырлас» т. б.

Енді мысалдар келтірсек қазақ тілінде тек әйелдерді ғана білдіретін лексикалық бірліктерге мыналар жатады: 'сауыншы', тігінші, кіндік шеше (бірақ қазір «кіндік әке» деген тіркесте бар), ене, 'тәрбиеші', бала қараушы, 'еден жуушы', 'үй шаруасындағы әйел. Бұл қызмет түрлері басқа кейбір тілдердегі сияқты бейнелі түрде "таза әйелдік" болып табылады. Енді қазақ тіліндегі ер адамды сипаттайтын бірнеше лексемаларды қарастырсақ: аңшы, балықшы", "мерген", "ағаш ұстасы", балықшы "балықшы", теңізші, қойшы "етікші", "жүкші", күзетші, темір ұстасы "жүргізуші". тас қалаушы, жұмысшы, 'темір ұстасы', 'құрылысшы', күзетші 'күзетші', 'аңшы', 'сарбаз', әскери қызметкер, өрт сөндіруші және т. б. Қандай да бір көлікті жүргізумен байланысты кәсіптер дәстүрлі түрде қазақ мәдениетінде ерлер кәсіптері болып саналады: 'тракторшы', 'комбайнер', 'машинист', ' экскаваторшы, электрик ' және сол сияқтылар. Айта кету керек бұлар орыс әлде шет тілден енген сөздер еді, сосын олар сонау кеңес заманынан солай қалыптасты. Бірақ сол кезден егер әйел адам болса, тракторшы қыз, комбайнер қыз деген сияқты қосып айтылды. Себебі орысша женский родта трактористка, комбайнерша дей салады ғой.

Әрбір ұлттың тілінде әйел адам, ер адам тілінің ерекшелігі бар болып келеді. Сондықтан қазақ тілінде де ұлттың дәстүрі, салты, жанұялық қатынасы дегендей ғасырлар бойы қалыптасқан танымға негізделген өз көрінісі баршылық. Ұлттың дүниетанымындағы әйел мен еркек, қыз бен бала үлкендер мен жасы кішілер қатынасы сияқты толып жатқан қырлары баршылық. Сонымен қатар әр халықта қыз балаға, әйел адамға, ерлерге бағытталған талаптар мен тыйымдардың түрлері бар. Оны біз қазақтың мақал-мәтелі мен шешендік сөздерінен байқаймыз. Сондықтан халықтың гендерлік қатынас, гендерлік айырмашылық туралы түсінігі осы дәстүрлі ұлттық дүниетаным аясында қалыптасауы айтылады. Анаға құрмет, кішілерді еркелету, ер адамдарды сыйылау, келіндердің аталары, қайнаға атын атамауы, сондықтан ат қоюы осы гендерлік тілдің ұлттық көрінісі. *Тракторшы қайнаға, банкир қайным* сияқты атауларды мысалға алуға болады.

Қоғамда адамдар қарым қатынасының үлкен көрініс беретін тұсы- эмоциялық қатынасы. Ол адамның әртүрлі жағдайдағы көңіл күйін көрсетеді. Эмоциялық күй тек сезім ғана емес ол адамның тілінен де байқалады. Қуаныш, қорқыныш, уайым, мазасыздану, шыдамсыздық т.б. эмоциялық жағдай тек мимика емес тілде де көрініс табады. Көбіне ондай жағдайда әйел адам эмоциясын ұстай алмайды, тез шығарады деп саналады. Тіпті эмоциясын ұстау ер адам, ер бала үшін міндетті саналады. Мысалы, әйел адам қарғауға бейім болса, ер адам ғайбат сөз айтуға, күш, қоқан –лоқы көрсететін сөзге бейім. Әйел адам өз күйін білдіруге тырысады. Мысалы «жалмауыз, мен шаршадым, жаным» сияқты сөздер әйел гендерлік тіліне тән. «Оңбаған, көрсетемін саған» сияқты сөздер ерлердің лексиксынан көрініс табады.



Гендерлік ерекшелік халықтың фольклорында үлкен орын алады. Ол түсінікті ер мен әйел болып бөліну қай ғасырда да болған. Қазақ фольклорында, ежелгі мифтерде Ұмай ана, Домалақ ана, дана Қарашаш бейнелері қалыптасқан. Ұмай бүкіл әйел адамның пірі, Домалақ ана елдің қорғаушысы. От Ана бейнесі де ежелгі сенімнен хабар береді. Қазақтың ертегі, аңыздарында гендерлік ерекшелік олардың әрекеті, сөздері арқылы молынан берілген. Әйелдер бейнесі *мыстан кеспір, жалмауыз кемпір, перінің қызы* сияқты белгілі образдар арқылы берілген. Бөлімде фольклордағы гендерлік бейнелердің ескі наным сеніммен, сакральды ұғымдармен байланысты екеніне назар аударылып, әйел, ер бейнелерінің тылсымдық жағы бар екені айтылады.

Қазақ мәдениетінің бір ерекшелігі оның туыстық, ағайындық қатынасы екені белгілі. Міне, гендерлік қатынас, оның тілдік сипаты осы жерде айрықша көрінеді. Туыстық қатынастың барлық тарапында осы гендерлік өте сақталады. Олардың туыстық атауы, бір-біріне қатынасы, сөз саптасы, қоғам мен әулеттегі орны тілдік жағынан анық көрінеді. Қазіргі кездегі бір ерекшелік осы туыстық гендерлік қатынастың қоғамдық қатынасқа, ресми тілге көшуі. Яғни, ағай, апай, балам, қызым деген негізі туыстықтан шыққан сөздер қоғамдық орында қолданады. Ондай сөзді басқа ұлтта тек жақын туысы айтар болса, қазақ оны қоғамдық қатынаста барлық адамға қолданады. Қазақ тілінде отбасылық мәртебесі бойынша әйелдерді білдіретін келесі сөздер бар: қыз -қызы, апай, әпке, әпкесі, тәте, тәтесі, қарындас, сіңілі, келін-келіні, бөле қыз, құдаша (келіннің сіңілісі, апасы), құдағай, үлкен құдағай (келінінің анасы, күйеу баланың анасы), қайынсіңілі, әже, шеше, кейуана. Жанама атаулар: кіндік шеше, көрші апа, т.б. өгей шешесі 'өгей әпкелері, апалы-сіңлілер. Лексикалық бірліктер сипаттайтын ерлердің отбасылық мәртебесі: аға, інісі; қайын аға, қайын інісі, іншек, ер адам, күйеуі, бойдақ ер адам, күйеу жігіт, күйеу бала; жас күйеу, ата, әкесі, құда (әкесі, келіндер, күйеу немесе олардың туыстары), қайны, бажа, бойдақ қайнаға, қайын ата, қайным, күйеуінің немесе әйелінің ағасы, ата, үлкен ата, көке, тәте, үлкен аға, жиен аға, нағашы аға, бөле аға, құда бала. Осы жерде гендерлік тілдің қазақ лексикалық жүйесіндегі өзіндік ерекшелігі қаралады. Себебі, қазақ тілінде орыс тіліндегідей женский, мужской род ерекшелігі болмағандықтан әйел, ер адам тілі лексикалық –семантикалық жағынан қаралады. Бұл жерде әртүрлі лексемалар, анықтаушы сөздер қолданылады. Гендерлік айқындау жанұялық қатынас, қазаққа тән ағайындық-туыстық қатынаста, кәсіби жұмыстарда және жер-су атауларында, әртүрлі әскерлік атауларда көрініс береді. Мысалы, орысша *ученица* болса, қазақ тілінде оның жыныстық ерекшелігін қосамыз- *оқушы қыз*. Немесе *мұғалім апай, мұғалім ағай*. Бірақ кейбір жерде гендерлік ерекшелікті адамға сөйлегенде қолдану ыңғайсыз сияқты көрінеді. Орыс тілінде сатушы қызға «девушка» десе дұрыс көрінеді, бірақ қазақша «*қыз*» десе, біртүрлі саналады. Сондықтан кейде қазақтың қазақ қызға «*девушка*» дегенін көруге болады. Қазақ тіліндегі лексиканың гендерлік жағын кәсіптер арқылы да талдауға болады. Себебі, кәсіп қоғамда және жеке адамда жиі кездесетін атау. Осы кәсіпте ұлттық лексиканың ерекшелігі танылады деуге болады.

Зерттеулер көрсеткендей бұл жерде біраз нәрсе көзге түсіп тұрады екен. Мысалы, әйел адамдардың сөздік қоры біраз аздау екен. Сүйтсе олар қалыптасып қалған, өзгермейтін сөз, лексиканы қолданатын көрінеді. Ал ер адамдар көбіне жаңа сөздерді, жаңа лексиконды жиі қолданады. Сосын жаңа терминдерді де ер адамдар көп қолдануымен ерекшеленеді.

Енді бір зерттеулер әйел адамдардың тілдік қатынасқа бірінші болып кіріп, өздері бастама көрсетуіге ыңғайлы екенін айтады. Тіпті олардың ондай сөз бастауы көбіне сұрақ сөйлем болып келеді деп саналады. Тілдік қатынас ондай уақытта келесі адамды сынау, бақылау түріне көп келеді. Сонымен бірге ғалымдар әйел адам мен ер адамның өздерін ұстауы, ер адамда кейде әйел адам сөйлесушіге жоғарыдан қарау, тіпті менсінбеу, әйел адамда имену, қысылу сияқты факторлар болуы мүмкін. Оның өзі олардың тілдік қатынасына ықпал етері сөзсіз.



Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Шоқым Г. Гендерлік лингвистика негіздері. Оқулық «Экономика» баспасы» ЖШС 050063, Алматы, 2012.
2. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы: Генезис, Стилистика. Поэтика. – Алматы: Ғылым, 2001. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977
3. Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. – Арыс, 2006.
4. Вандышева А.В. «Современное состояние гендерных исследований в российском языкознании».
5. Григорян А.А. Гендерные лингвистические исследования США // Социальная власть языка. Воронеж:, 2001.
6. Валиханов Ч. Следы шаманства у киргизов // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. АлмаАта: Каз. сов. энциклоп., 1985. Т. 4. 460 с.
7. Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралары. Алматы: Рауан, 1991. 144 б.
8. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлендер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / Құрастырған Р. Нұрғалиев. Алматы: Жалын, 1991. 464 б.
9. Хасанұлы Б. Ана тілі – ата мұра (Қазақ тілінің жер жүзі тілдері жүйесіндегі алатын орны). Алматы: Жазушы, 1992. 272 б.
10. Хасанұлы Б. Қ. Жұбановтың гендерлік жіктелімдер жөніндегі пайымдаулары // "Жұбанов тағылымы": халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Ақтөбе, 2005. 1524 б.

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ТАРИХИ МАТЕРИАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Батырғали Гүлбаршын Әділбекқызы

*Атырау қаласы, Береке орта мектебі математика пәні мұғалімі
педагог– модератор*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын, талантын, қабілетін дамыту сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі.

Математиканы оқытуда тарихи мәліметтерді қолдану мәселесі де осындай міндеттердің шешімін табудың бір жолы ретінде қарастырылады. Оны XIX ғасырдың аяғында басталып, күні бүгінге дейін күн тәртібінен түспеген мәселелер қатарынан деуімізге әбден болады. Орта мектепте математика сабақтарында тарихи элементтерді пайдалану тәжірибеге енгізілген. Тарихи мәліметтерді математика сабағына енгізу мақсаттары әр уақытта әр түрлі анықталып келді. Алайда жалпы міндеттер ретінде келесі мақсаттарды бөліп көрсетуге болады:

- оқушылардың ынтасын арттырып, математиканы тереңірек түсіндіру, оқылатын мәліметтерге қызықтыру;
- оқушылардың ақыл-ойын кеңітіп, олардың жалпы мәдениетін көтеру;
- Қазақстан математикасының тарихымен таныстыру оқушыларды тәрбиелеудің жалпы мақсатына жатады. [1]

Орта мектептің математика бағдарламасындағы «Математиканы оқытудың жалпы мақсаттары мен міндеттері» тарауында былай жазылған: «Мектеп курсының мазмұнына әсері мол тарихи оқиғаларды енгізу арқылы оқушыны маңызды жаңалықтардың тағдырымен, сол жолдағы қиын әрі саналы күреспен, ғылымды таратушылардың аттарымен таныстыру керек» [1]. Алайда, бағдарламада математика тарихынан қандай мәліметтерді қай сыныпта, қандай көлемде енгізу қажет екендігі туралы нұсқаулар жоқ. Мектеп оқулықтарында ондай мәліметтер аз, математика тарихынан жалпы мәліметтер жеткіліксіз.

Математиканы оқыту әдістемесінде математика тарихынан мәліметтерді қолдану, бұл мектеп математикасының жекелеген тарауларын оқытқанда оның даму жолы мен



заңдылықтарын, математиканың бізді қоршап тұрған ортамен байланысын, әр түрлі математикалық теориялардың өмір талаптарынан шыққандығын нақты фактілермен көрсетуге мүмкіндік береді. Сондықтан сабақ үстінде және сыныптан тыс жұмыстарда математика тарихына қысқаша шолу жасау оқушылардың пәнге ынтасын арттырумен бірге, практикалық маңызын да көрсетеді.

Тарихи материалды білу оқушыға математикалық ұғымның дамуын көруіне жол ашып, оның басқа ғылымдардағы орнын терең түсінуге көмектеседі, ал нәтижесінде білім мен тәрбиенің сапасын арттырады. Егер мұғалім математиканың тарихын білсе, осы білімін пайдалана отырып, ол оқу үрдісін реттеп, математиканы оқушылар үшін түсініктірек етіп үйлестіре алады.

Оқушылар әрбір дерексіз математикалық ұғымдар мен символдардың пайда болуының себебін біліп, олардың дамуының тарихы туралы мағлұмат алса, онда олардың математикаға деген ынтасы мен құштарлығы артады. Сонымен қатар, тарихи материалдар оқушылар ойында жақсы сақталады, сондықтан математикалық материалдардың тарихын айту арқылы ол материалдың оқушылар ойында ұзақ уақытқа сақталуын қамтамасыз етуге болады.

Ғылымның тарихынан мәлімет беру, жоғарыда айтылғандай, танымдық тұрғысынан өте пайдалы, өйткені ол оқушыларда диалектикалық–материалистік дүниетаным қалыптастыруға ықпал етеді.

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын тудыратын тиімді құрал болып табылатын математика тарихының элементтері оқушыларға патриоттық және интернационалистік тәрбие беру құралдарының бірі болып саналады. Өз отанына деген сүйіспеншілік, өз халқына, өлкесіне деген сүйіспеншіліктен басталады. Сондықтан оқушылардың патриоттық сезімдерін дамыту үшін оларды халық шаруашылығының, мәдениетінің, ғылымының даму тарихымен таныстыру өте маңызды. Мысалы, патриоттық сезімді тереңдетіп, Қазақстанға деген сүйіспеншілікті арттырып, жерлестер үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу үшін республикадағы математика мен математикалық білімнің даму тарихынан мәліметтерді қолданудың маңызы зор. Оқушыларға Отырар қаласында (Оңтүстік Қазақстан аумағында болған қала) тұрған ұлы энциклопедист – ғалым, шығыстың орта ғасырлардағы ойшылы Әбу Наср Фараби (әл-Фараби) мен атақты математик және астроном Аббас Ибн Саид Жаухаридің (әл-Джаухари) аттары белгілі болуға тиіс. Әл-Фарабидің арифметикадан, геометриядан, тригонометриядан еңбектері мен математикалық әдістерді практикалық есептер шығаруда қолдануға арналған зерттеулері өте қызықты болып табылады. [2]

Мұғалім тек оқулық бойынша оқытып қана қоймай, сабақта әр өтілген материалдың шығу, даму тарихын, өмірдегі пайдасын қысқа әрі қызықты түрде оқушыларға жеткізіп отырса, сабақ қызықты өтеді, оқушылар жан-жақты білім алады және мұғалімнің беделі де жоғарылай түседі. Мұғалім тарихи мағлұматтарды пайдалана отырып, математиканың адам өмірінде қандай рөл атқарғанын, математика саласында жаңа бір табысқа жету үшін адам баласының қандай қиындықтардан өткендерін, жүздеген жылдар бойы ізденіп, кейінгі ұрпақтарға мол мұра қалдырғандығын үйретуі қажет.

Тарихи материалды сабақтың кез-келген кезеңінде қолдануға болады. Кейде тарихи мәліметтерді жаңа тақырыпты түсіндірудің алдында берген пайдалы, кейде сабақ тақырыбының жеке сұрақтарымен байланыстырған дұрыс болады, ал кей кезде математика курсының белгілі бір тарауын, тақырыбын жинақтау немесе қорытындылау ретінде қолданған тиімді болады. Жаңа тақырыптың алдында қолданылған тарихи мәліметтер тақырыптың, жаңа тараудың маңыздылығына көз жеткізіп, оқушылардың қызығушылығын тудырады. Мысалы, 5-сыныптағы “Натурал сандарды оқу және жазу” тақырыбына кіріспе әңгімеде мұғалім өзге сынып оқушыларының жұмыстарын тексеру мақсатында алдындағы оқушыларына 1-ден 40-қа дейінгі сандардың қосындысын табуды тапсырды. 1 минуттан кейін бір оқушы қол көтергенде мұғалім оған таңдана қарады, есептің шығарылуын тексеріп қарап дұрыстығына көз жеткізеді. Осы сәттен бастап бұл оқушыны «Математика королі» деп атады. Ол бала 9 жасар Карл Гаусс еді. Осы мысалды сендер де шығарып қараңдар дегенде, олардың көзі



жайнап қызыға кіріседі. Біздің сыныптың «математика королі» кім екен? деген заңды сұраққа жауап тапқылары келеді.

Оның есепті шығару тәсілі мынадай еді:

$$\begin{array}{r} 1, 2, 3, \dots, 20 \\ + 40, 39, 38, \dots, 21 \\ \hline 41, 41, 41, \dots, 41 \end{array}$$

Мұндай парлар саны 20 болғандықтан, берілген қосынды $41 \cdot 20 = 820$ -ға тең.

Сол сияқты есептеулерге арналған сөзжұмбақ беріп, әріппен белгіленген жауабын дұрыс тапқанда тақырыпқа байланысты тарихи материалдың атын табуға болады. Ұлы философ Монтен «О педантизме» атты еңбегінде былай деген: «Басқа біреуден алған білімге қанағаттанатындарға таң қаламын. Басқаның білімі бізді кейбір нәрсеге үйреткенімен, тек қана өзіңнің даналылығыңмен ғана дана боласың ғой». Әсіресе жастарда ол қасиет басым келеді. Егерде сіз геометрия сабағында тоғыз-он жасар балаларға «Осы күнге дейін әлі ешкім бұрышты сызғышпен циркульдың көмегімен үшке бөле алмаған» десеңіз, онда екі-үш оқушы оның шешімін табуға тырысуы мүмкін. Бұл жағдай оларға екі мың жыл бойы ешкім шешпеген есепті шешемін деп үміттенуге кедергі болмайды. Бұл олардың өз-өзіне сенгендігін ғана емес, олардың кез-келген ой еңбегіне дайын екендігін де көрсетеді. Жақсы оқушы әрқашан алға шығуға тырысады, зерттеуге талпынады. Оқушы алған білімнен әсер алып, әрқашан жаңадан білімін толықтыруға тырысады. [2]

Математика тарихынан алынған мәліметтерге шолу жасау және оны қолдану әдістемелік қиындық тудырады. Ол үшін:

- математика пәнінен бағдарламаларды басшылыққа алу керек;
- оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру қажет.

Сонымен қатар, әр сыныптағы математикадан тарихи материалдар көлемі, мазмұны, баяндалу реті әртүрлі болып келеді. Мысалы 5-6 сыныптардағы математика оқулығында берілген тарихи материалдарды төмендегі кесте түрінде көрсетуге болады:

Тақырыптың атауы	Тарихи материалдар	Әдебиеттер
Натурал сандар және нөл саны.	Санау жүйелерінің және сандардың жазылу тарихынан деректер.	Алдамұратова Т.А. 5-сынып оқулығы 1-бөлім 48-49 беттер.
Натурал сандарға амалдар қолдану.	Арифметикалық амалдар таңбаларының және теңдік, теңсіздік белгілерінің шығу тарихынан. Қосындыны табудың Гаусс әдісі.	Алдамұратова Т.А. 5-сынып оқулығы 1- бөлім 83-84, 94 беттер.
Геометриялық фигуралар. Формулалар.	Дөңгелек ұғымы.	Алдамұратова Т.А. 5-сынып оқулығы

		1- бөлім 117 бет.
Натурал сандардың бөлінгіштігі.	Эратосфен елегі	Алдамұратова Т.А. 5-сынып оқулығы 1- бөлім 152-153 беттер.
Жай бөлшектер.	Жай бөлшек.	Алдамұратова Т.А. 5-сынып оқулығы 2- бөлім 41-42 беттер.
Ондық бөлшектер.	Ондық бөлшек.	Алдамұратова Т.А. 5-сынып оқулығы 2- бөлім 92 бет.
Проценттер.	Процент ұғымы.	Алдамұратова Т.А. 5-сынып оқулығы 2- бөлім 157-158 беттер.
Қатынастар және пропорциялар.	Қатынастар және пропорциялар туралы.	Алдамұратова Т.А. 6-сынып оқулығы 1-бөлім 75-76 беттер.
Рационал сандар.	Санау жүйелері және теріс сандар. Нөл саны.	Алдамұратова Т.А. 6-сынып оқулығы 1-бөлім 119-121, 181-беттер.
Шамалар арасындағы тәуелділіктер.	Декарттық айнымалы шамалар туралы.	Алдамұратова Т.А.

		6-сынып оқулығы 2-бөлім 156-157 беттер.
--	--	---

Бұл кестеден математика тарихынан мәліметтердің аз, жеткіліксіз екенін байқауға болады. Сондықтан тарихи мәліметтерді қосымша әдебиеттерден тақырыпқа сәйкес үйлестіріп тауып алу қажет. Мысалы, 9-сыныпта «Тригонометрия элементтері» тарауында тарихи мәліметтерді қолданудың төмендегідей үлгісін қолдануға болады:

Тақырыптың атауы	Тарихи материалдар	Әдебиеттер
§1 Бұрыштар мен доғалар	Тригонометрия шығу тарихы. Тригонометрия деген сөз нені білдіреді. Тригонометрия астрономияның бөлімі ретінде.	1. Рыбников А.А. «История математики учебник –М. Изд МГУ, 1994 2. «Энциклопедия для детей, том 11 – математика» изд «Аванта плюс» М.1998
§2 Тригонометриялық функциялар. §3 Тригонометриялық функциялардың қасиеті.	Синус, косинус, тангенс, котангенс терминдерінің пайда болуы. Индиядағы тригонометриялық функциялар	Г.И. Глейзер «История математики в школе». М.: Просвещение, 1982
§ 4 Келтіру формулалары	Келтіру формуласын кім жасады?	Г.И. Глейзер «История математики в школе». М.: Просвещение, 1982

Әрі қарай аксиомалар жүйесінің шығу тарихы мен роліне кез келген ғылымның құрылуы үшін берік іргетас керек екеніне тоқталған пайдалы. Математиканың іргетасы – оның негізгі ұғымдары және аксиомалар жүйесі болып табылады. Аксиомалар жүйесі біріншіден, «толық», екіншіден, бір-біріне қарама-қайшы емес, үшіншіден, бір-біріне тәуелсіз болуы керек. Осы жалпы мәліметтерді планиметрия мен стереометрияны оқытқан кезде бір рет қана көрсетіп қоймау керек. «Аксиомалар» тақырыбына байланысты IX сыныпта Евклидтің бесінші постулатына (параллелдік аксиомасы), Н.И.Лобачевский геометриясының шығу тарихына тоқталса да болады. [3]

Тарихи материалды таңдағанда пән бағдарламасын жетекшілікке алу керек. Таңдалған материалда математиканың ғылым ретінде дамуының негізгі мәліметтері берілуге тиіс. Сонымен қатар тарихи материалды беру кезінде оқушылардың жас ерекшеліктерін, ойлау қабілеттерін, дайындығын ескеру керек. Тарихи материалды жай ғана әңгімелеп бермей, бағдарламалық материалмен үйлестіріп, білім беру және тәрбиелеу мақсатында қолдану керек.



Алынған тарихи материал көлемі тым көп болмағаны дұрыс, яғни математика сабағын тарих сабағына ауыстырмау керек. Оны қолданудағы басты мақсатты ұмытпаған жөн: тарихи материал математикаға деген қызығушылықты арттырып, оны терең түсінуге ықпал етуі тиіс. Математика ғылым ретінде есептен пайда болған және есеп арқылы дамиды.

Оқушыларды математикаға қызығушылығын арттыру барысында ойлау қабілетін дамыту үшін әртүрлі есептердің шығу тарихымен таныстыру керек. Көптеген тарихи мәліметтер есеп түрінде болып келеді. Тарихи есептер: қызықты тарихи есептер, ежелгі классикалық тамаша бес есеп; шешімі жоқ салу есептері, «жеңілмейтін, берілмейтін», «жауыз есептер», «математиканың көркі», «ұлы», «биік шын», «даңқты» және қазақтың байырғы есептері, қазақтың қара есептері; әсемгерлік есептер т.б. деп аталып жүр. [1]

Тарихи материалды сабақта қолдануда оқушылардың өздерін де қатыстыруға болады. Математикаға аса қызықпайтын оқушылардың өздері тарихи тақырыпқа хабарлама дайындауды ұнататынын тәжірибе көрсетті. Оқушыларды өздік жұмыс істеуге үйрету үшін хабарлама материалдарын біртіндеп күрделендіріп отыру қажет. Ең басында оқушыға дайын хабарлама материалы беріледі, кейін оқушыға хабарламаның тақырыбы мен әдебиеттер тізімін ғана беру керек, сонда оқушы хабарламаны өзі дайындап, сынып алдында оны қорғайды. Осылайша оқушылар біртіндеп анықтама және оқу әдебиеттерімен өздігінен жұмыс істеуді үйренеді.

Қорыта айтқанда, тарихи материалдарды қолдану оқушылардың математикаға қызығушылығын оятып, математиканы тереңірек түсінуге оң әсерін тигізеді, оқушылардың ойлауын дамытып, ақыл-ойын кеңітіп, олардың жалпы мәдениетін көтеруге зор үлес қосады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Программа по математике для V-VI средней общеобразовательной школы
2. Гнеденко Б.В. Очерки по истории математики в России М., 1946.
3. Нурсултанов К. Очерк истории математических знаний в Казахстане и вопросы использования ее материалов в педагогическом процессе. Диссертация на соискание уч.ст. канд. пед. наук. Алматы, 1975 – 189 стр.

ЕҢБЕК - ТАБЫС КІЛТІ ЖӘНЕ ӨМІРЛІК ҚҰНДЫЛЫҚ

Шурабаева Болған Қабдолқызы

*Олимпиадалық резервтегі облыстық мамандандырылған
мектеп- интернат колледжінің тәрбиешісі*

Еңбек – әр адамның өміріндегі маңызды құндылықтардың бірі. Әрбір жетістік, табыс, жеңіс адам еңбегінің нәтижесі болып табылады. Олимпиадалық резервтегі облыстық мамандандырылған мектеп интернат-колледжінің оқушылары, болашақ спортшылар ретінде, еңбектің қадірін өте жақсы біледі. Өйткені, әрбір жаттығу, әрбір жаңа қимыл, жетілдірілген шеберлік – үлкен еңбектің жемісі.

Еңбек тек физикалық күш жұмсау ғана емес, ол – табандылық пен жігер, білім мен дағды, тәртіп пен жауапкершілік секілді маңызды қасиеттердің қалыптасу жолы. Жас спортшылар үшін еңбек – алға қойған мақсаттарға жетудің басты құралы. Тек үздіксіз еңбек еткенде ғана, өзіне сеніп, жаңа биіктерге жетуге мүмкіндік бар.

Тәрбиеші ретінде, мен оқушыларға еңбектің маңызын терең түсіндіруге тырысамын. Оларға еңбектің тек спортта ғана емес, өмірдің әр саласында үлкен рөл атқаратынын жеткізу маңызды. Әрбір оқушыға еңбекқорлық пен тәртіптің табысқа жетудегі маңызды факторы екенін түсіндіру – тәрбие жұмысымның негізі. Мысалы, спорттағы еңбектің нәтижесі – медаль мен марапат болса, күнделікті өмірдегі еңбек адамның өзін-өзі дамытумен, тұлға ретінде қалыптасуымен көрінеді.



Оқушылардың еңбек әрекеттері – тұлға дамуының маңызды құралы және психологиялық, әлеуметтік аспектілерді қамтитын күрделі процесс. Ғылыми тұрғыдан еңбек адамның когнитивтік және психомоторлық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Оқушылардың еңбекке қатысуы олардың әлеуметтік дағдыларын жетілдіріп, өмірлік құндылықтарды игеруіне септігін тигізеді.

Когнитивтік даму теорияларына (Ж. Пиаже, Дж. Брунер) сәйкес, еңбек әрекеттері оқушының ойлау процестеріне, оның ішінде проблема шешу, логикалық ойлау және креативтік қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Мысалы, суреттерде көрсетілгендей, орындықты жөндеу немесе үстелді тасу оқушыларды мәселені шешу жолдарын іздестіруге итермелейді, бұл олардың когнитивтік даму деңгейін арттырады.

Еңбек әрекеттері психомоторлық дағдыларды жетілдіруге көмектеседі. Жоғарыда келтірілген суреттерде оқушылардың қол еңбегімен айналысып жатқаны көрінеді. Осындай әрекеттердің нәтижесінде қол-қимыл координациясы, бұлшықет күші, дәлдік пен жылдамдық сияқты дағдылар дамиды. *Психомоторлық дағдылар* оқу үдерісіндегі маңызды компоненттердің бірі ретінде бағаланады, әсіресе спорттық мамандықтарды игеру барысында маңызы зор.

Еңбек оқушылардың әлеуметтік бейімделуіне де зор ықпал етеді. *Выготскийдің мәдени-тарихи теориясы* бойынша, жеке тұлғаның дамуы тек биологиялық факторларға ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени ортаға да тәуелді. Оқушылардың ортақ еңбегі олардың бір-бірімен қарым-қатынасын нығайтады, ұжымдастық сезімін қалыптастырады және мәдени-этикалық құндылықтарды игеруіне ықпал етеді. Бірлескен еңбек оларды ынтымақтастыққа, өзара көмек көрсетуге үйретеді, бұл әлеуметтік дағдылардың дамуына үлкен үлес қосады.

Ғылыми тұрғыдан қарағанда, еңбек әрекеттері тек физикалық дағдыларды дамытумен шектелмейді. Ол когнитивтік, психомоторлық және әлеуметтік қабілеттердің біртұтас дамуын қамтамасыз етеді. Оқушылардың еңбек әрекеттері арқылы тұлға ретінде қалыптасуы олардың болашақ өмірде әлеуметтік адаптациясы мен кәсіби жетістіктерге жетуіне негіз болады.

Болашақта оқушылар осы қағидаларды естерінде сақтап, өмір жолында еңбекқор, мақсатшыл, табанды болары сөзсіз. Еңбектің арқасында әрбір істің нәтижесі көрініп, адамға қуаныш пен мақтаныш сезімін сыйлайды. Еңбекке деген сүйіспеншілік адамды биік мақсаттарға жетелейтін ең үлкен күш екеніне сенімдімін.



ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРЫН НАСИХАТТАУ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Камзина Назерке Айбаровна

Атырау облысы, Махамбет ауданы


«Нұршуақ» бөбекжай – бақшасының музыка жетекшісі

Еліміздің дамуы мен әлемге танылуы үшін маңызды басты қағидамыз рухани құндылықтарды сақтау болып табылады. Олай болса, ұлтымыздың ұлттық құндылықтарын әлемге танытып, қазақ атын шарықтату үшін, біз ең алдымен өз ұрпағымызға ұлттық құндылықтарды насихаттауға тиіспіз. Ал рухани мәдениеттің бір бөлігі музыкалық өнер болып табылады.

Рухани мәдениеттің қайнар көзі – музыка. Музыканы жүрекке жеткізетін – музыкалық аспаптар. Қазіргі таңда саналуан музыкалық аспаптар қолданыста. Дегенмен біз бүгін балалардың ұлттық санасын, патриоттық сезімін оятатын, ұлттық құндылықтарды насихаттауға негіз боалтын қазақ халқының музыкалық аспаптарын назарға алып отырмыз. Қазақтың музыкалық аспаптары - ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан мәдени мұра. Қазақтың музыкалық аспаптарының өзіне тән үні (әуенділігі мен саздылығы), орындаушылық дәстүрі бар.



Қазақтың ұлттық аспаптары



Мектеп дейінгі ұйымдарға арналған Үлгілік бағдарламада балалардың жас ерекшелігіне сәйкес музыкалық білім беру мазмұны жүйелі сипатталған. Бағдарламада музыкалық аспаптармен таныстыру және аспаптарда ойнау бөлімі қарастырылған. Осы бөлімнің іс жүзінде нәтижелі қолданыс тауып, балалардың қызығушылығын оята білу педагогтің шеберлігіне байланысты. Музыкалық кәсіби шеберлігімізді балалармен жұмыс жүргізуде насихаттай білу біздің негізгі міндеттеріміздің бірі.

Мектепке дейінгі балалық шақ – баланы әсемдік әлеміне баулитын ең оңтайлы кезең. Сондықтан осы кезеңнен-ақ қазақ халқының музыкалық аспаптарын насихаттау арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға болады. Музыкалық даму жалпы дамуға теңдесі жоқ әсер етеді: эмоционалдық өрісі қалыптасады, ойлауы жетіледі, музыкалық қабілеті дамиды. Қазіргі замандағы ғылыми зерттеулер музыкалық мәдениетті қалыптастыруды мектепке дейінгі жастан бастау қажеттігін дәлелдеп отыр.

Олай болса, мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық мәдениетін қалыптастыруда қазақ ұлттық музыкалық аспаптарын қолдану маңыздылығын қарастырып көрелік.



Қазақтың музыкалық аспаптары үрмелі (саз, қос, қамыс және мүйіз сырнайлар, сыбызғы, адырна, ұран, керней), ішекті (жетіген, шертер, екі және үш ішекті домбыралар, қобыз), шалып ойнайтын (шаңқобыз), соқпалы (даңғыра, дауылпаз, шыңдауыл, дабыл, асатаяқтың бірнеше түрлері) болып бірнеше топқа бөлінеді.

Домбыра — қазақ халқының арасына өте ерте және кең тараған, ғасырлар сырын сақтаған қос ішекті, шертіп ойнайтын музыкалық аспаптың бірі. Өзіне тән ерекшелігі бар, ішекті-шертпелі аспаптар тобына жатады. Домбыра әр түрлі үлгіде тұтас ағаштан ойылып немесе құрап жасалады. Мойнына он тоғыздан жиырма екі санына дейін пернелер байланады. Арнайы құлақ күйге келтіріледі.

Домбыраның екі ішектісінен басқа да үш ішекті, қос жақты, кең шанақты, қуыс мойын, шіңкілдек деп аталатын түрлері де бар. Даусы майда, қоңыр, құлаққа жағымды.



Қылқобыз — ерте заманнан келе жатқан қазақ халқының екі ішекті ысқышпен ойналатын аспабының бірі. Өзіндік жасырын сыры мол, адамның еркіне көне қоймайтын, күрделі аспап. Ішегі жылқының қылынан жасалады. Қобыз аспабының екі ішектісімен бірге — үш, төрт ішектілері және «нар қобыз», «жез қобыз» деп аталатын түрлері де бар. Қобызды ағаштан шауып немесе құрап жасайды. Беті жартылай терімен қапталады. Ол дыбыстың жаңғырып шығуы үшін керек. Ерте заманда қобызды тек бақсы-балгерлер ғана ұстаған. Халық аңызында қобыздың пайда болуы Қорқыт ата есімімен тығыз байланысты екені де айтылады.

Шаңқобыз — бітімі бөлек, ойналуы ерекше қазақ халқының көне музыкалық аспабы. Үні құлаққа жағымды, адам даусына жақын. Аспапта ойнау ерін мен тістің арасындағы қуысқа тікелей байланысты. Ойнау кезінде орындаушы оң қолымен тілшенің ұшын шалып отырып, шапшаңдата дыбыстайды. Дыбысы тілшені қозғалысқа келтіргенде шығады, Аспапта жеке ән-күй орындап қана қоймай, басқа да көне музыка аспаптарымен бірге халық әуендерін сүйемелдеуге болады. Шаңқобыз аспабының құрылысы қарапайым, жұқа тақтайшадан жасалады.

Шертер — екі немесе үш ішекті, саусақпен шертіп ойнайтын аспап. Шертердің шанағы терімен қапталады, сондықтан дауысы қоңыр, әуезді, тембрі ерекше. Шертердің атауынан-ақ түсінікті, шертіп ойналады. Оны көбінесе мал бағатын бақташылар тартатын болған.

Жетіген — қазақ халқының өте ерте заманнан келе жатқан жеті ішекті шертпелі музыка аспабы. Аспап ағаштан құрастырылып жасалады. Құрылысы өте қарапайым. Жетіген аспабы талай жүздеген жылдар өтсе де, баяғы қарапайым күйінде. Жетілдірілген түрінде он үш ішек байланып, арнайы тиектер қойылған. Аспаптық үні өте нәзік, құлаққа жағымды.



artmusical.kz

Ел арасында аспаптың шығуы жайында көптеген аңыздар айтылады. Сол бір аңыздың бірінде: өткен заманда өмір сүрген бір қарияның жеті баласынан айырылған қасіретті қайғысынан туындаған деседі. Бізге «жетіген» деген атау осылай жеткен. Қазіргі кезде жетіген аспабы көптеген ансамбльде ойналып, кеңінен насихатталып келеді.



Дауылпаз — ұрып ойналатын көне музыкалық аспаптың бірі. Халық тұрмысында кеңінен қолданылған. Әсіресе, бұрынғы кезде, жаугершілікте дабыл қағып, белгі беру үшін пайдаланылған. Аспаптың жасалу құрылысы анағұрлым күрделі. Ол тұтас ағаштан ойылып жасалады. Бет шанағы терімен қапталады. Иыққа асып алу үшін қайыстан арнайы аспалы бау бекітіледі. Дауылпаз ағаш тоқпақпен ұру арқылы дыбысталады. Қазіргі кезде дауылпаз аспабы көптеген фольклорлық ансамбльдерде кеңінен қолданылып жүр.

Асатаяқ — сілкі арқылы үн шығаратын көне музыкалық аспап. Ұзындығы — 110-130 см. Тұтас ағаштан арнайы қалыпта жасалады. Басы күрек тектес. Бас жағына түрлі темір сақиналардан сылдырмақтар тағылып, өрнектермен әшекейленеді. Асатаяқ өзіндік үнімен ерекшеленеді. Аспапты ырғап, шайқап ойнайды.



Асатаяқ аспабын ертеде көбінесе бақыстар қолданған. Қазіргі кезде көне үлгілері қайта жасалып, ұрмалы музыкалық аспаптар тобына қосылды.

Қоңыраулы асатаяқ - асатаяққа қоңыраулар ілініп, сілкіп ойнайды.

Желбуаз — үрлемелі аспаптар тобына жататын, ерте заманнан келе жатқан, ел көзіне еленбеген көне музыкалық аспаптың бірі. Аспап иленген мал терісінен жасалады. Сырт көрінісі меске ұқсас. Аузын бекітіп тұратын тығыны, әуен шығаратын екі сырнай түтікшесі болады. Мойынға асып алып жүруге ыңғайлап, қайыстан арнайы бау тағылады. Ұстап жүруге өте жеңіл. «Желбуаз» аспабын белгілі композитор Н. Тілендиев «Отырар сазы» оркестрінде қолданды.

Қоңырау — қазақ халқының ертеден келе жатқан сылдырмақты музыкалық аспабының бірі. Бұл аспап дыбысы сыңғырлап шығатын металдардан әр түрлі көлемде жасалады. Сырт көрінісі шар тәріздес, іші қуыс, ортасында тілшесі болады. Аспаптың жеті музыкалық дыбыс қатары бар. Ертеде үй тұрмысында, малшылар арасында көп қолданылған. Далада бос жайылып жүрген малдың мойнына қоңырау таққан, өйткені қасқыр металдан шыққан дыбыстан қатты қорқады. Қоңырауды сол сияқты мектепте де қолданады. Бұл аспап арнайы кішкене балғашамен ұру арқылы дыбысталады.

Мектепке дейінгі жас - тұлғаны дамыту мен тәрбиелеудің маңызды сатысы. Бұл баланың айналасындағы қоршаған әлемді тануға баулитын кезең, оның бастапқы әлеуметтену кезеңі. Осы жас кезеңінде балалардың дербес ойлау белсендендіріледі, танымдық қызығушылығы мен байқампаздығы дамиды. Осыған орай мектеп жасына дейінгі балалардың көркемдік талғамдарын тәрбиелеу, олардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, олардың сұлулық сезімін ұғынуы, музыкалық мәдениетін тәрбиелеу өзекті болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық мәдениетін қалыптастыруда музыка жетекшісінің атқаратын ролі мен міндеті зор, ал оның педагогикалық ұжыммен және ата-аналармен ынтымақтаса жұмыс жүргізе білу қабілеті маңызды. Шығармашылық тақырыбымыз ашу үшін үш бағытта жұмыс жүргіздім: педагогтермен жұмыс, балалармен жұмыс, ата-анамен жұмыс.

Педагогтермен жұмыс бағытында мектепке дейінгі ұйымдарда қолданыс тапқан Үлгілік бағдарламаға шолу жасадық. Осыған орай музыка жетекшісі ретінде балабақшамыздың педагогикалық ұжымына «Балалардың музыкалық қабілетін айқындау және дамыту», «Музыкалық тәрбие берудегі музыка жетекшісінің мамандармен өзара байланысы» секілді кеңестер өткіздім. Педагогтерге «Дәстүрден тыс аспап дайындау жолдары» тақырыбында шебер-сынып өткізу және көрме ұйымдастыру жоспарланды. Ол



үшін тәрбиешілерге ата-анамен байланыс орнату маңызды. Осы топ тәрбиешілерінің ықпалымен ата-анамен жұмыс өз нәтижесін берді.

Ата-анамен жұмыс. Ата-аналарға да «Балаңыздың музыкалық қабілеті бар ма?» тақырыбында сауалнама жүргізіп, «Баланың шығармашылық қабілетін дамытудағы отбасының ролі» атты кеңес берілді. Сондай-ақ ата-аналармен бірлесе отырып, дәстүрден тыс музыкалық аспаптар дайындалады, нәтижесінде «Ғажайып аспаптар» көрмесі ұйымдастырылады.

Топ ата-аналары балаларымен бірлесе отырып өз қолдарымен музыкалық аспаптарды түрлі қалдық материалдардан дайындап, балалардың қызығушылығын оятуға, қажеттілігін қанағаттандыруға көмектесе алады. Бұл жұмыс ата-анаға да, балаларға да қызықты.

Балалармен жұмыс балабақша бағдарламасы аясында жүзеге асады. Музыка іс-әрекетіне көңіл бөлінеді, шығармашылық дағдыларды дамытуды көздейді.

Музыкалық білім беру мазмұнын ұсынудағы негізгі мақсаты балалардың танымдық, шығармашылық, музыкалық қабілеттерін қалыптастыру, эстетикалық талғамын дамыту болып табылады. Бағдарламада ән тыңдау, ән айту, би қимылдарына үйретумен қоса, музыкалық аспаптарда ойнау бөлімі қарастырылаған. Барлық жас ерекшелік топтарында музыка тыңдау музыкалық аспаптарды орындау арқылы жүзеге асады. Біздің көздегеніміз қазақ халқының музыкалық аспаптарын насихаттау, олай болса, бағдарламаға сүйене отырып, ұлттық аспапты қолдану барысын талдаймыз. Ересек топта (4-5 жаста) халықтық домбыра аспабының дауысын қабылдау міндеті қойылған. Демек осы топта Домбыра аспабымен таныстыру және оның дауысын тыңдату жүзеге асады. Балалардың Домбыра дауысын басқа аспаптардан ажырата білуіне көңіл бөлінеді. Осыған орай мен өз іс-тәжірибемде «Бұл қандай аспап?», «Ненің даусы?» т.б. музыкалық-дидактикалық ойындар қолданамын.

Одан әрі мектепалды дайындық топтарында (5-6 жаста) - қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру; ұлттық аспаптар - домбырада және қобызда орындалатын "күй" жанрымен таныстыру, күйші-композитор: күйші Құрманғазы, қобызшы Қорқыт шығармашылығымен таныстыру. Қазақ халқының музыкасын қабылдау –міндеттері қарастырылады. Сонымен қоса балалардың музыкалық аспаптарында ойнауға, оның ішінде қазақтың ұлттық ұрмалы аспаптарында ойнауға үйрету жүзеге асады.

Осы жүргізілген жұмыстардан *күтілетін нәтиже*:

- Қарапайым жанрларды ажыратады (күй, өлең, би, марш);
- Қазақтың ұлттық саз аспаптарын (домбыра, қобыз, асатаяқ, дауылпаз т.б.) дыбысынан ажырата алады.

- Балаларға арналған музыкалық аспаптарда жеке және бүкіл топпен ойнай біледі.

- Балаларға арналған аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын игерген.

Балаларға арналған музыкалық аспаптарда, қазақ ұлттық музыкалық аспаптарында: *тұяқ, асатаяқ, дауылпаз* және т.б. ойнау дағдыларына ие;

- Қазақ ұрмалы аспаптарда ойнаудың бастапқы дағдыларын игерген: *асатаяқ, тоқылдақ, қоңырауы бар жыланбас*; фортепианоның сүйемелдеуімен балаларға арналған музыкалық аспаптарда ансамбльде ойнайды. Ырғақ суретін бере отырып, үйлесімді, әннің бастамасын ойынмен сүйемелдеп ойнай алады.

Ұлттық құндылықтарымыз қазақ мәдениетінің негізгі қайнар көздері екені мәлім болды. Осыған орай мектепке дейінгі ұйымда балаларға ұлттық аспаптарды таныстыру арқылы ұлттық құндылықты қастерлеуге тәрбиелеу жолдарын қарастыруды жөн көрдім.

Қорыта келгенде, қазақ халқының музыкалық аспаптарын насихаттау арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мүмкіндігі зор. Қазақ ұлттық музыкалық аспаптары балалардың музыкаға деген ынта-ықыласын арттырып, олардың сезімталдығын, кішіпейілділігін, ұйымшылдығын, эстетикалық құштарлығын тәрбиелеуге қызмет етеді. Өсе келе балалардың бойындағы табиғи дарын, қабілет, талант мүмкіндіктерінің сөзсіз әсері



болады, өйткені бәрі де бала кездегі тәрбиеден басталады. «Бұлақ көрсең көзін аш» дегендей еліміздің болашақ патриот, ұлтжанды, дарынды ұл-қыздарын тәрбиелеу өз міндетім деп есептеймін.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары / З.С. Жәкішева – Алматы: «Алматыкітап баспасы», 2015. – 232 бет
2. Ербол М. Қазақ музыкасындағы фольклорлық-этнографиялық ансамбльдердің қалыптасуы мен дамуы («Хассак ансамблінің негізінде»): өнертану ғыл. магистрі...дис. қолжазбасы: 6M040400. – Алматы, 2018. – 80 б.
3. Щенникова В.Н. Роль пособий и музыкально-дидактических игр в развитии творческой активности детей. – В кн.: Художественное творчество в детском саду. М., 1994
4. Кочемасова Е.Е., Тютюнникова Т.Э., Откуда берется звук? // журнал «Музыкальная палитра», №5, 2006 г.
5. Кононова Н.Г. «Обучение игре на детских музыкальных инструментах в детском саду» М-2001



КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҚТАРЫНДА ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІ ДӘРІПТЕУ

Сатенова Алмагул Кудайбергенкызы
*Атырау қаласы ЖББ Алмалы орта мектебінің
 көркем еңбек пәні мұғалімі*

Жалпы білім беретін мектептерде көркем еңбек сабағында 8 сыныпта «Қазақтың ұлттық бас киімі», 9 сыныпта «Сәндік қолданбалы өнер» тарауы бойынша оқушыларымызға ұлттық қолөнер түрлері арқылы тылсым тарихымызды, ұлттық мұрамыз бен мәдениетімізді дәріптеп, сабақ барысында оқушыларымызды қолөнерге баули отырып, оларды өнерді түсінуге, заманауи қолданысын көрсетіп шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға, ұлттық өнерді сүйуге, қолөнерге қызығушылығын арттырып, ізденістерге жетелеуге мүмкіндік береді.

Қазақ тұмысында қолданылған бұйымдар көбіне қой жүнінен дайындалған десек қателеспейміз. Қой малынан алынатын табиғи шикізат жүннің, қолөнердегі орыны ерекше. Қазақ халқы мал шаруашылығымен соның ішінде қой өсірумен ежелден айналысқан. Ата-бабамыз өз дәулеттерін алдындағы малымен бағалаған.

«Мал өсірсең қой өсір, пайдасы оның көл көсір. Кисең киім ішшең ас, іздесең мұндай табылмас» - деген мақалдың өзі халқымыз қойдың етін, сүтін, жүнін, терісін де тұмыста қолданғанын көрсетеді. Қой жүнінің бес түрі болады. Жабағы жүн, күзем жүн, қозы жүн, шет пұшпақ жүн, өлі жүн. Қой жүні құнды шикізат болып есептеледі. Осыған орай Дүниежүзінде қой жүні көп өндіріледі. Жүн қой малының үстінен қырқылып алынатын түк. Қойды жылына екі рет қырқады. Күзде қырқылған жүн күзем жүн, көктемде қырқылған жүн жабағы жүн деп аталады. Аналарымыз бен әжелеріміз жабағы жүнді киімнің, көрпенің арасына салады, неше түрлі иіру ісіне, тоқу жұмысына қолданады. Түтілген жабағы жүннен шүйке жасалып, бау-шу есіледі, өрмек жіптері, ширатылады.



Ал күзем жүнінен, киіз басылады, текемет, сырмақ, қалпақ, киіз етік, пима сияқты киім-кешектер жасалады. Күзем жүн ируге келмейді. Күзем жүн жылы сумен тез бірігеді, сол үшін одан киіз жасайды.



Халқымыздың ұлттық ерекшелігінің бірі болып есептелінетін киіз үй негізінен осы күзем жүннен дайындалады. Аты затына сай киіз үйдің қыста суық өткізбейтін, жазда ыстық өткізбейтін ерекше қасиеті бар. Жүннің осындай ерекше қасиетін білген дана халқымыз өз баспанасын сол күзем жүннен дайындап шығарғаны сол кезеңнің өзінде ғылымды білгеніне куә. Қой жүні істе сапалы, жылуды жақсы ұстайды, және оңай өндіріледі.

Бүгінгі таңда ең танымал өнімдер - қой жүнінен жасалған көрпелер. Басқа талшықтармен салыстырғанда олардың бірқатар ерекшеліктері мен артықшылықтары бар. Пайдаланушының денесімен байланыста болған кезде олар пайдалы теріс зарядты шығарады, адамды теріс позитивтен босатады, бұл дененің бас ауруы, бас айналуы, депрессия, қалқанша безінің дұрыс жұмыс істемеуіне төзімділігін арттырады. Қой жүнінің емдік қасиеті де бар. Шипалық қасиеті адамның тәніне ғана емес, жанына да әсер етеді. Жүн талшығының үйкелісі кезінде пайда болған электрстатикалық өрістің денсаулыққа, көңіл күйге жағымды әсері бар. Сонымен қоса қой жүні ылғалды сіңіреді, бойды термен бірге бөлініп шыққан улы заттардан арылтады, денені таза, құрғақ әрі жылы етеді. Барлық қасиеттерінің ішінде ең жақсысы — температураны бірқалыпты сақтау қасиеті. Жүннен иірілген жіп өсімдіктен алынған жіптен гөрі ерекше жылы әрі ылғалды өте баяу сіңіреді. та Қойдың жүнінде ланолин деп аталатын жануар балауызы болады. Оны жүнді жуған судан алады. Ланолиннің аллергияға, ісінуге және қабынуға қарсы әсері бар. Сонымен қатар жараның тез жазылуына, жасушалардың, қандай да бір дене мүшесі сынғанда буын қозғалысының қалыпқа келуіне көмектесетінін айта кеткен жөн. Ланолиннен тері күтіміне қажетті косметикалық жақпа майлар және дәрілік препараттар дайындалады. Ол — бағалы өнім, Ланолин 35-37 градус температурада ериді, әрі теріге тез сіңеді. Бұлшық етке, тамырларға, омыртқаға, тыныс алу жүйесіне оң әсер етіп, қан айналысын жақсартады. Осының арқасында адам буындардың сырқырауынан, шаршаудан арылады. Қойдың терісі мен жүнінен жасалған түрлі заттар күйзелістен құтқарып, қан қысымын қалыпқа келтіреді және созылмалы аурулардың алдын алады. Омыртқа мен буын ауруларын емдеуде де рөлі зор. Қой терісімен жүнінің пайдалы қасиеттері Гиппократ заманында белгілі бола бастаған еді.

Жүнді өңдеу тәсілдері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, әже аналарымыздың сол жұмыстарды іске асыра отырып, қыз бала тәрбиесіне мән бергенін түсінуге болады. Себебі бұл жұмыстарды жүзгеге асыру барысында ауылдың келін кепшігімен қатар қыз балалары да жаппай жұмысқа

тартылған. Еңбекке баулу арқылы қазақ қыздарының шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, елгезек болып үлкенге қызмет көрсетуге, бірлікке, шеберлікке тәрбиелеген.



Киіз басу тез арада шапшаң атқарылатын жұмыс емес. Осы орайда жұмыс барысында ұлттық педагогиканың керемет үлгілері көрініс тапқан. Жүн сабау, киіз басу, текемет басу, сырмақ сыру жұмыстарында жастар бас қосып, ойын-сауықпен үме жасау арқылы өткізген. Алдындағы мал өнімдерін еш шығынсыз қолданысқа енгізген аналарымыз киім кешекті жүннен дайындаған. Жүннен жасалған киім кесең еркін демаласың. Көрпе жастық ұйқының тыныштығына әсер етіп сергек оянуға әсері бар, ал қой жүнінен жасалған шарф мойын острехондрозына таптырмас дүние екен.

Қазақтың ұлттық қолөнері ұрпаққа мұра болып қалатын баға жетпес байлығымыз. бүгінгі таңда технология дәуірі болса да табиғи өнім тасада қалмады, оның орынын жасанды заттар алмастырып жатырса да қой жүнінен дайындалатын көрпе-жастық пен ұлттық үлгідегі киімдерге, бұйымдарға сұраныс бар. Қой жүнін қолдану заман өзгерген сайын қолданыстың жаңа формасына еніп қолдану аясы да кеңейіп даму үстінде. Киіз басудың дымқыл және құрғақ басу әдістері арқыл тұрмысқа қажетті сәндік бұйымдармен қоса, сәнді киім кешек түрлерін де дайындауға болады. Жүннен жасалған бұйымдар бүгінгі күні интерьерде орын алатын сән элементтерінің бірі болды.





Бұл құрғақ кескіндеме әдісі деп аталады. Бұл әдіспен сабақ барысында поно дайындауға болады. Дымқыл әдіспен киім дайындауға болады. Мысалы: Тақияны киіз басу әдісімен дайындаймыз. Тақия ұлттық бас киім. Оны қой жүнінен дайындау бүгінгі күні сәнге айналууда. Казір жүнді арнайы технологиямен өңдейді. Дайын жүнді арнайы қалып үстіне ретгілікпен салып, қалыңдатады. Үстіне су себелеп отырып, сабын қосады. Екі қолмен уқалап сипалай отырып жүнді бір бірне барғызады жүн піскен уақытта бұйым дайын болады. Сыртын ұлттық үлгідегі өрнекпен сәндеуге болады. осындай бұйымдар жасау арқылы Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнерін дамыта береміз. Сабақ барысында оқушыларымызға өнерді үйрету арқылы ұлттық өнерімізді әлемге танытамыз.





EMBRACING INNOVATION IN FOREIGN LANGUAGE TEACHING

Shagirowa Zhanargul Anuarbekovna

Atyrau Region, Inder District

A teacher of English

at the secondary school named after Sh. Ualikhanov

As an English teacher, staying up to date with new teaching methods and technologies is vital in engaging students and improving their learning outcomes. In recent years, technology has dramatically changed the way foreign languages are taught, offering innovative tools that enhance both teaching and learning experiences. In this article, I will discuss some of the most effective and emerging technologies that are reshaping the field of foreign language education.

1. Interactive Learning Platforms

One of the most popular advancements in language teaching is the rise of interactive platforms like Duolingo, Babbel, and Rosetta Stone. These platforms allow learners to engage with the language in a more personalized and interactive way. By integrating gamification techniques, they make language learning fun, allowing students to progress through levels, earn badges, and complete challenges. Teachers can use these platforms in the classroom or as supplementary tools for homework and self-study. The immediate feedback provided by these platforms helps learners correct mistakes in real-time, reinforcing correct usage and pronunciation.

2. Virtual Reality (VR) and Augmented Reality (AR)

Virtual Reality (VR) and Augmented Reality (AR) are rapidly gaining attention as transformative tools in language education. With VR, students can be virtually immersed in a foreign country, enabling them to practice language skills in real-life contexts without leaving the classroom. Imagine a student virtually walking through a Parisian market, buying items, and interacting with local vendors—all in French. This immersive experience improves language retention and increases cultural awareness. Augmented Reality (AR) can bring textbooks to life. When students scan certain images or pages with an AR-enabled device, they can access additional content like 3D models, videos, or language games, making learning more dynamic and visually appealing.

Benefits:

- **Immersive Learning:** VR creates realistic environments that simulate real-life scenarios, providing an authentic language experience.
- **Contextual Learning:** Students learn in context, which is more engaging and memorable than traditional methods.
- **Interactive and Engaging:** AR adds interactive elements to the real world, making learning fun and motivating.

Impact on Students:

- **Boosts speaking confidence:** VR environments allow students to practice conversations in realistic, low-pressure settings.
- **Cultural immersion:** By experiencing virtual environments from different countries, students develop not only language skills but also cultural awareness.



- **Appeals to different learners:** Visual, auditory, and kinesthetic learners can all benefit from VR/AR's multi-sensory experiences.

3. Language Learning Apps

Mobile applications for language learning have become incredibly versatile and accessible. Apps like Memrise, Quizlet, and Anki use spaced repetition systems to help students memorize vocabulary more effectively. These apps allow users to create customized flashcards, set learning goals, and track progress over time.

Many apps also incorporate artificial intelligence (AI) to personalize lessons based on individual student needs, offering tailored suggestions and corrections. For example, AI-driven speech recognition technology can help students improve their pronunciation by providing real-time feedback on how closely their speech matches native pronunciation.

Benefits:

- **Convenience:** Students can practice anytime, anywhere, without needing to be in a formal classroom setting.
- **Gamification:** Engaging, game-like features (points, streaks, levels) keep learners motivated.
- **Adaptability:** The apps often adjust to the learner's level, offering practice that's neither too easy nor too difficult.

Impact on Students:

- **Fosters regular practice:** Short, interactive sessions encourage students to practice daily, which improves retention.
- **Supports busy learners:** Students with busy schedules can fit in practice sessions whenever they have free time, boosting consistency.
- **Self-paced learning:** Apps allow learners to progress at their own speed, ensuring that they don't feel overwhelmed or left behind.

4. Video Conferencing Tools and Online Collaboration

With the rise of remote learning, video conferencing tools like Zoom, Microsoft Teams, and Google Meet have become essential in language teaching. These platforms allow students to practice speaking, listening, and interacting in the target language with native speakers from around the world. Through virtual language exchange programs, students can connect with peers in other countries, offering authentic language practice. Teachers can also invite guest speakers from different cultural backgrounds, creating a more globalized classroom experience.

In addition to video conferencing, collaborative tools like Google Docs and Padlet allow students to work together on projects in real-time. For example, students can co-create stories or dialogues in the target language, providing opportunities to practice writing and editing.

5. Artificial Intelligence (AI) and Machine Learning

AI and machine learning have revolutionized language learning by offering more personalized and adaptive learning experiences. One prominent example is AI-powered chatbots, which simulate conversations with students, providing language practice in a low-pressure environment. These chatbots can engage learners in conversations, ask and answer questions, and even correct grammar mistakes. **Example:** AI-powered tools like **Elsa Speak** provide feedback on pronunciation. Using voice recognition technology, the app compares the learner's speech to that of native speakers and suggests improvements.

Machine learning algorithms can analyze the progress of each student and offer suggestions based on individual strengths and weaknesses. This adaptive learning approach ensures that students get the

support they need to overcome challenges in specific areas, whether it's vocabulary, grammar, or pronunciation.

Benefits:

- **Immediate Feedback:** Students receive real-time corrections and suggestions, allowing them to learn from their mistakes right away.
- **Personalization:** AI tools adapt to the student's specific areas of weakness, helping them focus on the skills they need most.
- **Improved Writing and Pronunciation:** Tools like Grammarly and Elsa Speak offer targeted feedback, improving writing accuracy and speaking clarity.

Impact on Students:

- **Enhances self-correction skills:** Students can learn independently by understanding their mistakes and correcting them immediately.
- **Improves confidence:** Personalized feedback boosts students' confidence in speaking and writing, knowing they are making tangible progress.
- **Focuses on individual needs:** Adaptive technologies meet each student where they are, providing customized learning experiences.

6. Digital Storytelling and Multimedia Integration

Digital storytelling is another powerful tool for teaching foreign languages. With the help of multimedia, students can create their own stories, incorporating text, images, video, and audio. This method not only engages students in creative expression but also helps them practice language skills in meaningful contexts.

Teachers can use tools like Storybird, Adobe Spark, or Canva to help students craft visually appealing stories, presentations, or infographics in the target language. These projects encourage students to use the language authentically and are particularly useful for improving both writing and speaking skills.

7. Gamification in Language Learning

Gamification involves incorporating game-like elements, such as points, badges, and leaderboards, into the learning process. Many language learning apps and online platforms now incorporate gamification to motivate students and keep them engaged.

For instance, Kahoot! and Quizizz allow teachers to create language quizzes that students can compete in real-time, making learning feel more like a game than a task. This competitive yet fun environment can encourage participation and reinforce language skills through repeated exposure to new words and concepts.

Benefits of Gamification:

- Encourages friendly competition among students.
- Keeps learners engaged and motivated.
- Allows for immediate feedback and correction.



Example: In an English language class, teachers can create a game where students form sentences using new vocabulary. Each correct sentence earns points, and students can see their ranking on a leaderboard. This playful competition can increase enthusiasm for language learning.

8. Learning Management Systems (LMS)

Learning Management Systems (LMS) like Moodle, Canvas, and Blackboard have become integral to modern language classrooms. These platforms enable teachers to manage all aspects of a course—assignments, quizzes, grades, and communications—in one place. Teachers can upload multimedia content, create discussion forums, and monitor student progress.

With LMS tools, teachers can provide a blended learning experience that combines traditional in-person instruction with online activities. This hybrid approach allows for more flexible and individualized learning opportunities.

9. Speech Recognition Software

Speech recognition software is another valuable technology that is advancing language education. This technology allows students to practice speaking and pronunciation in the target language with real-time feedback. Tools like Google Speech-to-Text and VoiceThread help learners improve their speaking skills by evaluating their pronunciation accuracy and fluency.

The immediate feedback provided by these tools enables students to make corrections on the spot, reinforcing correct pronunciation and helping them become more confident in their speaking abilities.

10. Flipped Classroom Approach The flipped classroom model has gained popularity in language teaching thanks to the accessibility of online resources. In a flipped classroom, students engage with video lessons, reading materials, or interactive exercises outside of class time, allowing them to learn at their own pace. Class time is then dedicated to practicing the language through discussions, role-playing, and interactive activities.

This approach encourages active learning and provides more time for communication and interaction during class sessions, helping students develop their speaking and listening skills more effectively.

Benefits:

- **Maximizes Class Time:** Instead of spending class time on lectures, students engage in speaking and interactive tasks during the lesson.
- **Self-Paced Learning:** Students can review materials as many times as they need outside of class.
- **Improves Understanding:** By coming to class prepared, students can spend more time practicing and applying what they've learned.

Impact on Students:

- **Empowers independent learning:** Students take more responsibility for their learning, preparing them to become autonomous language learners.
- **Better classroom interactions:** Because students are prepared with the foundational knowledge,

Conclusion

The use of new technologies in foreign language teaching is revolutionizing the way students learn, making the process more engaging, accessible, and personalized. Each method, from blended learning to virtual reality, provides unique benefits that cater to the diverse needs of learners. These tools not

only enhance the effectiveness of language acquisition but also motivate students to practice, explore, and take ownership of their learning journey.

As educators, embracing these innovations is essential to preparing students for the challenges and opportunities of a globalized world. By integrating modern technologies into language instruction, we create dynamic, interactive environments where students can thrive, develop confidence, and achieve fluency. The future of language learning is bright, and by leveraging these tools, we ensure that every student can reach their full potential.

ШАЛҚАР КӨЛІ МАҢЫНЫҢ БИОАЛУАНТҮРЛІЛІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Мақсат Бекзада Ғайсақызы

Атырау облысы, Индер ауданы

*Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебінің биология
пәні мұғалімі, жаратылыстану ғылымдарының магистрі*

Шалқар көлі – Батыс Қазақстан облысының Теректі ауданында орналасқан ең үлкен көл. Теңіз деңгейінен 16,7 м биіктікте орналасқан Шалқар көлінің ауданы 205,8 км², ұзындығы 18,4 км, ал енді жері 14,7 км. Орташа тереңдігі шамамен 5 м-ге дейін жетеді. Көл шарасы эллипс тәрізді. Жағалауы құлама жар (биікт. 2-5 м.). Шалқар бетегелі-бозды, жусанды өсімдік басым өскен алабы – мал жайылымына ыңғайлы, қар, жаңбыр және жерасты суымен толығады. Шалқарға шығысынан Шолақанқаты, Есенанқаты өзендері құяды. Оңтүстік батысынан Ащыөзен ағып өтеді. Шалқар көлі – Батыс Қазақстан облысындағы ең көне, терең және бай ихтиофаунасы бар ерекше, экологиялық, ғылыми, мәдени, рекреациялық және эстетикалық құндылыққа ие ірі су айдыны болып табылады [1].

Қазіргі кезде шалқар көлінің ихтиофаунасының биологиялық әртүрлілігін сақтауға бағытталған зерттеулер өзекті бола түсуде. Осыған байланысты, бір жағынан олардың популяцияларына жағымсыз антропогендік әсерді азайтуға және екінші жағынан көлдің су биологиялық ресурстарын ұтымды пайдалануға бағытталған тиімді шараларды әзірлеу арқылы балықтардың биологиялық әртүрлілігін сақтау мәселесі өткір болып отыр [2, 30-б.].

Батыс өңірінің маржаны іспетті Шалқарды жергілікті тұрғындар «Кіші теңіз» деп те атайды. Қазаққа белгілі жазушы, Қазақ ССР-нің Мемлекеттік лауреаты, Шалқарда дүниеге келген Хамза Есенжанов өзінің Ақжайық трилогиясында Шалқарды былайша сипаттайды: «Шалқар үлкен көл, оның ұзындығы - 20 верст, ал ені - 15 верст болады. Көлге борлы ақ тұмсығын төндіре шөккен арғы беттегі Сынтас тауы алыстан бұлдырайды, шетіне көз жеткізсіз судың алыс кенересі көк жиекпен қосылып доға сызық тартқан. Айналасы атпен айналсаң, қос күндік Шалқар көлі бейне бір ожаудай, алыстан аққан бұраң бойлы көп түбекті, Арқа беті қызыл жарлы Аңқаты өзені ө ожау көлдің сабы сияқты» деп жазатын, көк толқыны көкке астасып, теңіздей шалқыған Шалқардың жаратылысы ерекше. Көрген адамның «арғы жағасына көз жетпейтін алып көл жап-жазық далада қалай пайда болған?» деп танданатыны шүбәсіз. Ертеректен араб, Еуропа ғалымдары көп зерттеген деректер баршылық. X ғасырдың өзінде айналасында қалалар болған деседі, бірақ ол кезде Шалқардың жағасы қай жерде болғаны белгісіз еді. Себебі соңғы 5-6 жылдың өзінде көл жағадан 100 метрдей тартылып кетті. Көлдің қазіргі көрінісі дөңгелек жұмыртқа іспетті, солтүстігінен оңтүстікке қарай созылып жатыр. Желді күндері судың бетін ақ бұйра толқындар жапқан кезде, оның шуылы нағыз теңізді еске түсіргендей елестейді [3].

Шалқар көлінің айналасындағы бірқатар тыңайған жерлеріндегі тұздың құрамында калий мен бордың маңызы өте жоғары. Бірегей тыңайған жердегі бордың маңызы ерекше, сондықтан әлемдегі бұндай кен орындары саусақпен санарлық.

Қазіргі кезде Шалқар көлі үшін де өзекті, себебі соңғы жиырма жыл ішінде Шалқар көлі ихтиофаунасының құрамында сандық және сапалық өзгерістер орын алуда. Негізгі себептері болып балық шаруашылығын тиімсіз ұйымдастыру және оған келіп құятын өзендердің су



деңгейінің төмендеуі саналады. Шалқар көліне құятын Шолақанқаты және Есенанқаты өзендері және одан ағып шығатын Солянка өзені, тіпті облыстың басты су артериясы - Жайық өзенінің орташа жылдық ағынының күрт төмендеуі байқалып отыр. Кез-келген су айдынындағы табиғи тағамдық негіз - бұл күрделі тепе-теңдік жүйесі, оған барлық трофикалық деңгейдегі, бір-бірімен тығыз байланысты организмдер кіреді [4, 25-б.].

Көлдің суы тайыздап, температурасы артып, жаз айларының кейбір кезеңдерінде ерекше борситыны жергілікті тұрғындарға байқалып жүр. Бұл мәселені асқазан-ішек жұмысының бұзылуына қатысты қолданылатын микрозимдер кешені арқылы шешуге болады деген бастамалар да көтеріліп жүр. Микрозимдер кешенін сатып алып, көл суына араластырмақ. Сонда бес жылдан кейін су толықтай тазарады-мыс деген қауәсетте жетерлік. Бұл мүлде олай емес. Экологиялық мәселені экологиялық тұрғыдан ғана шешу керек. Әрине, микрозимдер кешені дамыған Еуропа елдерде қолданылады. Алайда оны қалалардың қалдық суын тазарту мақсатында пайдаланады. Әуел баста Жайықтың суын Шалқарға апарамыз деп канал салудың өзі өрескел қателік дер едім. Себебі табиғатта кез келген өзен-көлдің өзінің табиғи бастауы, көзі болады. Көл суының азаюы оның табиғи көздерінің сарқылуымен тікелей байланысты болып келеді. Ал суы сарқылған табиғи арналарды қалайша қалпына келтіруге болады? Мәселеге осы тұрғыдан келу керек. Яғни Шалқарға құятын Аңқаты өзендерінің көзін ашу қажет. Ал жасанды жолмен қосылған су тұзды судың бетімен қалқып жайылады да, ұзақ уақытқа дейін араласпай тұрып алады.

Табиғатта бәрі бір-бірімен байланысты. Ал қазіргі кезде Шалқар суының тайыздауынан оның тұздылығы күннен күнге артып келеді. Бұл балықтардың қырылуына әкеліп соқтырады. Судағы тұздың мөлшері қалыпты жағдайдан артып кеткенде балықтың тіршілік ете алмайтыны бәрімізге белгілі. Оның үстіне өзге өсімдіктер табиғатқа оттегі бөлетін болса, судың тасымауынан (борсуынан) пайда болған көкжасыл түсті өсімдіктер оттегімен дем алады. Сөйтіп олар паразиттер секілді, судағы оттегі қорын азайтады. Яғни облысымыздағы өзен-көлдердегі балықтардың қырылуының түпкі себебі – судың тасымауынан. Аңқатының салалары Шалқарға тасып келіп құймайынша, ондағы балықтардың өлуі жалғаса беретіні шүбәсіз, яғни Шалқардың экологиялық ахуалы жақсармайды.

Биоалуантүрлілік – түрдің даралары таралған белгілі бір аймақты қамтитын және биотикалық қауымдастықтың бір бөлігі. Олардың арасындағы байланысты экологиялық алуантүрлілікке жатқызуға болады. Бұл түрге жататын популяциялар басқа түрлердің топтарымен араласады, нәтижесінде биотикалық қауымдастықты құрайды. Өз кезегінде биотикалық қауымдастық физикалық ортамен қарым-қатынаста болады.

Шалқар көлінің ихтиофаунасы. Қазіргі уақытта Шалқар көлінде кездесетін балықтар: шортан, сазан, мөңке, оңғақ, табан балық, ақмарқа, алабұға, көксерке, қызылқанат, ал тікен балық, үкішабақ, дөңгелек бұзаубас балық, таутан, көкше табанның бар жоғы қазіргі кезде белгісіз. Торта – каспий вобласының туысы мүлдем жоқ болуы мүмкін. 1975-1990 жылдары Шалқар көлі су деңгейінің тез азаймауына тосқауыл болар Жайық-Шалқар каналы іске қосылып, тоқтатылған болатын. Содан кейін Шалқар көлі тұйық (тупиковый) көлге айналып, Жайық өзенімен байланысы үзілді. 1-суреттен көріп отырғанымыздай, бірқатар құрғақ жылдар ихтиофаунаға кері әсерін тигізіп, қарапайым түрлердің саны айтарлықтай азайды. Далалық зерттеу кезінде түсірілген Шалқар көлінің жыртқыш балықтары 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1 – Шалқар көлінің балықтары

Шалқар көлінің шөптесін қорының басты түрі- жайымалық шалғындар. Жайылмалық шалғындарда көбіне миямен араласа бидайық, сұлыбас өседі. Шалқар көлі маңындар кездесетін өсімдік түрлері (2- сурет).



Сурет 2 – Ақселеулі дала *Stipa Lessingiana*

Құсұттіген өсімдігі *Ornithogalum Fisherianum*

Шалқар көлінің эпифаунасы. Ғылыми деректерге сүйенсек, Шалқар көлі маңында қосмекенділердің 3 түрі, бауырмен жорғалаушылардың 7 түрі кездеседі. 2023 жылғы біздің далалық зерттеулерімізде бауырмен жорғалаушылардың 5 түрін кездестірдік. Олар: түрлі түсті кесіртке (*Eremias arguta*), секіргіш кесіртке (*Lacerta agilis*), әшекейлі жылан (*Elaphe diene*), кәдімгі сарыбас жылан (*Natrix natrix*), дала сұр жыланы (*Vipera renardi*).

Шалқар көлі маңының бауырмен жорғалаушылардың мекен ету ортасы

1. Дала сұр жыланы, су сарыбас жылан, кәдімгі сарыбас жылан

Орналасқан жері: Қазақстан, Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы, Аралтөбе ауылынан батысқа қарай 50 км қашықтықта табылды.

Координаттар: N 50°21'34.1" E 53°19'19.1"

Уақыты: 04.05.2020

2. Әшекейлі жылан

Орналасқан жері: Қазақстан, Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы Бұлан ауылынан солтүстікке қарай 3 км қашықтықта табылды.

Координаттар: N 50°21'03.5" E 52°28'41.8"

Уақыты: 04.05.2020

3. Секіргіш кесіртке

Орналасқан жері: Қазақстан, Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы Жымпиты ауылынан солтүстік-батысқа қарай 64 км қашықтықта табылды.

Координаттар: N 50°30'44.4" E 51°47'24.0"

Уақыты: 04.05.2020

Шалқар көлі маңындар кездесетін бауырмен жорғалаушылар (3- сурет).



Сурет 3 – Секіргіш кесіртке, Әшекейлі жылан, Дала сұр жыланы

Шалқар көлінің орнитофаунасы. Батыс Қазақстан облысында құстардың 300-350-ге жуық түрі кездеседі, соның ішінде Шалқар көлі маңының орнитофаунасында құстардың 137 түрі мекендейді. Яғни, зерттеу аймағында БҚО авифаунасының 40% дейін тіркелген. Мұндай жоғары биоалуантүрлілік ландшафтың мозайкалық табиғатымен байланысты: Сантас және Сасай таулары, Шолақ және Есен Аңқаты өзендері, бұлақтар, Шалқар көлінің жағалаулары, далалы және жартылай шөлді аймақтар.


Қазақстанның «Қызыл Кітабына» тіркелген Шалқар көлі маңында мекендейтін құстарға сондай ақ дала қыраны, ақ құйрықты су бүркіт т.б. жатады (суреттер 4).

Сыбырлақ аққу - (*Cygnus olor*)- Шалқар көлі маңының таяз жағалаулары мен Есенаңқаты өзенінің ағыстарында кездеседі.

Аққұйрық суббүркіт - (*Tadorna tadorna*)- Шалқар көлінің шығыс жағалау бойындағы киіз үйлер салынған демалыс орындары аймағында ұшуы байқалды.

Дала қыраны - (*Anas platyrhynchos*)- Есенаңқаты өзені жағалауында мекендейді.

Шалқар көлі маңының орнитофаунасында мекендейтін құстар (4- сурет).



Сурет 4 – Сыбырлақ аққу (*Cygnus olor*), Аққұйрық суббүркіт (*Haliaeetus albicilla*), Дала қыраны (*Aquila nipalensis*)

Өркениеттің қазіргі даму кезеңінде экология күрделі кешенді пән болып отыр. Экологиялық білімнің тиімділігі жүйелілік тәсілге негізделіп, үздіксіз жүзеге асырылғанда ғана табысқа жетеді. Үздіксіз экологиялық білім беру жүйесін құрудың мақсаты – ғылыми



